

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Жастар» ғылыми зерттеу-орталығы

**«Жастарды рухани-адамгершіліктік
тәрбиелеу саласындағы қазақстандық
құндылықтарды зерттеу»**

**әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша
талдамалық есеп**

Астана, 2017

Жастарды рухани-адамгершіліктік тәрбиелеу саласындағы қазақстандық құндылықтарды зерттеу / О.В.Калдыбаева, Т.Б.Калиев, А.С.Кайдарова, Р.Р.Аюпова, З.Т.Алинова – Астана: «ЖАСТАР» ҒЗИ, 2017. - 127 б.

Бұл баяндамада қазақстандық жастардың құндылықтары мен құндылық бағдарларын анықтау бойынша жүргізілген эмпирикалық әлеуметтік зерттеу нәтижелері мазмұндалған. Зерттеуді «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тапсырысы бойынша жүргізді. Баяндамада қарастырылған негізгі тақырыптар - ел жастарының әлеуметтік ахуалы, отбасылық құндылықтар, қазақ жастарының төзімділік деңгейі, саяси және діни құндылықтар, салауатты өмір салты ұстанымдары және т.б.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2017

МАЗМҰНЫ

I бөлім. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы.....	6
1.1 Мәселелі жағдайдың түсініктемесі.....	6
1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері	6
1.3 Зерттеудің мәнісі.....	7
1.4 Негізгі ұғымдар интерпретациясы.....	7
1.5 Зерттеу гипотезасы.....	8
1.6 Зерттеудің әдістемелік бөлігі.....	9
II бөлім. Заманауи қазақстандық жастардың өмірге көзқарастары және маңызды өмірлік басымдықтары.....	13
2.1 "Бақыт" санаты заманауи жастардың өзін-өзі анықтау элементі ретінде	13
2.2 Заманауи жастардың құндылықтар градациясы	15
2.3 Заманауи жастардың өмірлік жоспарларындағы құндылық бағдарлар.....	16
2.4 Заманауи жастардың санасындағы "еңбек" санатының рөлі	17
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>18</i>
III бөлім. Заманауи қазақстандық жастардың түсінігіндегі отбасылық құндылықтар	21
3.1 Заманауи жастардың мінсіз отбасы туралы пікірлері	21
3.2 Заманауи жастардың отбасы ішіндегі қарым-қатынас туралы пікірлері	22
3.3 Некені тіркеу заманауи қазақстандық жастардың пікірі бойынша әлеуметтік қажеттілік ретінде.....	23
3.4 Заманауи қазақстандық жастардың түсінігіндегі некеге тұру себептері.....	24
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>25</i>
IV бөлім. Заманауи қазақстандық жастардың төзімділік деңгейі	28
4.1 Қазақстан жастарының өзге топ өкілдерімен көршілес өмір сүруге ниеттері	28
4.2 Заманауи жастардың ұлтаралық төзімділікке қатысты ұстанымдары.	29
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>34</i>
V бөлім. Заманауи қазақстандық жастардың саяси құндылықтары.....	36
5.1 Жастардың өз елін эмоциялық қабылдауы.....	36

5.1.1 Жастардың заманауи қазақстандық қоғамдағы әділдік туралы пікірлері.....	
5.1.2 Жастардың өз елі үшін мақтаныш сезімдері.....	38
5.1.3 Жастардың болашаққа көзқарастары.....	40
5.1.4 Жастардың қоғамдағы мемлекеттің рөлі туралы пікірлері.....	42
5.1.5 Жастардың Қазақстан үшін үлгі ететін ел туралы пікірлері	42
5.2 Заманауи қазақстандық жастардың саяси мінез-құлықтарының ерекшеліктері.....	44
5.2.1 Қазақстан жастарының мемлекеттік рәміздерді білуі.....	45
5.2.2 Жастардың сайлауға қатысу деңгейі.....	46
5.2.3 Қазақстан жастарының ел Президентінің бағдарламалық мақаласының мәтінімен және ол туралы ақпарат алу көздерімен таныстығы.....	47
5.2.4 Қазақстан жастарының жастар бағдарламаларына қатысуы.....	52
5.2.5 Жастардың БАҚ саяси көзқарасты қалыптастырудағы рөлі туралы пікірлері.....	54
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>56</i>
VI бөлім. Жастардың діни құндылықтары мен діни мінез-құлық ерекшеліктері	58
6.1. Қазақстан жастарының дінге көзқарастары.....	58
6.2 Заманауи Қазақстан жастарының діни мінез-құлықтарының ерекшеліктері.....	61
6.2.1 Ғибадат орындары мен қасиетті жерлерге бару тәжірибесі.....	62
6.2.2 Діни жоралардың орындалу қарқыны мен діни мерекелерге қатысты көзқарас.....	64
6.2.3 Қазақстан жастарының діннің рухани-адамгершілік тәрбиеге әсері туралы пікірлері.....	67
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>68</i>
VII бөлім. Жастардың салауатты өмір салтына және девиантты мінез-құлыққа қатысты көзқарастары.....	70
7.1 Жастардың дұрыс тамақтану тәртібін сақтауы.....	70
7.2 Жастардың спорттық секцияларға бару қарқыны.....	72
7.3 Жастардың темекі шегуге қатысты көзқарастары.....	73
7.4 Жастардың физикалық зорлық-зомбылықты кездестіруі.....	74
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>76</i>

VIII бөлім. Заманауи қазақстандық жастардың мәдени өмірінің ерекшеліктері.....	78
8.1 Заманауи жастар ақпарат алатын негізгі көздер.....	78
8.2 Қазақстандық жастардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға бару қарқыны.....	79
8.3 Жастардың көркем әдебиетті оқуға көзқарастары және музыкалық талғамдары.....	80
8.4 Ғаламтордың заманауи қазақстандық жастардың өмірлеріндегі рөлі..	83
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>86</i>
IX бөлім. Заманауи жастардың тәрбиесі.....	88
9.1 Жастардың бойында тәрбиеленуі тиіс қасиеттер.....	88
9.2 Жастардың өскелең буынның рухани-адамгершілік тәрбиесіне жауапты құрылымдар туралы пікірлері.....	89
<i>Бөлім бойынша қорытындылар, болжамдар және ұсыныстар</i>	<i>89</i>
Қорытынды.....	91
Қосымшалар.....	97

I БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1 Мәселелі жағдайдың түсініктемесі

Қазақстан халқының үштен бір бөлігіне жуығын құрайтын заманауи жастар туралы сөз қозғайтын болсақ, осы әлеуметтік топ өмірінің әр түрлі қырының ғылыми қызығушылық тудыратындығын атап айту керек, соның ішінде құндылық бағдары мен өмір салты да бар, өйткені қазіргі заман жастарының құндылықтарының уақыт өте келе, жақын болашақта негізгі басымдыққа айналуы ықтимал.

Заманауи қоғамның трансформациясы жағдайында бұрынғы құндылық жүйесі жаңашаланған, өзгерген әлеуметтік шынайылық талаптарына жауап бере алмайтындықтан қалыс қалып отыр. Осындай жағдайда халықтың бұқаралық сананасының ахуалы, әсіресе, жастардың жағдайы тұрақсыздықпен, құндылықтардың қайшылығымен сипатталады. Осының салдарынан құндылықтар мәселесіне қызығушылық артады, ал бұл қоғамдағы құндылықтар жүйесі атқаратын қызметтердің нормативтік-реттеуші сипатына негізделген.

Заманауи қазақстандық жастардың құндылыққа қатысты ұстанымдарының бағдарларын жастардың өмірлерінің күнделікті салаларында қалыптасқан құндылықтарды талдау арқылы анықтауға болады, мысалы: отбасы, саясат, ұлтаралық қарым-қатынастар, дін, денсаулық, бос уақыттың тиімді өткізілуі.

1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері

Бұл зерттеудің мақсаты заманауи Қазақстан жастарының құндылық бағдарларын талдау болып табылады. Көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін келесі зерттеушілік міндеттердің орындалуы тиіс:

1. қазіргі уақытта жастардың өз өмірлерін қабылдау ерекшеліктерін және оның негізгі басымдықтарын анықтау;
2. отбасылық құндылықтарды анықтау, жастар санасындағы мінсіз отбасы образын және некеге тұрудың негізгі себептерін қоса алғанда;
3. жастардың ұлтаралық төзімділік деңгейін ажырату, өзге топтарға қатысты әлеуметтік төзімділікті анықтау;
4. заманауи қазақстандық жастардың саяси құндылықтарын зерттеу, елде болып жатқан оқиғалардың эмоциялық бағасы мен саяси мінез-құлық ерекшеліктерін қоса алғанда;
5. жастардың діншілдік деңгейін, олардың мінез-құлықтарындағы діншілдіктің белгілерін анықтау;
6. жастардың салауатты өмір салтына қатысты ұстанымдарымен танысу, соның ішінде дұрыс тамақтану және спортпен айналысу да бар;
7. жастардың девианттық іс - әрекеттерге қатысты көзқарастарын зерттеу, атап айтқанда, темекі тартуға қатысты пікірлері мен жастардың физикалық зорлық-зомбылықпен кездесу жиіліктері;

8. заманауи қазақстандық жастардың мәдени өмірлерінің ерекшеліктерін анықтау, соның ішінде жастар үшін негізгі ақпарат көзі болып табылатын арналарды, жастардың мәдени бос уақытын өткізу орындарына қатысты таңдауларын, Ғаламторға қатысты көзқарастарын анықтау да бар;
9. респонденттердің жастар тәрбиесіне қатысты пікірлерін талдау, олардың бойларында тәрбиеленуі тиіс қасиеттер жиынтығы мен өскелең ұрпақтың тәрбиесі үшін жауапты құрылымдарды қоса алғанда.

1.3 Зерттеудің мәнісі

Зерттеу объектісі – 14 жасқа толған және 29 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары, әлеуметтік-жас шамасына қарай іріктелген, қоғамда өзінің жас шамасымен және мәртебесімен ерекшеленетін топ.

Зерттеу мәнісі – заманауи қазақстандық жастардың тыныс-тіршіліктерінің негізгі салаларына қатысты құндылық бағдарлары мен мінез-құлықтық ұстанымдарының сипаттары - отбасы, "өзге" топтарға қатысты төзімділік, саясат, дін, денсаулық және мәдени өмір.

1.4 Негізгі ұғымдар интерпретациясы

Жастар – он төрт жасқа толған және жиырма тоғыз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары. Жастар – бұл әлеуметтік-жас шамасына қарай іріктелген, қоғамда өзінің жас шамасымен және мәртебесімен ерекшеленетін топ: балалық шақ пен жастық шақтың әлеуметтік жауапкершілікке ауысу кезеңі. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам белгілі жеңілдік бере отырып, әлеуметтік қалыптасуларына мүмкіндік беретін, бірақ, әлеуметтің белгілі салаларына белсене ат салысу мүмкіндігін шектейтін жас тұлғалар топтамасы деп түсіндіреді.

Құндылық – бұл салыстырмалы түрде тұрақты, адамның материалдық және рухани игіліктерін қамтамасыз ете алатын, тұлғаның тыныс-тіршілігінің қажеттіліктерін, мақсаттары мен мүдделерін қанағаттандыратын құрал ретінде қарастырылатын идеалдар жиынтығына қатысты таңдаулы көзқарастар.

Құндылық ұстынамдары – адам санасында стратегиялық өмірлік маңызды мақсат және жалпы дүниетанымдық қағидат деп танылатын құндылықтар сипаты.

Отбасылық құндылықтар - отбасылық құндылықтарды таңдауға, отбасылық тіршілік пен өзара іс-әрекеттерді ұйымдастыруға ықпал ететін отбасы туралы көзқарастар сабақтастығы.

Төзімділік - адамның басқа қауымдастық өкілдерінің бейтаныс өмір салттарына, олардың мінез-құлықтарына, ұлттық дәстүрлеріне, салтына, сезімдеріне, пікірлері мен идеяларына, наным-сенімдеріне және т.б.

шыдамдылық таныта білу қабілеті. Дербес тұлғаның ұзақ уақыт бойы бөтен мәдениеттің бейімделу мүмкіндіктерінің кемсітілуінсіз үйреншікті емес (жағымсыз) әсеріне шыдауы, өзін-өзі ұстай білуі болып келеді.

Саяси құндылықтар – бұл тұлға игерген, бейімделген (жеке мүдденің, жағдайдың және т. б. әсерінен) әлеуметтік-топтық ұстаным, оны тұлға саяси және өзге де әлеуметтену үрдісі барысында игереді және олар нақты саяси ұстанымды қалыптастыратын немесе бағдарды айқындайтын, ал нәтижесінде саяси мәдениеттің ерекшелігін ажырататын өзіндік "сүзгі" ретінде қызмет етеді.

Дін – әлемді түсіну мен қабылдаудың ерекше түрі, ол тылысым күшке деген сенімге негізделген, моральдық нормалар мен мінез-құлық түрлерінің, әдет-ғұрыптардың, діни іс-әрекеттердің жиынтығынан және адамдардың бірлестік құруынан тұрады.

Девиянтты мінез-құлық - жеке тұлғаның жалпыға ортақ, неғұрлым кең таралған және қалыптасқан қоғамдық нормалардан өзгеше келетін мінез-құлқы.

1.5 Зерттеу гипотезасы

1. Тұтастай алғанда, қазіргі заманғы Қазақстанның жастары өз өмірлерінің сапасына қанағаттанады, бұл біріншіден, жас ерекшеліктеріне, екіншіден, жастарға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауға байланысты. Жастар үшін негізгі басымдық (жас ерекшелігі бойынша топтастырылған өзге қазақстандықтар үшін де) - отбасылық құндылықтар болып табылады.
2. Көбінесе қазіргі заманғы қазақстандық жастарға дәстүрлі отбасылық құндылықтар тән, некенің міндетті мемлекеттік тіркелуін, патриархат сипаттағы құндылықтардың басым болуын, некенің махаббатпен болуын қоса алғанда.
3. Тұтастай алғанда Қазақстан жастарының "басқа топтарға" қатысты төзімділігі жоғары. Қазіргі қазақстандық жастар ортасы ұлтаралық төзімділіктің жоғары деңгейімен сипатталады, алайда, некелік жұптың таңдауына келгенде эндогамды ұстанымдар басым, көбінесе ұлтаралық некенің орын алуына жол бермейді.
4. Қазақстан жастарының елдің саяси өміріне араласу деңгейі жоғары емес, бұл сипаттағы белсенділік көбінесе сайлауға қатысумен шектеледі. Жастардың басым көпшілігі жастар жобасы қызметтеріне араласпайды. Эмоциялық тұрғыдан алатын болсақ, жастардың басым көпшілігі елде болып жатқан өзгерістерге жақсы баға береді, мұның ішінара жастардың психологиялық ерекшеліктеріне және елде болып жатқан саяси оқиғалардан хабардар бола бермеуіне байланысты қалыптасуы мүмкін.
5. Жалпы ел жастарының діншілдік деңгейі жоғары емес, ең бастысы - орындалуы тиіс негізгі діни жораларды этникалық және отбасылық

дәстүрлердің бірі ретінде атқарумен шектеледі. Жастар санасындағы ықтимал басымдық - бұл зайырлы құндылықтар.

6. Салауатты өмір салтына қатысты көзқарастың жалпы алғанда позитивті болуына қарамастан қазіргі заманғы Қазақстан жастары дұрыс тамақтануға көңіл бөле бермейді, көбінесе "сәнді" фаст-фудты таңдайды. Ал спортпен айналысуға қатысты ұстаным неғұрлым тұрақты, мұны жастардың спорттық секцияларға баруынан және тұрақты түрде спортпен шұғылдануынан байқауға болады.
7. Жастардың девиантты іс-әрекеттерге көзқарастары жалпы алғанда теріс. Алайда, темекі шегуді көбінесе жастар әлеуметтік кемшілік деп санамайды, мәні бойынша қалыпты құбылыс деп санайды. Тиісінше, жастар арасындағы темекі тартуға қатысты көзқарас бейім. Жастардың басым көпшілігі өзіне немесе өзінің маңындағыларға қатысты физикалық зорлық-зомбылықты барынша сирек кездестірген.
8. Заманауи жастардың мәдени өмірлері көптеген жағдайда олардың тұрғылықты жерлеріне, жастардың білім деңгейі мен жасына байланысты. Мәдени демалыстың әмбебап түрі Ғаламтор болып табылады. Жастардың әлеуметтік желіге құмарлығының жоғары болуы (жастардың өздерінің пікірлері бойынша) олардың біліміне нұқсан келтіреді, сөйлеу барысында әлеуметтік желілерге тән "паразит-сөздерді" пайдалануына, "аз қимылды" өмір салтының қалыптасуына әсер етеді.
9. Жастардың ойынша қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ең алдымен отбасының жауап беруі тиіс, оның өскелең ұрпақтың бойында барлық қажетті қасиеттерді қалыптастыруы керек.

1.6 Зерттеудің әдістемелік бөлігі

Іріктелген жиынтық көлемі

Бұл зерттеуде респонденттерді іріктеу үшін біріншіден, іріктеудің ықтималдық дизайны пайдаланылды, ол кез-келген тұлға (14-29 жас аралығындағы) сабақтастық ауқымында талдау үшін тең мүмкіндікке ие болатындай қалыптастырылды. Екіншіден, страталанған көп сатылы іріктеу қолданылды, онда негізгі страта ретінде төменде көрсетілген сатылар алынды.

1-саты. Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша іріктеу – жасы 14-29 аралығындағы халық санына сүйене отырып іріктеу көлемі елдің 16 өңірі бойынша анықталды: Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық.

2-саты. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әр облыс бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі анықталды.

3-саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әр елді мекен бойынша кездейсоқ амалмен сапар бағытының бастапқы нүктесі мен респонденттер саны анықталды.

4-саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастапқы нүктеден басталатын сапар бағыты бойынша "сол қанат" ережесіне сай үй шаруашылықтары іріктелді.

5-саты. Респонденттерді квота бойынша іріктеу – әрбір жеке үй шаруашылықтары бойынша респонденттер екі белгі бойынша іріктелді: жынысы мен жасы (жыныстық-жастық квота бойынша). Респонденттің жасының 14 төмен және 29 жоғары болмауы керек, жыныс бойынша репрезентативтік өкілдік талабы сақталды (сауалнамаға қатысатын ерлер мен әйелдер саны әр облыс, қала және ауыл бойынша статистика жөніндегі Комитеттің деректері негізінде анықталды).

1-кесте.

Жоба бойынша іріктелген жиынтық, адам

	Барлық тұрғын			Қалалық тұрғындар			Ауылдық тұрғындар		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1006	994	1145	560	585	854	446	408
Ақмола облысы	79	41	38	36	18	18	43	23	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	20	18
Алматы облысы	211	108	103	49	25	24	162	84	78
Атырау облысы	68	35	33	31	15	16	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	71	36	35	35	17	18	36	19	17
Жамбыл облысы	122	62	60	48	24	24	74	38	36
Қарағанды облысы	149	75	74	117	58	59	32	17	15
Қостанай облысы	96	49	47	51	25	26	45	23	22
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	32	17	15	40	20	20
Оңтүстік Қазақстан облысы	340	173	167	150	75	75	190	99	91
Павлодар облысы	78	39	39	55	27	28	23	12	11
Солтүстік Қазақстан облысы	55	29	26	26	13	13	29	16	13
Шығыс Қазақстан облысы	144	73	71	91	45	46	53	29	24
Астана қаласы	101	48	53	101	48	53	-	-	-
Алматы қаласы	223	103	120	223	103	120	-	-	-

** ҚР ұлттық экономика Министрлігінің статистика жөніндегі Комитетінің 2016 жылғы мәліметтері бойынша.*

Қолданылған іріктеу репрезентативті болып табылады, демек, белгіленген параметрлер бойынша респонденттер құрамы негізгі сабақтастықтағы сәйкес пропорцияларға жуық (статистика жөніндегі Комитеттің 2016 жылғы мәліметтері бойынша). Іріктеу сабақтастығының орташа сипаттамасының негізгі сабақтастық сипаттамаларынан ауытқуы $\pm 3,5\%$ артық емес.

Алғашқы әлеуметтік ақпаратты жинаудың қолданылған әдістерінің сипаттамалары

Бастапқы ақпараттарды жинауда "face-to-face" әдісімен жүргізілген жалпылай сауалнама амалы пайдаланылды. Бұл әдіс Қазақстан жастары ортасында қалыптасқан жағдай бойынша неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелері туралы мәлімет алуға мүмкіндік берді. Жалпылама сауалнама жүргізу төңірегінде ақпарат жинау көбіне респонденттердің тұрғылықты жерлері (пәтерлік сауалнама), оқу/жұмыс орны/жұмыспен қамту орталығы (қажетті топты неғұрлым жылдам табу және сауалнамаға қатыстыру мақсатында) бойынша жүргізілді. Таңдап алынған әдіс ағымдық зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сай келеді.

Құралдар жиынтығы

Деректерді жинауда қолданылатын құрал-логикалық тұрғыда әзірленген сауалнама парағы, бұл-әлеуметтік зерттеу анкетасы, бастапқы ақпарат жинауға арналған құрал, тираждалған құжат, онда белгілі ережелер бойынша құрастырылған және өзара байланысты сұрақтар бар. Әлеуметтік анкета сипаты мен белгілері, оның көлемі мен құрылысы, сұрақтарды бір-бірімен сабақтастыру айшықтамасы бір-біріне тығыз байланысты, сонымен қатар зерттеу объектісінің ерекшеліктеріне сай (жалпылай сауалнама) осы құралдың пайдаланылуы орынды.

Әлеуметтік сауалнама үш бөліктен тұрды: 1) кіріспе – сәлемдесу, респондентке арналған зерттеу туралы ақпарат және т. б.; 2) негізгі – зерттеу мәселесі бойынша қойылатын сұрақтар; бұл бөлік зерттеу мәселесінің әр түрлі аспектілеріне арналған бірнеше қосымша бөлікке бөлінді; 3) әлеуметтік-демографиялық – респонденттің жасы, жынысы, білімі, табысы сияқты сұрақтар жиынтығы.

Әлеуметтік сауалнама екі тілде дайындалды: мемлекеттік және орыс тілдерінде, респонденттер таңдаулары бойынша толтырды.

Зерттеудің ашық алаңда жүргізілген кезеңі бойынша ақпарат жинауды арнайы дайындалған, әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша іріктелген интервьюерлер жүргізді. Интервьюерлер әр респондентпен сұхбат барысында сауалнамалардың толтырылуын қамтамасыз етті. Сауалнаманы барлығы 90 интервьюер 16 өңірлік супервайзердің басшылығымен жүргізді.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындылары бойынша "Жастар" ҒЗО қызметкерлері интервьюерлер жұмысына бақылау жүргізді (сауалнамалардың дұрыс толтырылуының 100% тексерісі және телефон арқылы 30% тексеру), сонымен қатар деректерді кодтау, енгізу және өңдеу жүзеге асырылды. Бақылау жүргізу үшін "Жастар" ҒЗО қызметкерлері зерттеудің далалық

кезеңінің барлық құжаттарын сақтап қойды және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша кез-келген уақытта оларды бере алады (сауалнама, сапар парақтары, топтамалар, корреляциялар).

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір және екі өлшемдік кестелер, корреляциялық талдаулар лицензияланған компьютерлік SPSS 21 бағдарламасының көмегімен дайындалды (бағдарламалық өнімді пайдалану құқығын растайтын келісім-шарттың көшірмесі бар).

Ақпаратты талдау әдістемесі

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістемесі:

- 1) деректердің бір өлшемдік талдауы;
- 2) деректердің екі өлшемдік талдауы;
- 3) корреляциялық талдау болды.

Зерттеуді ұйымдастыру (жұмыс жоспары)

Зерттеу жүргізу кезеңі: 2017 жылдың шілде-тамыз айлары.

II БӨЛІМ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРГЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ ӨМІРЛІК БАСЫМДЫҚТАРЫ

Мәселе.

Жастардық құндылық ұстанымдарын зерттеу барысында олардың өмір болмысын қабылдаулары, жастардың жеке және әлеуметтік басымдықтарды қалай реттестіретіндіктері аса маңызды. Құндылықтық ұстанымдар, әдетте, мәдени, ұлттық, өркениеттік ерекшеліктерге, қоршаған әлеуметтік ортаға негізделген сұраныстарға сай бағдарламаланған нәтиже болып табылады. Бұл бөлім төңірегінде жастардың ортақ көңіл-күйлерін, бақыт көрсеткіштері бойынша өздеріне беретін бағаларын, басты құндылық бағдарларын, өмірлік жоспарларын және еңбекке қатысты көзқарастарын анықтауға бағытталған негізгі төрт мәселе қарастырылады.

Нәтижелер.

2.1 "Бақыт" санаты заманауи жастардың өзін-өзі анықтау элементі ретінде

Сауалнаманың төмендегі сұрағының жауаптарында: *"Жалпы Сіз ... деп айта аласыз ба?"*, респонденттерге "Бақытты адаммын" нұсқасынан бастап "Бақытсыз адаммын" нұсқасы аралығында жауаптар ұсынылды. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі өздерін бақытты деп санайды, "Бақытты адаммын" және "Бақытты адам шығармын" нұсқасын 96,6% таңдады. Бұл көрсеткіш 2016 жылғы көрсеткішке қарағанда 1,1% өскен.

"Бақытсыз шығармын" нұсқасын таңдағандар 1,8% құрады. Өзін ашық түрде бақытсыз деп санайтындар қатары өте аз - жауаптың "Бақытсыз адаммын" нұсқасын таңдағандар 0,3% ғана (3-кесте).

3-кесте. "Жалпы Сіз ... деп айта аласыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, 2016 және 2017 жж. динамикасында)

	Жауап нұсқалары	2017 ж.	2016 ж.
1	Бақытты адаммын	66,5	61,5
2	Бақытты адам шығармын	30,1	33,9
3	Бақытсыз адам шығармын	1,8	1,2
4	Бақытсыз адаммын	0,3	0,3
5	Жауап бере алмаймын	1,2	3,0

Сауалнаманың нәтижелерін ұлттық жіктелімде қарастыратын болсақ, өзін бақытты деп санайтындардың арасында қазақтардың көптігін байқаймыз (жауаптың "Бақытты адаммын" нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың 69,6% таңдаған), содан соң - басқа ұлт өкілдері (62,8%) және орыстар (56,4%). Алайда, егер жауаптың "Бақытты адаммын" және "Бақытты шығармын" нұсқаларының көрсеткіштерін қосатын болсақ, жағдай біршама өзгереді: қазақтар – 97%, орыстар – 96,3%, басқа ұлттар – 94,6%.

Ұлттық жіктелім бойынша өзін ашық түрде қазақтардың 0,4% бақытсыз деп санайды, өзге ұлт өкілдері арасында мұндай көрсеткіш анықталмады. Ал жауаптың "Бақытсыз шығармын" және "Бақытсыз адаммын" нұсқаларының көрсеткіштері орыстар арасында – 1,4%, қазақтар арасында – 2,1%, басқа ұлттар арасында - 3,6% артқан.

Жас ерекшелігі бойынша корреляцияда алғашқы екі көрсеткіштің қосындысының ерекшеліктері аз, "Бақытты адаммын" және "Бақытты шығармын" нұсқаларына жасалған таңдау мынадай болды: 14-18 жас аралығында – 97,1%, 19-23 жас аралығында– 96,6%, 24-29 жас аралығында– 96,3%. Алайда, жас ұлғайған сайын осы екі нұсқа бойынша көрсеткіштер өзгереді, өздерін бақытты деп санайтын 73,5% сауалнама қатысушылары 14 - 18 жас аралығындағылар, ал 19-23 жас аралығындағыларда бұл көрсеткіш 67,7%, 24-29 жас аралығындағыларда 62,1% ғана.

Көрсеткіштерді өңірлік жіктелімде қарастыра отырып, жауаптың "Бақытты адаммын" және "Бақытты шығармын" нұсқаларын таңдаған респонденттердің әр өңір бойынша 90% астам екендігіне назар аудару керек. Белгілі және айтарлықтай айырмашылықтар өзін сөзсіз бақытты деп санайтындарға тән. Бұл тұрғыда Атырау облысы үздік, аутсайдер Батыс Қазақстан облысы болып отыр. 4-кестеде көрсетілгендей, үздік пен аутсайдер арасындағы айырмашылық айтарлықтай көрнекі.

4-кесте. "Жалпы Сіз ... деп айта аласыз ба?" сұрағына алынған жауаптар ("Бақытты адаммын" және "Бақытты адам шығармын" нұсқалары % өрнектелген, өңірлік жіктелімде)

	Өңір	Бақытты адаммын	Бақытты адам шығармын
1	Атырау облысы	92,6	5,9
2	Ақтөбе облысы	84,2	15,8
3	Қызылорда облысы	82,0	15,7
4	Оңтүстік Қазақстан облысы	79,4	20,3
5	Солтүстік Қазақстан облысы	79,2	20,8
6	Астана қаласы	74,5	22,5
7	Павлодар облысы	71,8	23,1
8	Алматы облысы	64,0	34,6
9	Алматы қаласы	63,2	31,8
10	Шығыс Қазақстан облысы	62,3	35,4
11	Қарағанды облысы	61,1	30,2
12	Ақмола облысы	59,5	39,2
13	Маңғыстау облысы	56,2	35,6
14	Қостанай облысы	50,0	47,9
15	Жамбыл облысы	41,8	50,0
16	Батыс Қазақстан облысы	36,6	53,5

2.2 Заманауи жастардың құндылықтар градациясы

Төмендегі: *"Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық не?"* сұрағына респонденттердің басым көпшілігі жауаптың "Отбасы" нұсқасын таңдады (82,4%). Екінші орында - "Денсаулық" нұсқасы (57,5%). Бұдан кейінгі орындарда - "Достық" (32%), "Материалдық қамтамасыз етілген өмір" (15,8%), "Махаббат" (15,5%). Сауалнама барысында респонденттер тізімінен үш нұсқаны таңдады.

5-кесте. "Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық не?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, 2016 және 2017 жж. динамикасында)

	Құндылық	2017 ж.	2016 ж.
1	Отбасы	82,4	84,0
2	Денсаулық	57,5	61,1
3	Достық	32,0	23,1
4	Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген өмір	15,8	19,8
5	Махаббат	15,5	17,3
6	Білім	12,6	12,5
7	Сенім, дін	12,5	10,9
8	Қызықты жұмыс, кәсіп	10,5	14,1
9	Жан дүниенің тыныштығы	9,5	9,2
10	Лауазымдық мансап, қоғамдағы бедел	5,9	5,6
11	Өзін өзі жетілдіру, сыйлау	5,2	8,4
12	Кез-келген түрдегі ләззатты алу, ойын-сауық	5,2	3,9
13	Билік	4,2	3,8
14	Адамдарға жәрдемдесу	4,2	4,2
15	Қоғамдық мәртебе, танымалдылық	1,6	1,6
16	Шығармашылық	1,8	1,2

5-кестеде айтылғандай, аздаған өзгерістерге қарамастан негізгі құндылықтар қатынасы 2016 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Жұмыспен қамтылу жіктелімінде қарастыратын болсақ, құндылықтардың жүйелі көрсеткіштерден айырмашылығы байқала қоймайды, кейбір жағдаяттарды санамағанда. Отбасы, денсаулық және достық сауалнамаға қатысқан барлық жастар арасында үздік үш орынға тұрақтады. Алайда, егер оқушылар арасында жауаптың "білім" нұсқасы 23,3% көрсеткішімен үшінші орында болса, жұмыс істейтін жастар мен "Жұмыс істемеймін және оқымаймын" жастар арасында бұл нұсқа үздік бестікке кірмейді.

Басты құндылықтар тізімінің анықталуы дінге қатысты емес. Отбасы, денсаулық, достық мұсылмандар, христиандар арасында және ешқандай дінді ұстанбағандар арасында үздік. Бір қызығы - "Наным, дін" нұсқасы дінге сенгіш жастар арасында құндылық ретінде үздік болмады. Осылайша, мұсылмандар арасында осы нұсқаны таңдағандар респонденттердің 14,2% құрады (6-орын), ал христиандар арасында 7,4% (9-орын).

"Материалдық тұрғыда қамтамасыз етілген өмір" нұсқасын таңдаған мұсылмандар мен христиандар көрсеткіші өзгешелеу, мұсылмандарда 14,3%,

христиандарда 23,2%. Бұл жерде діннің емес, ұлттық ұстанымның әсері бар деп болжауға болады, бұл ұлт бойынша жасалған корреляция көрсеткіштерімен де расталады - қазақтар арасында бұл нұсқаны респонденттердің 14%, орыстардың 22,1% таңдаған.

2.3 Заманауи жастардың өмірлік жоспарларындағы құндылық бағдарлары

Сауалнаманың: *"Сіздің өмірде кім болғыңыз келеді?"* сұрағы бойынша респонденттерге жауаптың екі нұсқасын таңдау ұсынылды.

6-кесте. "Сіздің өмірде кім болғыңыз келеді?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Жауап нұсқалары	%
1	Жақсы жанұя басы	43,9
2	Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адам	43,4
3	Кәсіби маман, жақсы жұмыскер	27,8
4	Лайықты азамат	25,4
5	Танымал тұлға	11,2
6	Адал, ұстанымы берік жан	16,3
7	Аса өнегелі адам	4,5
8	Бақытты адам	0,2

6-кестеде көрсетілгендей, ең танымал нұсқа – бұл "Жақсы жанұя басы" (43,9%) және "Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адам" (43,4%) болды. Үшінші орында "Кәсіби маман, жақсы қызметкер" (27,8%) нұсқасы, одан кейін "Лайықты азамат" (25,4%) нұсқасы. Жауаптар бестігін "Адал, ұстанымы берік адам" (16,3%) нұсқасы тұйықтап тұр. Әлбетте, алғашқы екі нұсқа сауалнама барысында жиі аталды.

Деректерге ұлттық жіктелім бойынша жасалған талдау әр түрлі ұлт жастарының құндылық ұстанымдарының ерекшеленетіндігін көрсетті. Мысалы, қазақ жастары арасында бірінші орында "Жақсы жанұя басы" (42,9%) нұсқасы, ал "Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адам" нұсқасы екінші орында (40,7%). Орыстар арасында "Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адам" нұсқасы айтарлықтай көп үлесті иеленіп, көрсеткіші 54,7% болды. "Жақсы жанұя басы" нұсқасы орыс жастары арасында екінші орында тұр, үлесі 41,3%. Өзге ұлт өкілдері арасында бірінші орында тұрған жауап нұсқасы "Жақсы жанұя басы" (54,3%), содан кейін "Материалдық тұрғыда қамтамасыз етілген адам" (42,6%), "Лайықты азамат" (29,6%), "Кәсіби маман, жақсы жұмыскер" (24,2%) нұсқалары тұр.

Бұл тұрғыдағы қалалық жастар мен ауылдық жастардың ұстанымдары ұқсас, ауыл тұрғындары "Жақсы жанұя басы" нұсқасын бірінші орынға қойып, көрсеткіші 41,4% болса, қала тұрғындары үшін бірінші орында материалдық молшылық тұр, жауаптың "Материалдық тұрғыда қамтамасыз етілген адам" нұсқасын таңдаған респонденттер қатары 46,2% құрады.

2.4 Заманауи жастардың санасындағы "еңбек" санатының рөлі

Сауалнаманың: *"Сіз қалай ойлайсыз, еңбек адам өмірінде қандай рөл атқарады?"* сұрағына жастардың көпшілігі "Еңбек адамның тұлғалық дамуына әсер ететін өмірлік қажеттілігі" деген жауап берген (54,4%). Екінші орында жауаптың "Еңбек материалдық қамтамасыз ету құралы ретінде қажет" (28,5%) нұсқасы, содан кейін "Еңбек үнемі жетістікке жеткізе бермейді, ең бастысы сәттілік, жақсы туыстық және достық байланыс" нұсқасы (15,8%) (7-кесте).

7-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, еңбек адам өмірінде қандай рөл атқарады?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, 2016 және 2017 жж. динамикасында)

	Жауап нұсқалары	2017 ж.	2016 ж.
1	Еңбек адамды тұлға ретінде дамытатын өмірлік қажеттілік	54,4	56,5
2	Еңбек материалдық қамтамасыздандырылу көзі ретінде қажет	28,5	29,5
3	Еңбектену үнемі жетістікке жеткізе бермейді, бастысы сәттілік, жақсы туыстар мен достық байланыстар	15,8	10,4

Жұмыспен қамтылу жіктелімі бойынша таңдалған жауап нұсқаларының көрсеткіштері де осындай, дегенмен, айырмашылық бар. Мәселен, жұмыс істемейтін және оқымайтын, бірақ жұмыс іздеуші респонденттер арасында жауаптың "Еңбектену үнемі жетістікке жеткізе бермейді, бастысы сәттілік, жақсы туыстар мен достық байланыстар" нұсқасын таңдағандар қатары 22,3% құрады. Жұмысшы жастар арасында осы нұсқаны таңдаған респонденттер 16,4% құраса, оқитын және қосымша жұмыс жасайтындар арасында 15,3%.

8-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, еңбек адам өмірінде қандай рөл атқарады?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, өңірік жіктелімде)

Өңір	Еңбек адамды тұлға ретінде дамытатын өмірлік қажеттілік	Еңбек материалдық қамтамасыздандырылу көзі ретінде қажет	Еңбектену үнемі жетістікке жеткізе бермейді, бастысы сәттілік, жақсы туыстар мен достық байланыстар	
1	Атырау облысы	69,1	13,2	17,6
2	Ақтөбе облысы	66,3	17,8	11,9
3	Қызылорда облысы	65,2	12,4	15,7
4	Оңтүстік Қазақстан облысы	60,0	20,0	19,7

5	Батыс Қазақстан облысы	59,2	21,1	19,7
6	Алматы қаласы	58,3	26,5	14,3
7	Павлодар облысы	56,4	33,3	10,3
8	Қарағанды облысы	56,4	26,8	16,1
9	Маңғыстау облысы	52,1	34,2	11,0
10	Қостанай облысы	52,1	30,2	15,6
11	Шығыс Қазақстан облысы	50,9	34,9	12,6
12	Ақмола облысы	46,8	13,9	39,2
13	Алматы облысы	46,0	41,2	12,3
14	Жамбыл облысы	43,4	45,9	10,7
15	Астана қаласы	40,2	42,2	14,7
16	Солтүстік Қазақстан облысы	33,3	50,0	16,7

8-кестеден еңбекке тұлғаның дамуына қажетті белгілі шарт ретінде қарайтындардың көпшілігінің Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында екендігін көреміз. Солтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының, сондай-ақ Астана қаласының жастарының көпшілігі еңбек материалдық қамтамасыздандырылу көзі деп санайды. Ерекше атап айтатын өңір - Ақмола облысы, сауалнамаға қатысқандардың 39,2% "Еңбектену үнемі жетістікке жеткізе бермейді, бастысы сәттілік, жақсы туыстар мен достық байланыстар" деген нұсқаны таңдаған.

Жас жіктелімі бойынша "Еңбек материалдық қамтамасыздандырылу көзі" деген жауап нұсқасын таңдаушылар қатары 24-29 жас аралығындағыларда басым (30,1%), 19-23 жас аралығындағыларда бұл көрсеткіш 27,2%, ал 14-18 жас аралығындағыларда 27%.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жалпы алғанда, Қазақстан жастары өздерін бақытты деп санайды. Мұны жауаптардың «Бақытты адаммын» және «Бақытты адам шығармын» нұсқаларының басымдығы дәлелдейді. Бақытқа қатысты алынған жауаптар үлесін қарастыра отырып, осы терминнің түсініктемесінің субъективті сипатын да ескеру керек. Сонымен қатар, бұл сұраққа берілетін жауаптың белгілі ұлттың мәдени ерекшеліктеріне де байланысты болуы мүмкін. Қазақтардың өздерін орыстарға қарағанда бақытты деп санауының екі есе басымдығын айта кету керек, "Бақытты адаммын" нұсқасын таңдағандар үлесінің айырмашылығы 13,2%. Ал жауаптың оң екі нұсқасының қосындысы теңдесуге қарай өзгереді.

Бақыттылар үлесінің басымдығын моральдық-ұлттық ұстанымдармен түсіндіруге болады, мысалы, өзін ашық түрде бақытсызбын деп атау - шамадан тыс ашықтық пен әлсіздік таныту болып саналады. Алайда, бұған сүйене отырып кейбір қателіктердің орын алуының ықтималдығын ғана болжауға

болады, ал жалпы алғанда, айғақтарға сүйенер болсақ, позитивті тенденцияның басымдығы байқалады.

2. Қазақстан жастары үшін ұлтына, тегі мен дініне қарамастан басты құндылық отбасы, денсаулық және достық болып табылады. Әлбетте, бұл дәстүрлі құндылықтардың жаңғырығы, ол қазіргі заманғы қоғамда әлі де басым. Заманауи жастардың зайырлы тәрбиесін де айта кету керек, бұл жастардың құндылық жүйесіндегі діннің рөлінің төмендігінен байқалады.

3. Отбасылық құндылықтардың рөлінің маңыздылығын жауаптың "Жақсы жанұя басы" болу нұсқасының басымдығы дәлелдейді, ал сұрақ мынадай болған: "Сіздің өмірде кім болғыңыз келеді?". Екінші орында жауаптың "Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адам" нұсқасының болуы қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ескі моральдық-этикалық ұстанымдармен сабақтастығына негізделіп, қазіргі заман жастарының көрінісін қалыптастыратындығына байланысты.

4. Тұтастай алғанда, қазақстандық жастар еңбек тұлғаны дамытушы күш деген көзқарастарын сақтайды. Алайда, бұл көрсеткіш әр түрлі өңірлерде әркелкі, бұның белгілі өңірлерде жастармен адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы еңбектің рөлі бойынша тәрбие жұмыстарын жақсартудың қажеттілігіне байланысты болуы мүмкін.

Болжам:

2016 жылдан бері орын алған өзгерістерді ескере отырып, "Бақытты адам шығармын" санатындағы жастардың көпшілігінің "Бақытты адаммын" санатына ауысқандығын аңғарамыз. Жалпы алғанда, жауаптың екі "позитивті" нұсқасын таңдағандар үлесі басқа санатта осы үрдіс үшін "ресурстың" болмауы салдарынан арта алмайды.

Қысқа мерзімді перспективада қазіргі заман жастарының құндылықтар жүйесінде елеулі өзгерістер болмайды. Екі санат – "Наным, дін" және "Материалдық қамтамасыз етілген өмір" респонденттердің көп таңдауына ие бола алды. Олардың біріншісінің үлесі 2016 жылдан бері 1,6% артты, бұл тенденция барынша жалғаса береді. "Материалдық қамтамасыз етілген өмір" нұсқасын таңдағандар үлесі былтырғы жылдан бері 4% кеміген, бірақ өсу әлеуеті бар. Бұған, ең алдымен, келесі сұраққа алынған жауаптар негізінде қалыптасқан айғақ дәлел: «Сіздің өмірде кім болғыңыз келеді?» - «Материалдық қамтамасыз етілген адам» нұсқасын таңдаушылар үлесі 43,4%.

Респонденттердің жауаптың «Еңбек адамды тұлға ретінде дамытатын өмірлік қажеттілік» нұсқасын таңдаған үлесінің 2016 жылдан бастап кемуіне байланысты, бұл трендтің дамуының баяу болатындығын болжай аламыз. Дегенмен, осы тұрғыдан тәрбие жұмыстарын белсенділендіру жағдайды түзете алады.

Ұсыныстар:

Еңбектің құндылық ретінде танылуы мен оған қатысты көзқарастың әр түрлі жастағы топтар мен өңірлер бойынша ерекшеленуіне байланысты жастармен атқарылатын жұмыстар барысында тұлғаны қалыптастырудағы еңбектің құндылық ретіндегі маңыздылығын арттыруды қолға алу ұсынылады. Мұндай жұмыстардың бір түрі - жастардың әр түрлі кәсіп өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру, бұл жастардың еңбектенуге ынталауына, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына, болашағына жауапты болуына ықпал етеді.

Еңбектің құндылық ретіндегі дәрежесін арттыру мақсатында БАҚ ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізіп, көпшілікке жұмыс істейтін, өз кәсібінде жетістікке жеткен, өзі өмір сүретін қоғамға пайдасын тигізетін адамның өмір сүру салтын жеткізіп, образын қалыптастыру керек.

III БӨЛІМ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІНДЕГІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Мәселе.

Отбасы қазіргі заманғы қоғамның негізгі бірлігі болып табылады. Отбасында моральдық-ұлттық стандарттар мен көзқарастар жүйесінің негізгі қалыптасады, отбасы аясында адамның әлеуметтенуінің алғышарттары анықталады. Бұл бөлім қазақстан жастарының мінсіз отбасы, отбасы ішінде қалыптасуы тиіс қарым-қатынастың таңдаулы үлгісі, неке түрлері мен некеге тұру себептері туралы пікірлерін зерттеуге арналған.

Нәтижелер.

3.1 Заманауи жастардың мінсіз отбасы туралы пікірлері

Сауалнаманың: *"Сіздің ойыңызша мінсіз отбасы - бұл...?"* сұрағына алынған жауап нұсқаларының ішіндегі ең танымалы "Толық отбасы, демек, ата-анасының екеуі де бар отбасы" нұсқасы болды (56,0%). Екінші орында жауаптың "Ерлі-зайыптылар бір-біріне адалдықты сақтайтын отбасы" (35,7%) нұсқасы, содан кейін "Отбасында күйеуі материалдық қамтамасыз етуге жауапты, ал әйелі бала үйдегі ырыс пен берекеге жауапты отбасы" (34,3%) нұсқасы, келесі кезекті "Үлкендерге құрметпен қарау қалыптасқан отбасы" (31,2%) және "Өмір бойы бірге болуға ұмтылатын отбасы (отбасын сақтап қалуға тырысатын)" нұсқасы (25,2%) (9-кесте).

2016 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда жауаптың танымал нұсқалары өзгерген жоқ. Жауаптың үздік нұсқалары ретінде "Толық отбасы, демек, ата-анасының екеуі де бар отбасы" және "Ерлі-зайыптылар бір-біріне адалдықты сақтайтын отбасы" нұсқалары 2016 жылы басым көрсеткішке ие болған, сәйкесінше, 69,2% және 40,3%.

9-кесте. "Сіздің ойыңызша мінсіз отбасы - бұл ...?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, 2016 және 2017 жж. динамикасында)

	Жауап нұсқалары	2017 ж.	2016 ж.
1	Толық отбасы, демек, екі ата-ананың да болуы керек	56,0	69,2
2	Ерлі-зайыптылар бір-біріне адалдық сақтаған отбасы	35,7	40,3
3	Ер адам отбасының материалдық қамтамасыз етілуіне, ал әйел адам үйдегі береке мен тәртіпке жауапты отбасы	34,3	38,2
4	Үлкендерге сыйластық қалыптасқан отбасы	31,2	33,2
5	Өмір бойы бірге болуға (отбасын сақтауға) тырысатын отбасы	25,2	26,2
6	Ерлі-зайыптылар заңды некеде тұратын отбасы	14,5	18,2
7	Көп балалы отбасы	10,3	9,9
8	Ерлі-зайыптылардың құқықтары тең және бір-біріне тәуелсіз отбасы	8,5	10,0

9	Аталар мен әжелер немерелерімен бірге тұратын отбасы	8,5	7,7
10	Бір немесе екі баласы ғана бар отбасы	3,4	2,4
11	Мінсіз отбасы жоқ	0,1	-
12	Өзара сыйластық қалыптасқан, барлығы бақытты отбасы	0,1	-
13	Жауап бере алмаймын	0,8	0,3

Отбасылық жағдай бойынша жіктелімде әр түрлі топтың таңдауынан белгілі өзгешелікті байқауға болады. Мәселен, жауаптың «Толық отбасы, демек, екі ата-ананың да болуы керек» нұсқасын таңдағандардың көпшілігі ажырасқандар – 75%. Одан әрі үйленгендер, бірақ некелері тіркелмегендер (69,2%), некедегілер/тұрмыстағылар (59%) және некеде/тұрмыста еместер (53,8%). Соңғы орында жесірлер, олардың арасында осы нұсқаны таңдағандар үлесі 16,7% құрады. Тек осы санаттағы тұлғалар арасында бұл нұсқа бесінші орынға тұрақтап, үздік болды.

3.2 Заманауи жастардың отбасы ішіндегі қарым-қатынас туралы пікірлері

Сауалнаманың: *"Сіздің ойыңызша отбасында кімнің "басты" болуы керек?"* деген сұрағына респонденттердің көпшілігі "Әкесі" деп жауап берген (62,5%). Екінші орында "Анасы мен әкесі тең құқылы" (27,5%) нұсқасы, содан кейін – "Отбасының барлық мүшелерінің, балаларды қоса алғанда, тең құқылы болуы керек" нұсқасы (8,1%). Жауаптың "Анасы" нұсқасы бойынша көрсеткіш 1,5% ғана.

10-кесте. "Сіздің ойыңызша отбасында кімнің "басты" болуы керек?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, 2016 және 2017 жж. динамикасында)

	Жауап нұсқалары	2017 ж.	2016 ж.
1	Әке	62,5	60,5
2	Шеше	1,5	2,3
3	Әке мен шешенің тең құқылы болуы керек	27,5	27,0
4	Отбасының барлық мүшелерінің, балаларды қоса алғанда, тең құқылы болуы керек	8,1	9,9
5	Жауап бере алмаймын	0,4	0,2

10 - кестеден 2016 жылмен салыстырғанда жауаптар жинаған үлестердің аздаған айырмашылықтарына қарамастан негізгі трендтің сақталғандығын көреміз, нұсқалар бойынша көрсеткіштер сақталған.

Сауалнаманың деректері ұлттық жіктелім бойынша барынша ерекше. Қазақ жастары арасында 66,2% отбасында әкенің басты болуы тиіс деп санаса, өзге ұлт өкілдерінің арасында бұл нұсқа көрсеткіші 65,5%, орыс жастары арасында бұл нұсқа бірінші орында - 45,3%. Әлбетте, орыс жастары барынша демократты. "Анасы мен әкесінің тең құқылы болуы керек" нұсқасы орыстар арасында 39,3%, қазақтар арасында 24,9%, басқа ұлт өкілдері арасында 25,6%.

"Отбасының барлық мүшелерінің, балаларды қоса алғанда, тең құқылы болуы тиіс" нұсқасы бойынша көрсеткіш қазақтар арасында 7,0%, басқа ұлт өкілдерінде 7,6%, орыстар арасында 12,9%.

Тұрғылықты жері бойынша белгілі ерекшеліктер бар. Ауыл жастары, күткеніміздей, неғұрлым консервативті, ауылдағы жастардың 65,3% отбасында әкенің басты болуы керек деп санаса, 26,6% әкесі мен анасының тең құқылы болуы керек деп санайды. Қалалық жастардың арасында бұл көрсеткіштер 60,3% және 28,2%. Қалай болмасын, айырмашылық бар, бірақ шамалы.

3.3 Некені тіркеу заманауи қазақстандық жастардың пікірі бойынша әлеуметтік қажеттілік ретінде

Сауалнаманың: *"Сіз қалай ойлайсыз, некені АХАЖ тіркеу міндетті ме немесе отбасын құруға ниетті жандар ресми тіркеусіз де өмір сүре ала ма?"* сұрағына көпшілігі "Некені АХАЖ міндетті түрде тіркеу керек" деген жауап нұсқасын таңдаған (74,2%). Екінші орындағы нұсқа - "Жоқ, некені тіркеу міндетті емес" (16,1%), үшінші орында - "Діни рәсім жасау жеткілікті (неке, никях, шіркеуде сақина салу мен некелестіру және т.б.)" (7,4%).

11-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, некені АХАЖ тіркеу міндетті ме немесе отбасын құруға ниетті жандар ресми тіркеусіз де өмір сүре ала ма?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, 2016 және 2017 жж. динамикасында)

	Жауап нұсқалары	2016 ж.	2017 ж.
1	Некені міндетті түрде АХАЖ тіркеу керек	79,0	74,2
2	Жоқ, некені тіркеу міндетті емес	12,4	16,1
3	Діни рәсім жасау жеткілікті ("неке қию", никях, шіркеуде сақина салу және т. б.)	6,1	7,4
4	Басқа	0,2	0,0
5	Жауап бере алмаймын	2,3	2,3

11-кестеден 2016 ж. салыстырғанда некенің міндетті түрде АХАЖ тіркелуін қолдаушылардың 4,8% кемігенін, ал некені тіркеу міндетті емес деп санайтын жастар үлесінің 3,7% артқанын байқаймыз.

Бұл мәселе бойынша ұлттық жіктелімде орыс халқы ерекшеленеді. Қазақ жастары арасында 77% некені міндетті түрде АХАЖ тіркеу керек деп санаса, орыстар арасында бұл нұсқа көрсеткіші 61,3%. Егер қазақтардың арасында "Жоқ, некені тіркеу міндетті емес" нұсқасын таңдағандар шамамен әрбір сегізінші адам болса (12,5%), орыстар арасында бұл әрбір үшінші адам болды (33,0%).

Отбасылық жағдай бойынша жасалған корреляциядан біршама өзгешеліктерді аңғаруға болады. Мәселен, "Некені міндетті түрде АХАЖ тіркеу керек" нұсқасын таңдағандар арасында үйленген/тұрмыстағы тұлғалар (78,9%) немесе әлі некеге тұрмағандар көп (72,7%). Жесірлер арасында бұл көрсеткіш 66,7%, ажырасқандар арасында 64,3%. Жауаптың осы нұсқасын

таңдаған респонденттердің ең аз бөлігі тіркелмеген некеде тұрып жатқандар болып келеді (51,3%).

Соңғы топта жауаптың "Жоқ, некені тіркеу міндетті емес" нұсқасын таңдағандар саны басым – 38,5%. Одан кейін жесірлер (33,3%), ажырасқандар (21,4%), үйленбегендер/тұрмыста еместер (17,3%) және үйленгендер/тұрмыстағылар (12,4%). Жауаптың осы нұсқасын таңдағандар арасында өзінің отбасылық мәртебесін айқындай алмағандар көп (7,1%), бірақ олардың айқындалмаған жағдайларына байланысты осы айғақтың түсінілуі кейбір қиындықтар туғызды.

3.4 Заманауи қазақстандық жастардың түсінігіндегі некеге тұру себептері

Сауалнаманың: *"Сіз үшін некеге тұрудың ең басты себебінің қандай болуы мүмкін?"* сұрағына алынған жауаптар арасындағы үздігі - "Сүйікті адаммен бірге болуды қалау" (69,2%). Екінші орында жауаптың "Ата-анам мен туыстарымының кеңесі" (11%), одан кейін "Балалы болу ниеті" (10,6%), "Барлығы отбасын құрады, осылай қалыптасқан" (4,0%), "Жалғыздықтан қорқу, қартайған шақта жалғыз қалып қоюдан сақтану" (1,8%) (12-кесте).

12-кесте. "Сіз үшін некеге тұрудың ең басты себебінің қандай болуы мүмкін?" сұрағына арналған жауаптар, (% өрнектелген, 2016 және 2017 жж. динамикасында)

	Жауап нұсқалары	2016 ж.	2017 ж.
1	Сүйікті адаммен бірге болу ниеті	72,2	69,2
2	Ата-анам мен туыстарымының кеңесі	9,7	11,0
3	Балалы болу ниеті	9,5	10,6
4	Бәрі де отбасын құрады, осылай қалыптасқан	3,3	4,0
5	Жалғыздықтан қорқу, қартайған шақта жалғыз қалып қоюдан сақтану	2,2	1,8
6	Қаржылық тұрақтылыққа жету	1,0	0,8
7	Жауап бере алмаймын	1,9	2,4

2016 жылмен салыстырғанда ең танымал жауаптардың көрсеткіштері өзгерген жоқ, дегенмен, "Сүйікті адаммен бірге болу ниеті" нұсқасын таңдағандар үлесі 3% артса, "Ата-анам мен туыстарымының кеңесі" нұсқасын таңдағандар және "Балалы болу ниеті" нұсқасын таңдаған респонденттер саны кеміген.

Ұлттық жіктелімде "Ата-анам мен туыстарымының кеңесі" нұсқасын қазақ жастарының жиі таңдағандығын көруге болады – 12,5%, ал орыс жастары арасында - 6,9%. Орыс жастары арасында "Сүйікті адаммен бірге болу ниеті" нұсқасын таңдағандар сауалнамаға қатысқандардың 75,1% құрады, ал қазақтардың арасында бұл көрсеткіш 67,9%, басқа ұлт өкілдері арасында 68,2%.

Отбасылық жағдай бойынша жасалған корреляциялық талдау жауаптың сол нұсқасының ("Сүйікті адаммен бірге болу ниеті") барлық топтарда үздік екендігін көрсетеді. Алайда, түрлі топтарда көрсеткіш әртүрлі. Мәселен,

жесірлер арасында ең танымал болып саналады – 83,3%, ал ажырасқандар арасында 60,7%. Бұл екі топ жауап нұсқаларының екінші нұсқасы бойынша да, үшінші нұсқасы бойынша да антагонистикалық сипатта. "Ата-анам мен туыстарымының кеңесі" нұсқасын ажырасқандардың 14,3% және жесірлердің 0,0% таңдаған. Жауаптың "Балалы болу ниеті" нұсқасы да осы сияқты, ажырасқандардың 21,4% және жесірлердің 0,0% таңдаған (13-кесте).

13-кесте. "Сіз үшін некеге тұрудың ең басты себебінің қандай болуы мүмкін?" сұрағына арналған жауаптар, (% өрнектелген, отбасылық жағдай жіктелімінде)

	Жауап нұсқалары	Үйленген мін/Тұрмыстамын	Үйленбеген мін, тұрмыста емеспін	Бірге тұрамыз, некеміз тіркелмеген	Жесірмін	Ажырасқандармын
1	Сүйікті адаммен бірге болу ниеті	68,9	69,4	66,7	83,3	60,7
2	Ата-анам мен туыстарымының кеңесі	10,9	11,4	2,6	0,0	14,3
3	Балалы болу ниеті	12,7	9,5	10,3	0,0	21,4
4	Бәрі де отбасын құрады, осылай қалыптасқан	3,9	3,8	10,3	0,0	3,6
5	Жалғыздықтан қорқу, қартайған шақта жалғыз қалып қоядан сақтану	2,0	1,7	2,6	16,7	0,0
6	Қаржылық тұрақтылыққа жету	0,5	1,0	2,6	0,0	0,0
7	Жауап беремеймін	0,9	3,3	5,1	0,0	0,0

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жастардың мінсіз отбасы туралы пікірлерінің қалыптасуына дәстүрдің де ықпал ететіндігі сөзсіз. Алайда, отбасылық құндылықтар бойынша дағдарыстың да бар екендігін айта кету керек. Мұны жауаптардың үздік 5 ішінде отбасын сақтап қалуға қатысты екі нұсқаның қатар болуы дәлелдейді. Қазірдің өзінде "Толық отбасы, демек, әкі ата-анасы да бар отбасы" және "Өмір бойы бірге болуға (отбасын сақтап қалуға) ұмтылатын отбасы" нұсқаларының 56% және 25,2% көрсеткішке жету айғағы жастардың толық емес отбасының болатындығын жақсы түсінетіндігін білдіреді.

2. Патриархаттық ұстанымдардың бар екендігін сұрақтар бойынша алынған статистика дәлелдей алады: "Сіздің ойыңызша отбасында кімнің

"басты" болуы керек?" сұрағына жастардың басым көпшілігі отбасында әкенің басты болуы керек деген пікірді білдірді.

3. Талдау бойынша: "Сіз қалай ойлайсыз, некені АХАЖ тіркеу міндетті ме немесе отбасын құруға ниетті жандар ресми тіркеусіз де өмір сүре ала ма?" сұрағына "Некені АХАЖ міндетті түрде тіркеу керек" деген жауап нұсқасын таңдағандардың басымдығы анықталды. Жауаптың "Діни рәсім жасау жеткілікті (неке, никях, шіркеуде сақина салу және т.б.)" нұсқасының көрсеткішінің төмендігі Қазақстан жастарының ұлтқа қарамастан жоғарыда айтқанымыздай зайырлы болып келетіндігін білдіреді.

4. Үздік жауаптың: "Сіз үшін некеге тұрудың басты себебінің қандай болуы мүмкін?" сұрағы бойынша "Сүйікті адаммен бірге болу ниеті" болуы (69,2%), сондай-ақ жауаптың осы нұсқасының өзге нұсқалардан айқын басымдығы нақты моральдық-этикалық, қоғамдық нормалардың қалыптасқандығын білдіреді. Бұл ретте, әлеуметтік ("Барлығы отбасын құрады, осылай қалыптасқан") және әлеуметтік-биологиялық ("Балалы болу ниеті") себептер екінші, тіпті үшінші орынға шеттейді.

Болжам:

Мінсіз отбасы туралы көзқарас объективті әлеуметтік шындықтың көрінісі бола отырып, алдағы уақытта айтарлықтай өзгермейді, кем дегенде, саралау бойынша қазіргі қалпын сақтап қалады.

Отбасында кімнің басшы болуы керектігіне қатысты мәселе бойынша алдағы уақытта патриархаттық ұстанымының өзгермейтіндігі белгілі. Орта және ұзақ мерзімді перспективада отбасында тең құқылы болуды қолдайтын респонденттердің үлесінің артатындығын болжаймыз.

Некенің ресми тіркелуіне қатысты айтатын жайт, 2016 жылмен салыстырғанда некенің міндетті тіркелуін қолдаушылар 4,8% азайған және алдағы уақытта да кемуі ықтимал. Бұл ретте, тиісінше, діни неке мен тіркелмеген некенің қолдаушыларының саны артатын болады.

Әлбетте, "Сүйікті адаммен бірге болу ниеті" нұсқасының әлі ұзақ уақыт бойы некеге тұрудың басты себебі ретінде сақталып қалады. Респонденттердің "Ата-ана мен туыстарымының кеңесі бойынша" нұсқасын таңдағандарының үлесінің 2016 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда біршама, 1,3% артқандығына қарамастан алдағы уақытта бұл көрсеткіштің төмендейтіндігін болжауға болады.

Ұсыныстар:

Жастар арасында дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен отбасылық өмір салтын насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында үлгілі отбасын паш ететін науқан жүргізу, өскелең ұрпақ өкілдерінің бойында толық отбасы құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін тәрбиелік фильмдер көрсету, некеде баланың дүниеге келуінің маңыздылығын жеткізетін шаралар атқару ұсынылады.

Сонымен қатар, түрлі деңгейдегі оқу орындарында жастармен отбасын жоспарлау мәселесі бойынша әңгімелесу жүргізуді, контрацепцияны пайдалану бойынша кеңес беруді, жоспарланбаған жүктіліктен қорғану бойынша кеңес беруді ұсынамыз, осының барлығы, тұтастай алғанда некеге дейінгі ерте жүктілік пен толық емес отбасы санын азайтуға ықпал ететін болады.

IV БӨЛІМ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ТӨЗІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ

Мәселе.

Жастардың құндылықтарының ерекше тобын адамның өзі қатысты болып табылмайтын өзге топтамаларға төзімділік ұстанымдары құрайды. Әлеуметтануда танытылатын төзімділік бойынша жиі зерттелетін топтарға мыналар жатады: ұлттық, діни, кәсіби топтар, дәстүрлі емес жыныстық бағдардағы қауымдастықтар, мигранттар, басқа тілде сөйлейтін адамдар.

Осы зерттеу төңірегінде жастардың төзімділік деңгейі ғылымда танымал Э.Богардустың әлеуметтік қашықтық көрсеткіштері элементтерін қолдану арқылы анықталды, ол адамдардың бір-бірін әлеуметтік-психологиялық қабылдау деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, сондықтан оны әлеуметтік қолайлылық көрсеткіші деп те атайды.

Нәтижелер.

4.1 Қазақстан жастарының өзге топ өкілдерімен көршілес өмір сүруге ниеттері

Әлеуметтік зерттеу барысында әлеуметтік қашықтық дәрежесі бір аспектіде – өзге топ өкілдерімен көршілес өмір сүруге дайындық бойынша бағаланды. Респонденттерге тізім бойынша ұсынылған топтар арасынан кіммен (әр түрлі дәрежеде) көршілес өмір сүргісі келмейтіндігін белгілеу ұсынылды.

Ұсынылған жеті топ ішінде Қазақстан жастары төзімділіктің жоғары деңгейін басқа ұлт өкілдерінен (ұлты) тұратын топқа танытатындықтарын көрсетті. *"Сіздің кіммен көршілес өмір сүргіңіз келеді?" сұрағына* ұлттық топтама бойынша ең төмен көрсеткіш анықталды ("Мүлде қарсымын", "Жоқ, кейбір артықшылықтарды ескеретін болсақ" және "Қарсы шығармын" жауаптары бойынша көрсеткіштер қосындысы 21,4%). 2016 жылы бұл жиынтық көрсеткіштің 18,6% болғандығын айта кету керек, демек, аздап өсті, бұл Қазақстан жастары арасындағы өзге ұлттарға төзімділіктің біршама төмендегендігін білдіреді.

Жастардың некенің ресми тіркеуінсіз бірге тұрып жатқан тұлғаларға төзімділік танытатындығы байқалады (олармен көршілес тұрғысы келмейтін себептердің жиынтық көрсеткіші үш мәселе бойынша 22,4% құрайды).

Ал Қазақстан жастарының төзімділігі дәстүрлі емес жыныстық бағдардағыларға өте аз, олармен көршілес тұрғысы келмейтін себептердің жиынтық көрсеткіші үш мәселе бойынша 73,9% құрайды.

Жастардың төзімділік таныта білмейтін топтарының дәстүрлі емес жыныстық бағдардағылардан кейінгі, екінші орында - иммигранттар мен шетелдік жұмысшылар (жиынтық көрсеткіш 35,9%). Өткен жылмен

салыстырғанда бұл көрсеткіш іс жүзінде өзгерген жоқ (2016 жылы ол көрсеткіш 35,1%) (14-кесте).

14-кесте. "Сіздің кіммен көршілес тұрғыңыз келмейді?" сұрағына алынған жауаптар ("Мүлде қарсымын", "Қарсы емеспін, кейбір ерекшеліктер ескерілетін болса" және "Қарсы емес шығармын" нұсқалары бойынша жиынтық көрсеткіш, % өрнектелген)

	"Басқа" топтар	%
1	Дәстүрлі емес жыныстық бағдардағылар	73,9
2	Иммигранттар мен шетелдік жұмыскерлер	35,9
3	Бейтаныс тілде сөйлейтін адамдар	34,7
4	Оралмандар	28,2
5	Басқа дінге сенетін (діні өзге) адамдар	28
6	Некенің ресми тіркеуінсіз бірге тұратындар	22,4
7	Басқа этникалық топ (ұлт) өкілдері	21,4

Талдау корреляциясы ұлттық жіктелімде қазақстандық жастардың аталған топтың барлығына іс жүзінде аз төзімділік танытатындықтарын көрсетіп отыр. Ерекшелік тек оралмандар тобына қатысты, қазақстандық жастардың оларға қатысты төзімсіздік деңгейінің көрсеткіші басқа топтарға қарағанда төмен.

Осылайша, біз Қазақстан жастарының әлеуметтік қашықтықты дәстүрлі емес сексуалдық бағдардағыларға және иммигранттар мен шетелдік жұмысшылар тобына қатысты сезінетіндігін көреміз, ал ең азы - некенің ресми тіркеуінсіз бірге тұратындар мен басқа этникалық топ (ұлт).

4.2 Заманауи жастардың ұлтаралық төзімділікке қатысты ұстанымдары

Төзімділіктің бір түрі ұлтаралық төзімділік болып табылады. Этносаралық төзімділік заманауи қоғамның әлеуметтік құндылығы болып табылады, ол әр түрлі халықтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады; бұл тұлғаның түрлі ұлттардың көп салалы мәдениетіне қатысты түсініктерін біріктіретін сапасы, жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық сипаттары туралы көзқарасты ортақтастырады.

Бұл зерттеуде ұлтаралық төзімділік деңгейі төрт сұрақтың талдануы арқылы анықталады. Олардың біріншісі - "Сіздің қайда өмір сүргіңіз келеді?" (бұл жағдайда жауап нұсқалары ретінде моноэтникалық немесе аралас этникалық қоғамда өмір сүру ұсынылды). Екінші сұрақ - "Сіз Қазақстанды болашақта қалай елестетесіз?", бұл жастардың полиэтникалық ұстанымдарына қатысты (жоғары дәрежеде болуы ұлтаралық төзімділіктің жоғарылығын білдіреді).


Үшінші сұрақ - "Некеге тұру үшін жар таңдау барысында Сіз үшін адамның ұлты (белгілі бір этникалық топқа жатуы) маңызды ма?", бұл сұрақ етене қарым-қатынас жағдайында жастардың өзге ұлт топтарына әлеуметтік қашықтығын анықтауға бағытталған болатын.

Төртінші сұрақ - "Сіз ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?", бұл қазақстандық жастардың әлеуметтік қашықтықтың барынша аз болуына қатысты ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік береді – басқа ұлт өкілдерімен неке қию.

Сауалнаманың: **"Сіздің қайда өмір сүргіңіз келеді?"** келеді сұрағына сауалнамаға қатысқан жастардың жартысы (49,9%) "Әр түрлі этникалық топ (ұлт) өкілдері көп жерде, қалада" деп жауап берді. Өткен 2016 жылы бұл көрсеткіш 53,5% болған, демек, бір жыл ішінде 3,6% төмендеді.

Кездесу жиілігі бойынша екінші орында керісінше ұстаным: "Негізінен менің этникалық тобымның (ұлтымның) өкілдері көп қалада", респонденттердің 28,4% белгілеген. Үшінші орында - "Әр түрлі этникалық топ (ұлт) өкілдері көп ауылда" (9,6%) болса, төртінші орында – "Негізінен менің этникалық тобымның (ұлтымның) өкілдері көп ауылда" (7,3%) (1-диаграмма).

1-диаграмма. "Сіздің қайда өмір сүргіңіз келеді?" сұрағына алынған жауаптар, (% өрнектелген)



Келтірілген деректерге сәйкес, қазақстандық жастардың басым көпшілігі полиэтникалық қоғамда өмір сүргенді қалайды деген тұжырым жасаймыз, бұл басқа ұлттарға қатысты төзімділік деңгейінің барынша жоғары екендігін білдіреді.


Ал сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігінен азы (28,4%) моноұлттық ортада өмір сүргісі келетіндіктерін, негізінен, адамдар бір ұлт өкілі болғандығын қалайтындықтарын айтты, бұл жастар арасында ұлтаралық төзімділікке қатысты жасырын ұстанымдардың бар екендігін білдіреді.

Ұлттық жіктелім бойынша жасалған корреляциялық талдау жастардың көп түрлі этникалық топтардың (ұлттардың) өкілдері көп қалада өмір сүруге қатысты ұстанымдарының басымдығына қарамастан, жауаптың осы нұсқасын таңдаған қазақтардың үлесі басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда аз екендігін

көрсетті. Егер, полиэтникалық қоғамда өмір сүргенді қалайтын қазақтар саны 47,2% болса, орыстар арасында бұл көрсеткіш 56,2%, басқа ұлт өкілдері арасында - 57,4%. Тиісінше, қазақтар арасында моноэтникалық қоғамда өмір сүргісі келетіндер көрсеткіші басым (29,5%, орыстар арасында 27,5% және өзге ұлт өкілдері арасында 22,9%). Бұл сұраққа алынған жауаптар жанама түрде қазақтардың басқа ұлт өкілдеріне қатысты төзімділігінің төмендігін білдіреді.

Төмендегі: **"Сіз Қазақстанды болашақта қалай елестетесіз?" сұрағына** сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (48,4%) оның полиэтникалық мемлекет болатындығын, халқының мемлекет тілін, орыс тілін және шет тілін меңгеретіндігін атаған. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш едәуір өсіп, 43,3% көрсеткіштен 48,4% дейін артты. Мұның Елбасының көптілділік идеясының БАҚ арқылы белсенді түрде насихатталуына байланысты болуы мүмкін (2-диаграмма).

2-диаграмма. "Сіз Қазақстанды болашақта қалай елестетесіз?", (% өрнектелген)




Біз көптілділік бойынша жастардың көзқарасының мемлекеттің ұстанымымен сай келетіндігін көріп отырмыз, оны жастардың 22,7% қазақстандық қоғамды дамытудың ең оңтайлы амалы деп таниды, Қазақстанды көп этносты мемлекет, халқы мемлекеттік және орыс тілдерін меңгерген ел ретінде көргісі келетіндіктерін айтты. Жастардың 16,4% Қазақстан болашақта полиэтникалық ел, халқы тек мемлекеттік (қазақ) тілде сөйлейтін мемлекет болады деп ойлайды.

Осы сұраққа алынған нәтижелер заманауи Қазақстан жастарының көпшілігінің басқа ұлт өкілдерімен қатар өмір сүруге дайын екендігін білдіреді, ал полиэтникалыққа қатысты ұстанымдарының жоғары болуы этносаралық төзімділіктің жоғары екендігін білдіреді.

Сауалнаманың: **"Некеге тұру үшін жар таңдау барысында Сіз үшін адамның ұлты (белгілі бір этникалық топқа жатуы) маңызды ма?"** сұрағы етене қарым-қатынас жағдайында жастардың өзге ұлт топтарына әлеуметтік қашықтығын анықтауға бағытталған болатын. Егер адам ұлтаралық некеге оң пікірде болса, әлеуметтік қашықтық аз болады, ал этносаралық төзімділік деңгейі айтарлықтай жоғары.

Алынған деректерге сәйкес, жартысынан көбі (52,9%) таң қаларлық жауап берді, олар үшін болашақ жарының ұлты үлкен маңызға ие. Сауалнамаға қатысқандардың 44,2% үшін жар таңдауда оның ұлты маңызды емес (3-диаграмма).

3-диаграмма. "Жар таңдау барысында Сіз үшін екінші адамның ұлты (қандай да бір этникалық топқа жатуы) маңызды ма?" сұрағына алынған жауаптар, (% өрнектелген)



Біз пікірдің екіге бөлінгендігін байқадық, бұл ел жастарының жартысының санасында эндогамдылық ұстанымының қалыптасқандығын білдіреді.


Ұлттық жіктелім бойынша корреляциялық талдау эндогамдық ұстанымдардың көптеген жағдайларда қазақ жастарына тән екендігін көрсетті - некеге тұру барысында таңдалатын жардың ұлты маңызды деп жауап берген қазақтар 58,75 пайыз болса, басқа ұлт өкілдері арасында бұл көрсеткіш 48,9%, орыстар арасында - 31,5% (15-кесте).

15-кесте. "Жар таңдау барысында Сіз үшін екінші адамның ұлты (қандай да бір этникалық топқа жатуы) маңызды ма?" сұрағына алынған жауаптар, (% өрнектелген, ұлттық жіктелімде)

	Жауап нұсқалары	Қазақтар	Орыстар	Басқа ұлт өкілдері
1	Иә	58,7	31,5	48,9
2	Жоқ	38,2	66,5	48
3	Жауап бере алмаймын	3,1	2	3,1

Деректер көрсеткендей, Қазақстан жастары тұтастай алғанда, ұлтаралық некеге барынша оң көзқараста - сауалнамаға қатысқандардың 40% **"Сіз ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?" сұрағына** оң баға беретін жауаптың екі нұсқасының бірін таңдаған ("Оң қараймын, ұлтаралық неке Қазақстан халқын бірлікке шақырады" және "Оң қарайтын шығармын, себебі, жар таңдауда ұлты маңызды емес"). 2016 жылы бұл жиынтық біршама төмен болған, көрсеткіш 35,7% (4-диаграмма).

4-диаграмма. "Сіз ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?" сұрағына алынған жауаптар, (% өрнектелген)



Ұлтаралық некелер Қазақстан халқын бірлікке шақырады деген пікірдегілер саны сауалнама нәтижелері бойынша 18,9%. Осындай некеге оң көзқараспен қарайтын жастардың мөлшері Қазақстанда шамамен 21%, себебі жар таңдауда ұлт маңызды емес.

Жас респонденттердің төрттен бір бөлігінен астамы (25,5%) ұлтаралық некеге қарсы. Оның ішінде 15,4% мүлде қарсы, себебі, ұлтаралық некелердің қиыншылықтары көп деген ойда. Тағы 10,1% (яғни, әрбір оныншы респондент) ұлтаралық неке ажырасумен аяқталады деп санайды.

Өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда ұлтаралық некеге қатысты қарсы пікір 7,5% өсті. Бұл осындай некеге қатысты бейтарап көзқарастағылар қатарының кемуіне байланысты (2016 жылы 42,4% болған). 2017 жылы сауалнамаға қатысқандардың кемінде үштен бір бөлігі (31,4%) ұлтаралық некеге бейтарап көзқарас білдірді, олар әркім жар таңдауға құқылы деп санайды.

Бұл сұраққа алынған жауаптар қазақтардың басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда эндогамдылығының жоғары екендігін тағы да растайды. Корреляциялық талдау көрсеткендей, ең көп жиынтық көрсеткіші (оң

көзқарасты білдіретін жауап нұсқаларының көрсеткіштерінің қосындысы) орыстарда (50,1%), қазақтар арасында 37,5%, өзге ұлт жастары арасында 36,8%. Тиісінше, қарсы көзқарас бойынша жиынтық көрсеткіш мынадай: 29,4% - қазақтар арасында, 19,3% - басқа ұл өкілдері арасында, 13,5% - орыстар арасында.

Осылайша, ұлтаралық некеге қатысты оң көзқарастың орыс жастары арасында басым екендігін анықтадық, қазақ жастары мен өзге ұлт жастары арасында орташа.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Қазақстан жастарының әлеуметтік қашықтықты дәстүрлі емес сексуалдық бағдардағыларға және иммигранттар мен шетелдік жұмысшылар тобына қатысты сезінетіндігін көреміз, ал ең азы - некенің ресми тіркеуінсіз бірге тұратындар мен басқа этникалық топ (ұлт).

2. Аталған топтардың барлығына қатысты төзімсіздіктің жоғары деңгейі қазақстандық жастарда байқалады. Ерекшелік тек оралмандар тобына қатысты, қазақстандық жастардың оларға қатысты төзімсіздік деңгейінің көрсеткіші басқа топтарға қарағанда төмен.

3. Қазақстандық жастардың басым көпшілігі полиэтникалық қоғамда өмір сүргенді қалайды деген тұжырым жасаймыз, бұл басқа ұлттарға қатысты төзімділік деңгейінің барынша жоғары екендігін білдіреді. Сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігінен азы (28,4%) моноұлттық ортада өмір сүргісі келетіндіктерін, негізінен, адамдар бір ұлт өкілі болғандығын қалайтындықтарын айтты, бұл жастар арасында ұлтаралық төзімділікке қатысты жасырын ұстанымдардың бар екендігін білдіреді.

4. Жастардың жартысына жуығы болашақ жарының ұлтының маңызды екендігін атаған, бұл ел жастарының санасында эндогамдылықтың қатаң сақталуына куә. Эндогамдылық ұстанымдары көбінесе қазақ жастарына тән.

5. Ұлтаралық некеге қатысты оң көзқарас орыс жастары арасында басым, қазақ жастары мен өзге ұлт жастары арасында орташа.

Болжам:

Қазақстанда жаһандану және урбандалу үрдісінің үдеу үстінде екендігін ескере келе, болашақта заманауи қазақстандық жастар ортасындағы "өзгелерге төзімділік" деңгейі артады деп болжауға болады. Жастар басқа өмір салтын ұстанған тұлғаларға барынша төзімділік танытатын болады, тіпті өзінің өмір сүру салтына қайшы болса да.

Сонымен қатар, некеге тұру үшін жар таңдау барысында ұлтының маңыздылығы да бірте-бірте төмендейтін болады, демек эндогамдылық ұстанымы төмендейді, бұл ұлтаралық неке санының артуына соқтыратын болады.

Ұсыныстар:

Жастардың төзімділік деңгейін арттыру мақсатында жастардың төзімділікке жұмылдырылуын қамтамасыз ете алатын іс-шараларды жүргізу ұсынылады (ұлтаралық), жастарды елімізде тұрып жатқан әр түрлі этностың мәдени күндерін атап өтуге қатыстыру, жастармен бірге түрлі халықтардың мерекелерін атап өтуді ұйымдастыру, жастардың түрлі халықтың ұлттық орталықтарына баруларын қолға алу қажет.

V БӨЛІМ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Мәселе.

Ғылымда саяси құндылық дегеніміз саясат субъектілерінің (индивидтердің, топтардың, класстардың, ұлттың және т.б.) саяси өмірде болып жатқан құбылыстарға, үрдістерге қатысты әлеуметтік-саяси тәжірибелерге негізделген көзқарасы. Олар саясат субъектілерін ынталандырады, әрекеттерін бағыттайды және қоғамның даму перспективалары мен қажеттіліктерін көрсетеді, оның негізгі топтарының қызметін жүйелендіреді. Саяси құндылықтардың жалпыұлттық, жалпы адамзаттық болуы мүмкін, әр түрлі топтардың, класстардың, индивидтердің басым мүдделерін көрсетеді.

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі қазақстандық қоғамның жастар деп аталатын әлеуметтік топтамасының саяси құндылықтарын анықтау болып табылады. Жастардың саяси құндылықтарына талдау екі бағыт бойынша жасалды: жастардың елде болып жатқан оқиғаларға эмоционалдық көзқарастары мен жастардың саяси мінез-құлықтарының ерекшеліктері.

Нәтижелер.

5.1 Жастардың өз елін эмоциялық қабылдауы

Жастардың елде болып жатқан оқиғаларды эмоциялық тұрғыда қабылдауына жасалған талдауға жастардың қоғамдағы әділеттілік туралы пікірлерін зерттеу, өз елі үшін мақтаныш езімінің болуын және жастардың болашағын қалай елестетіндіктерін анықтау, жастардың қоғам өміріндегі мемлекеттің рөліне беретін бағаларын саралау, жастардың Қазақстан үшін үлгі ретінде алынатын мемлекет туралы пікірлерін білу шараларын қамтды.

5.1.1 Жастардың заманауи қазақстандық қоғамдағы әділдік туралы пікірлері


Бұқаралық әлеуметтік сауалнама жүргізу барысында алынған деректерге сай жастар арасында: **"Сіз қалай ойлайсыз, Сіз әділ қоғамда өмір сүріп жатырсыз ба?"** сұрағына басым көпшілік (70,2%) нақты жауап берді ("Иә, мен әділ қоғамда өмір сүремін" және "Солай шығар" нұсқаларының көрсеткіштерінің қосындысы).

Өткен жылы бұл көрсеткіш 71,3% болған (яғни аздап қана өзгерді), бұл негізінен жастардың өмірлерінің соңғы жыл ішінде түбегейлі өзгерістерге ұшырамағандығын білдіреді.

Заманауи қоғамдағы әділдік деңгейінің жастар тарапынан осынша жоғары бағалануын жас ерекшеліктеріне тән психологиялық айшықтамамен түсіндіруге болады, мұндай жағдайда оптимистік көңіл-күй басым, соған қоса жастардың әлеуметтік белсенділігінің (ересектерге қарағанда) төмендігіне де байланысты, демек, жастар әлеуметтік әділетсіздік жағдайларына сирек

ұшырайды. Оның үстіне, жастарға қатысты қандай да бір мәселе туындайтын болса, оларды шешеуге тәжірибелі ата-аналары қатысып, мәселені түбегейлі өз қолдарына алады және осындай әрекет арқылы өз балаларын қазіргі заманның қақтығыстарынан қорғайды (5-диаграмма).

5-диаграмма. "Сіз қалай ойлайсыз, Сіз әділ қоғамда өмір сүріп жатырсыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Бұл жасы ұлғайған сайын жастардың санасында заманауи қоғамдағы әділдікке беретін бағаларының төмендейтіндігімен дәлелденеді, мысалы, 14-18 жас аралығындағылардың 31,3% қоғамды әділ деп санаса, 19-23 жастағылардың 27,2% ғана қоғамды әділ деп есептейді, 24-29 жастағылардың 23% осындай пікірде. Сәйкесінше, заманауи қоғамды әділ емес деп санайтындар қатары тұлғалардың жасы есейген сайын арта түседі, 17,9% көрсеткішінен бастап ("Қоғам әділ емес шығар" және "Жоқ, қоғам әділ емес" жауаптарының көрсеткіштерінің қосындысы) кіші топта, ал ересек топта 25,2%.

Ұлттық жіктелім бойынша жасалған корреляциялық талдау қоғамды әділ деп қабылдайтындардың арасында қазақтардың көптігін көрсетті – 72,6%. Басқа ұлт өкілдерінің арасында (қазақтар мен орыстардан басқа) бұл көрсеткіш 67,7%, ең аз көрсеткіш орыс жастары арасында анықталды - 61,9%. Қазақ жастары мен орыс жастары арасындағы көрсеткіштердің айырмашылығына қарамастан жоғары деп санауға болмайды.

Қоғамды әділ деп қабылдауға жасалған өңірлік талдау өз өміріне қанағаттанатын жастардың (өздері өмір сүретін қоғамды әділ деп танитындар) Атырау және Ақмола облыстарында көптігін көрсетті (жауаптың алғашқы екі нұсқасының қосындысы 88,2% және 86,1%, сәйкесінше). Мұны, қоршаған ортаның әділдігінің деңгейін түсінудің көптеген жағдайда жеке отбасылық жағдайға және өңірдің әлеуметтік-экономикалық игілігіне байланысты болуымен түсіндіруге болады. Көптеген жағдайда, басқа өңір тұрғындарына қарағанда, қоғамды әділетсіз деп санайтындар қатары Шығыс Қазақстан және

Қарағанды облыстарында басым (жауаптардың алғашқы екі нұсқасы бойынша көрсеткіштердің қосындысы 52% және 57%, сәйкесінше) (16-кесте).

16-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, Сіз өмір сүріп жатқан қоғам әділ ме?" сұрағына алынған жауаптар ("Иә, әділ" және "Әділ шығар" жауаптарының қосындысы, % өрнектелген, өңірлік жіктелімде)


	Өңір	%
1	Атырау облысы	88,2
2	Ақмола облысы	86,1
3	Астана қаласы	78,4
4	Павлодар облысы	76,9
5	Батыс Қазақстан облысы	76,1
6	Оңтүстік Қазақстан облысы	75
7	Қостанай облысы	75
8	Ақтөбе облысы	72,3
9	Алматы қаласы	71,7
10	Солтүстік Қазақстан облысы	70,8
11	Қызылорда облысы	68,5
12	Маңғыстау облысы	67,1
13	Алматы облысы	66,4
14	Жамбыл облысы	64,8
15	Қарағанды облысы	57
16	Шығыс Қазақстан облысы	52

Жалпы, біз Қазақстан жастарының көпшілігінің өздері өмір сүріп жатқан қоғамды әділ деп санайтындығын көріп отырмыз. Өздері өмір сүріп жатқан қоғамды әділ деп бағалайтын оптимистік көзқарас жастардың неғұрлым кіші тобына, түпкілікті халыққа, экономикалық тұрғыда табысты Атырау және Ақмола облысы тұрғындарына тән.

5.1.2 Жастардың өз елі үшін мақтаныш сезімдері


Саяси саланың эмоциялық қабылдануының тағы да бір көрсеткіші жастардың өз елі үшін мақтаныш сезімдері болып табылады, ал бұл патриотизмнің бір белгісі. Сауалнаманың: **"Сіз Қазақстанда тұратыныңызды қаншалықты мақтан тұтасыз?" сұрағына** сауалнамаға қатысқандардың 58,3% "өте мақтанамын" деп жауап берген. Егер осы санатқа "мақтан тұтатын шығармын" (29,2%) дегендерді қосатын болсақ, онда сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігінің (87,5%) өз елі үшін мақтанатындығын аңғарамыз (2016 жылы бұл жиынтық көрсеткіш 89,6% болған) (6-диаграмма).

6-диаграмма. "Сіз Қазақстанда тұратыныңызды қаншалықты мақтан тұтасыз?" (%)



Ұлттық жіктелім бойынша жасалған корреляциялық талдау Қазақстанда тұрып жатқандықтарын мақтан тұтатындар арасында қазақтардың (жауаптың "Өте мақтан тұтамын" және "Мақтан тұтатын шығармын" нұсқаларының көрсеткіштерінің қосындысы 91,3%) көптігін көрсетіп отыр, сәл төмен көрсеткіш (87%) өзге ұлт өкілдеріне тән (қазақ және орыс ұлтын санамағанда). Ең аз көрсеткіш орыстарға тән - 72,2%, ал бұл көрсеткішті төмен деп атауға келмейді (7-диаграмма).

7-диаграмма. "Сіз Қазақстанда тұратыныңызды қаншалықты мақтан тұтасыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, ұлттық жіктелімде)



Елде тұрып жатқанын мақтан тұтатындардың басым көпшілігі (жауаптардың "Өте қатты мақтанамын" және "Мақтан тұтатын шығармын" нұсқаларының қосындысы) Солтүстік Қазақстан облысында (100%), Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстарында тұрады (98,5%). Ең төмен көрсеткіш (дегенмен барынша жоғары көрсеткіш) Шығыс Қазақстан облысына тиесілі (70,9%).

Қызықты жайт, сауалнамаға қатысқандардың шамамен 7% "Сіз Қазақстанда тұратыныңызды қаншалықты мақтан тұтасыз?" сұрағына "Маған бәрібір, маңызды емес" деген жауапты таңдаған. Корреляциялық талдау көрсеткендей, "маңызды емес" дегендердің басым көпшілігі Ақмола облысында тұрады, бұл көрсеткіш осы облыс бойынша 24,1%, ал ел бойынша орташа көрсеткіш 7,5%.

Ақмола облысынан өзге "маңызды емес" нұсқасын таңдағандар 10% асатын өңірлер: Батыс Қазақстан облысы (14,1%), Астана қаласы (11,8%), Шығыс Қазақстан облысы (10,9%) және Қызылорда облысы (10,1%).

Осы сұраққа алынған жауапты ұлттық жіктелім бойынша талдай отырып, біз қазақтар арасында "маңызды емес" дегендер қатарының басқа ұлт өкілдеріне қарағанда аз екендігін аңғарамыз - 5%, (қазақтар мен орыстардан басқа) өзге ұлт өкілдерінде 5,8%, орыстар арасында 14,9%.

Осылайша, біз тұтастай алғанда, заманауи Қазақстан жастарының көпшілігінің ел патриоттары екендігін, өз елінде тұратындығын мақтан тұтатындығын көреміз. Бұл көбінесе түпкілікті ұлтқа тән қасиет, олар Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстарында тұрады.


5.1.3 Жастардың болашаққа қатысты көзқарастары

Қазіргі уақыттағы қазақстандық жастардың ахуалына жасалған талдау және оларға түрлі өзгерістер тарапынан берілген баға бойынша жастардың өз өмірін өзгертуге дайындықтары да ескерілді. ***"Сіз болашаққа қандай сезіммен қарайсыз?"*** сұрағы қойылды. Жастар ортасындағы басым көңіл-күй белсенділік, қайырымдылық пен оптимизм. Респонденттер жасы артқан сайын «позитивті» көрсеткіш төмендеп, дүниетанымдағы «негативті» көрсеткіш артады.

Еліміздің жастарының басым көпшілігі өз өмірлеріне риза, көңілдерінің толу көрсеткіштері жастары есейген сайын төмендейді. Респонденттердің табысы артқан сайын өз өміріне көңілінің толу көрсеткішінің өсу тенденциясы байқалады.

Алынған деректер бойынша жастардың 58,1% болашаққа үмітпен және оптимизммен қарайды, 28,7% бір қалыпты көзқараста, айтарлықтай өзгерістерді күтпейді, 9,4% болашаққа алаңдаушылықпен қарайды, 21% - ашынумен және қорқынышпен қарайды (8-диаграмма).

8-диаграмма. "Сіз болашаққа қандай сезіммен қарайсыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Өз болашағына барынша оптимистік көңіл-күймен қарайтындар жас респонденттер (14-18 жас аралығындағылар), ал жасы артқан сайын оптимизм кеми береді, 19-23 жастағылар арасында көрсеткіш 59% және жастардың ересек тобында бұл көрсеткіш 54,5%. Респонденттердің жасы есейген сайын өз болашағына бейтарап және негативті көзқарастағылар санының артуы логикаға сай, "Бір қалыпты қараймын, өзім үшін айтарлықтай өзгерістер күтпеймін" нұсқасы 25,1%, 28,1% және 31,1%, сәйкесінше. Негативті нұсқа "Үреймен және сенімсіздікпен қараймын" - 7,8%, 8,7% және 10,8%, яғни, жас есейген сайын көрсеткіш те артады.

Осы сұраққа алынған жауаптарды ұлттық жіктелім бойынша талдай отырып "Болашаққа сеніммен және оптимизммен қараймын" нұсқасы бойынша көрсеткіштің жоғарылығының барлық ұлтқа тән екендігін байқаймыз, десек те, өз болашағына қатысты көзқарасы неғұрлым оңтайлы келетін халық - қазақтар (жауаптың осы нұсқасын 61,6% таңдаған), ал орыстар мен өзге ұлт өкілдерінің арасында бұл көрсеткіш 45,8% және 55,2% құрайды. Ал орыстар арасында өз болашағына қатысты көзқарас жақсы емес (жауап бергендердің 12,6% "Алаңдаушылықпен және сенімсіздікпен қараймын" нұсқасын және 3,4% "Қорқынышпен және ашынумен қараймын" нұсқаларын таңдаған).


Тұтастай алғанда, біз ел жастарының басым көпшілігінің болашаққа зор үмітпен қарайтындығын аңғарамыз. Мұның жастардың психологиялық ерекшеліктеріне, ата-аналар тарапынан көрсетілетін қамқорлыққа және жастардың әлеуметтік белсенділіктерінің төмендігіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл жастардың өз мемлекетіне сенім білдіретіндігін және бойларындағы патриотизмнің қалыптасқандығын білдіреді. Сонымен қатар, біз респонденттердің ұлты мен жас ерекшеліктері бойынша өз болашақтарына беретін бағаларының өзгеше екендігін байқаймыз.

5.1.4 Жастардың қоғамдағы мемлекеттің рөлі туралы пікірлері

Жастардың өз елін эмоциялық қабылдау ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін тағы бір айнымалы - бұл жастардың қоғамдағы мемлекеттің рөлі туралы пікірлері. Әлеуметтік зерттеу барысында қойылған: **"Қазақстандық қоғам үшін ең маңыздысы не?"** сұрағына сауалнама қатысушыларының 62,4% мемлекет қоғамның өміріне белсене араласуға міндетті деген. 2016 жылы бұл көрсеткіш 69,7% болған, яғни, соңғы жылы шамалы төмендеді. Мұның мемлекеттің қоғам өміріне араласуы маңызды деп санайтын жастардың мемлекеттің қоғам өміріне араласпауы керек дейтіндер санатына ауысуына байланысты болуы мүмкін – 2016 жылы олар 9,7% болған.

2017 жылы 15,3% жастар мемлекеттің қоғам өміріне араласпауы керек деп санаса, 16,2% бұл сұраққа қатысты бейтарап пікірлерін білдіріп, өз қызығушылықтарымен ғана өмір сүретіндіктерін айтқан (9-диаграмма).

6-диаграмма. "Қазақстан үшін ең маңыздысы не?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



5.1.5 Жастардың Қазақстан үшін үлгі ететін ел туралы пікірлері

Саяси құндылықтардың эмоциялық құрамдастарының мәнісін ашатын тағы бір сұрақ: **"Сіз қалай ойлайсыз, даму барысында Қазақстанның қай елді үлгі ретінде қабылдауы керек?"**. Респонденттерге елдер тізімі немесе бір аумақтағы елдер топтамасы ұсынылды, олардың арасынан жауаптың бір нұсқасын ғана белгілеу шарты қойылды. Осы сұраққа алынған жауаптарға жасалған талдау жастардың Қазақстанның даму барысында үлгі ретінде қарауы тиіс ел туралы пікірлері мен қандай құндылықтардың ескеріле отырып, еліктеу үшін таңдалуы керектігіне қатысты ойларын анықтады.

Сауалнамаға қатысқан барлық жастардың үштен біріне жуығы (33,6%) Қазақстан ешкімге де қарамауы керек деген ойда, оның өзіндік дара жолы бар

дейді (2016 жылы мұндайлар саны 31,3% болды). Екінші орынға Ресей (17,3% - 2017 жылы және 21% - 2016 жылы) тұрақтады, үшінші орында - Жақын Шығыс елдері (Араб Әмірліктері, Сауд Аравиясы және т.б.) – 12,8%, төртінші орында - Батыс Еуропа елдері (Ұлыбритания, Франция, Нидерланды, Скандинавия және т.б.) – 12,1%, бесінші орында - Шығыс елдері мен Оңтүстік-Шығыс елдері (Жапония, Малайзия, Оңтүстік Корея және т.б.) – 6,9% (17-кесте).


17-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, даму барысында Қазақстан қай мемлекетті үлгі етуі керек?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Қазақстан үшін бағдар ел	%
1	Ешкімге де қарау керек емес, Қазақстанның өз жолы бар	33,6
2	Ресей	17,3
3	Жақын Шығыс елдері (Араб Әмірліктері, Сауд Аравиясы және т.б.)	12,8
4	Батыс Еуропа елдері (Ұлыбритания, Франция, Нидерланды, Скандинавия және т.б.)	12,1
5	Шығыс елдері мен Азияның Оңтүстік-Шығыс елдері (Жапония, Малайзия, Оңтүстік Корея және т.б.)	6,9
6	Америка Құрама Штаттары	6,3
7	Қытай	3,6
8	Орталық Азия елдері (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан)	1,7

Бағдар ел ретінде алтыншы орында Америка Құрама Штаттары (6,3%), жетінші – Қытай (3,6%), сегізінші - Орталық Азия елдері (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан) – 1,7%.

Осы сұрақтың жауаптарына ұлттық жіктелім бойынша жасалған талдау қызықты. Осылайша, біз үздік үштікке Қазақстан үшін бағдар ел ретінде қазақтардың ешкімді таңдамайтындығын, өз жолының бар екендігін ескеретіндігін көреміз ("Ешкімге қарау керек емес, Қазақстанның өз жолы бар") – 36%, Таяу Шығыс (14,3%) және Ресей (13%). Орыс респонденттердің санасында бұл үштік өзгеше көрінеді: алдымен Ресей (34,7%), бұдан әрі "өз жолы" нұсқасы (22,1%), содан кейін – Батыс Еуропа елдері (12%). Басқа этникалық топтардың өкілдері бірінші орынды үштік бойынша "өз жолы" нұсқасына берген (36,8%), одан кейін Ресей (17,9%), үшінші орында таяу Шығыс елдері (11,7%) (10-диаграмма).

10-диаграмма. "Сіз қалай ойлайсыз, даму барысында Қазақстан қай мемлекетті үлгі етуі керек?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, ұлттық жіктелімде)



Жастар ортасындағы басым көңіл-күй белсенділік, қайырымдылық пен оптимизм. Респонденттердің жасы артқан сайын «позитивті» көрсеткіш төмендеп, дүниетанымдағы «негативті» көрсеткіш артады. Еліміздің жастары көптеген жағдайда өз өмірлеріне қанағаттанады, көшуге (ел ішінде де, ел сыртына да) ниетті емес. Ал көшуге ниеттілер көрсеткіші орыстар арасында басым.

Қазақстан үшін бағдар ел ретінде белгілі елге жасалатын таңдаудың ең алдымен респонденттердің ұлтына байланысты екендігін аңғарамыз. Бұл жағдайда этникалық және мәдени жақындығы маңызды рөл атқарады (орыстар Ресейді көп таңдайды) және діни ынтымақтастықтың да орын алуы мүмкін (қазақтар таяу Шығыс елдеріне таңдау жасайды). Бір қызығы, барлық этникалық топтарда үздік үштікке «дамудың өзіндік жолы» нұсқасын санамағанда) Ресей кіреді, бұл қазақстандық жастардың екі елдің ортақ тарихының бар екендігін ескеруін, екі ел жастарының мәдени бірлесуінің тығыз қарым-қатынаста екендігін бағалауын білдіреді (негізінен орыстар).

5.2 Заманауи қазақстандық жастардың саяси мінез-құлықтарының ерекшеліктері

Жастардың іс жүзіндегі саяси мінез-құлықтарының ерекшеліктерін және олардың саяси белсенділіктерін анықтау барысында келесі индикаторларға басты назар аударылды: мемлекеттік рәміздерді білу, сайлауға қатысу белсенділігі, жастардың Елбасының Бағдарламалық мақалаларының мәтінінен хабардар болуы, жастар жобаларына қатысу белсенділігі, жастардың БАҚ саяси мүддені қалыптастырудағы әсері туралы ой-пікірлері.

5.2.1 Қазақстан жастарының мемлекеттік рәміздерді білуі

Саяси мінез-құлықты зерттеу аясында жастардың Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы көзқарастары анықталды. Қос қызметті атқарған сұрақ: **"Көрсетілгендердің қайсысы Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне жатады?"**. Біріншіден, ол жастардың мемлекеттік рәміздерді білу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді, яғни, саяси білімдерінің деңгейі бағаланды. Екіншіден, бұл сұраққа алынатын жауап жастардың санасында қалыптасқан, мемлекеттік рәміз ретінде танылуы тиіс маңызды объектілерді анықтау мүмкіндігін береді. Бұл сұраққа жауап беру барысында жауаптың таңдалатын нұсқаларының санына шектеу қойылған жоқ.

Алынған деректерге сәйкес, Қазақстан жастары басты мемлекеттік рәміздерді қатесіз атады – елтаңба, ту, әнұран. Дегенмен, жиі аталатыны мемлекеттік ту (91,1%), екінші орында – мемлекеттік елтаңба (89,8%), үшіншісі – мемлекеттік әнұран (85,3%).

Аталғандардан басқа үш басты рәміз ретінде Қазақстан жастары мыналарды атады: Қазақстан Республикасының конституциясы (28,2% рет аталған), жалпы Қазақстан Республикасының заңнамасы (17%), қазақстандық валюта-теңге (15,9%), Бәйтерек монументі (10,5%) (18-кесте).

18-кесте. "Көрсетілгендердің қайсысы Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне жатады?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Рәміз	%
1	Мемлекеттік ту	91,1
2	Мемлекеттік елтаңба	89,8
3	Мемлекеттік әнұран	85,3
4	Қазақстан Республикасының Конституциясы	28,2
5	Қазақстан Республикасының заңнамасы	17
6	Қазақстандық валюта - теңге	15,9
7	Қазақтың ұлттық ою-өрнегі	13
8	Шаңырақтың белгісі	11,6
9	Бәйтерек монументі	10,5

Қызықты жағдай, Қазақстанның мемлекеттік рәміздері қатарына жалпы азаматтық, саяси пайымдаулар бойынша өзге элементтердің жатқызылатындығы анықталды, мәселен, қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері (13%), шаңырақтың белгісі (11,6%). Бұны Қазақстанның жастарының азаматтық және этникалық тұрғыда бірегей болуымен түсіндіруге болады.

Осылайша, Қазақстанның басты мемлекеттік рәміздері – елтаңбасы, туы, әнұраны аталды. Бұл қатарға елдің заңнамасы, ұлттық валюта, Астананың нышаны – Бәйтерек монументі де жатқызылды.

5.2.2 Жастардың сайлауға қатысу деңгейі

Мұндай айнаымалылар қатарына біз жастардың қандай да бір ұйымдарға мүшелігін, жастардың еріктілікке көзқарастарын, жастардың сайлауға қатысу белсенділігін жатқыздық. Сауалнаманың: **"Сіз сайлауларға қатысасыз ба?" сұрағына** тек 21,9% үнемі қатысатындықтарын, ешқашан сайлаудан қалмайтындықтарын айтқан. 2016 жылы бұл көрсеткіш 23,5% болған, демек, соңғы жылы аздап төмендеген (11-диаграмма).

11-диаграмма. "Сіз сайлауларға қатысасыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)




Нәтижелер осы әлеуметтік зерттеу бойынша сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігінің (66,9%) сайлауға белсене қатысатындығын көрсетіп отыр – жауаптардың «Үнемі қатысамын, ешқайсынан қалмаймын» (32,7%) және «Уақытым болса үнемі қатысуға тырысамын» (34,2%) нұсқаларын қосқанда. Жастардың 12,1% сайлауға қатыспайтындықтарын айтты, жауаптардың «Ешқашан қатыспаймын, себебі мұның барлығы сатылып алынған» (6%) және «Ешқашан қатыспаймын, себебі бұл маған қызық емес» нұсқаларын қосқанда (6,1%).

Ал 17,4% жастары 18 толмағандықтан сайлауға қатыспайды. Қазақстан жастарының сайлауға қатысу белсенділігінің көрсеткіштеріне өңірлік жіктелім бойынша жасалған талдау бұл салада Солтүстік Қазақстан облысы мен Атырау облысы жастарының неғұрлым белсенді екендігін көрсетіп отыр (83,6% және 82,4%, жауаптардың «Үнемі қатысамын, ешқайсынан қалмаймын» және «Егер уақытым болса үнемі қатысуға тырысамын» нұсқаларын қосқанда, сәйкесінше). Жастардың сайлауға қатысуының ең төмен көрсеткіштері Қазақстанның Маңғыстау облысында (47,9%), Батыс Қазақстан облысында (56,3%) және Алматы қаласында (57,4%) анықталды.

Қазақстандық жастардың сайлауға қатысу белсенділігіне қатысты көрсеткіштердің ұлттық ерекшелік бойынша өзгеше екендігін айта кетейік. Қазақтар арасында сайлауға қатысу белсенділігінің көрсеткіші жоғары (жауаптың екі оң нұсқасын қосқанда 69,6%), одан кейін орыстар – 62,3% және басқа ұлт өкілдері – 57,1%. Сайлауға ең аз қатысатындар Ақтөбе облысында тұрады (33,7%).

Жалпы, Қазақстан жастарының сайлауға белсенді қатысатынан байқадық. Жынысы, жасы, табысы мен басқа да әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер бойынша (ұлттық ерекшелікті санамағанда) өзгешелік анықталған жоқ. Дегенмен, Қазақстанның жастары сайлауға ең белсенді қатысатын өңірлерін атап кетейік, олар: Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстары (12-диаграмма).

12-диаграмма. "Сіз сайлауларға қатысасыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, ұлттық жіктелімде)



Жалпы алғанда әрбір бесінші қазақстандықтың сайлауға тұрақты түрде қатысатындығын көріп отырмыз, отандық жастардың үштен бір бөлігі сайлауға уақыты болса қатысады. Жастардың 14% сайлауға қатыспайды, мұны сайлауға сенбейтіндіктерімен және олардың сайлауға қатысуынан ештеңенің өзгермейтіндігімен түсіндіреді.


5.2.3 Қазақстан жастарының ел Президентінің Бағдарламалық мақаласының мәтінімен және ол туралы ақпарат алу көздерімен таныстығы

Осы зерттеу барысында алға қойылған мақсаттардың бірі Қазақстан жастарының ел Президентінің Бағдарламалық мақаласының мәтінімен таныстығын анықтау болатын. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы жылдың «12» сәуірінде жарияланған «Болашаққа

бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» Бағдарламалық мақаласы туралы ел жастарының 57,5% біледі екен.

Респонденттерге ұсынылған сұрақ: **"Сіз Президент Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" Бағдарламалық мақаласымен таныссыз ба?"**. Бұл мақала туралы жастардың 38,9% білмейді. ҚР Президентінің Бағдарламалық мақаласымен таныспағандар арасында қазақ жастары көп, біз мақала туралы жай естігендерді емес, жақсы білетіндерді айтып отырмыз. Жастардың көпшілігі бұл Бағдарламалық құжаттың атауын естіген, бірақ мазмұнымен таныс емес (13-диаграмма).

13-диаграмма. «Сіз Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласымен таныссыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнама қатысушыларының 8,7% ғана білемін, оқыдым және таныспын деген жауапты таңдаған. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы жылдың «12» сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» Бағдарламалық мақаласын аз білетін жастар Ақтөбе облысында және Астана қаласында кездесті. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы жылдың «12» сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» Бағдарламалық мақаласының тақырыбы мен идеяларының өзектілігін қолдау көрсеткіштері де әр түрлі.

Қазақтар орыстар мен басқа ұлт өкілдеріне қарағанда бағдарламалық мақаланың ұлттық мәдениетті сақтау (19,9%) және қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп ауысуы (8,9%) мәселелерін өзекті деп санайды. Тиісінше, жас есейген сайын аталған Бағдарламалық мақаламен таныс адамдар саны да арта түсті (6,8%, 8,6% және 9,8% - үш жас ерекшелігіндегі топтар бойынша).

Жастардың өз елінің дамуына қосатын үлесінің қандай болуы мүмкін деген сұраққа алынған жауаптар реті мынадай болды: жас қазақстандықтардың 77,8% Қазақстанға жағымды дамушылық ықпал ету үшін не жасай алатындықтарын айтты. Жастардың 22,2% жауап бермеді немесе сұраққа жауап бере алмады. Ұлттық жіктелім бойынша осы сұраққа жауап бермегендер арасында айырмашылық айтарлықтай емес, қазақтар мен орыстарға қарағанда басқа ұлт өкілдерінің саны басым. Мұны басқа елге көшіп кетуді көздеп жүрген жастар деп түсіндіруге болады.

Зерттеу барысында жастардың қандай ақпарат көздерінен саясат туралы мәлімет алатындығын, атап айтқанда, Бағдарламалық мақала мазмұнымен қайдан танысқандығын анықтау маңызды болды. Зерттеу мәліметтері бойынша, Президент Н.Ә. Назарбаевтың («Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру») Бағдарламалық мақаласымен танысу бойынша жиі қолданылған ақпарат көзі телеарналар болды - жастардың 63,3% осы ақпарат көзін атады. Екінші орында әлеуметтік желілер (27,7%) тұр, үшінші орында – газеттер (18,9%), төртінші – Ғаламтор-ресурстары (16,8%), бесінші – достар, таныстар (16,5%).

Ал сауалнама қатысушыларының 0,3% ғана бұл мақаламен мектепте таныстық деген, бірақ, мектеп және басқа да оқу орындары жастарды осындай құжаттардың мазмұнымен алғашқы болып таныстыруға міндетті (19-кесте).

19-кесте. "Сіз Президент Н.Ә. Назарбаевтың Бағдарламалық мақаласы туралы ("Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру") ақпаратты қандай ақпарат көзінен алдыңыз?" сұрағына алынған жауаптар, (% өрнектелген)

	<i>Ақпарат алу көзі</i>	<i>%</i>
1	Телеарналардан	63,3
2	Әлеуметтік желілер	27,7
3	Газеттерден	18,9
4	Ғаламтор - ресурстарынан	16,8
5	Достарымнан, таныстарымнан	16,5
6	Әріптестерден, группаластарымнан	12,1
7	Мектеп	0,3
8	Радио	0,2
9	Жарнамалық қалқан	0,1

Телеарна жастардың саясат туралы ақпарат алатын бастауы ретінде, атап айтқанда, Президенттің Бағдарламалық мақаласы туралы ақпарат беру көзі ретінде барлық жастағы топтарда үздік бюолды, дегенмен, респонденттердің жасы есейген сайын көрсеткіші де артып отырады. Мысалы, 14-18 жас аралығындағылар ақпараттың осы көзін 59,6% жағдайда атаса, 19-23 жастағыларда көрсеткіш 62,4%, ересектерде, демек, 24-29 жастағыларда – 65,6%. Сонымен бірге саяси ақпарат көздердің бірі ретінде достардың, таныстардың көрсеткіштерінің респонденттердің жасы есейген сайын кеми бергендігін көрдік (19,3%, 16,7% және 15,1%, сәйкесінше, үш топтағы жастар арасында).

Әр түрлі әлеуметтік-демографиялық белгілерге байланысты жасалған корреляциялық талдау газеттер сияқты саяси ақпарат көзіне таңдауды көбіне қалалық тұрғындарға қарағанда ауыл тұрғындарының көп сенетіндігін көрсетті (21,1% және 17,3%). Бағдарламалық құжаттың мазмұнымен достары және таныстары арқылы танысатындардың көпшілігі жұмыс істемейтін, жұмыс іздемейтін және оқымайтын жастар (көрсеткіштері 26,9%, ал орташа көрсеткіш 16,5%). Негізінен мұндай адамдардың араласу ортасы жұмыс істейтіндердің ортасына қарағанда шектеулі. Сонымен қатар, бұл адамдардың жоғары білімінің болмауы да мүмкін, бұл олар үшін басқа ақпарат көздерін сенімсіз етеді. Сонымен қатар NEET санатты жастардың көпшілігінің басқаларға қарағанда (жұмыс істейтіндерге, оқытындарға) саясат туралы ақпарат тарататын телеарна мен газеттерге сенеді (телеарна бойынша 70% астам, ал жұмыс істейтіндер арасында 60%, газет бойынша 29%, орташа көрсеткіш 18,9%).

Әлеуметтік желі және Ғаламтор-ресурстары сияқты ақпарат көздерінен саяси мәліметтерді қарайтындардың көпшілігінің жоғары оқу орнынан кейінгі білімдері бар, жас мамандар (48,4% әлеуметтік желіден ақпарат алады, ал орташа көрсеткіш 27,7% және 51,6%, ал Ғаламтор-ресурстары бойынша орташа көрсеткіш 16,8%).

Сауалнаманың: *"Сіз қалай ойлайсыз, Президент Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласында қозғалған тақырыптар мен идеялардың қайсысы біздің қоғам үшін аса өзекті?"* сұрағы жастардың аталған құжатпен таныстығын анықтауға ғана емес, заманауи жастарды толғандыратын мәселелерді анықтауға бағытталған еді.


Қазақтар орыстар мен басқа ұлт өкілдеріне қарағанда Бағдарламалық мақаланың ұлттық мәдениетті сақтау (19,9%) және қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп ауысуы (8,9%) мәселелерін өзекті деп санайды. Жастардың өз елінің дамуына қосатын үлесінің қандай болуы мүмкін деген сұраққа алынған жауаптар реті мынадай болды: жас қазақстандықтардың 77,8% Қазақстанға жағымды дамушылық ықпал ету үшін не жасай алатындықтарын айтты. Жастардың 22,2% жауап бермеді немесе сұраққа жауап бере алмады. Басқалар (шет тілдерін үйренемін, еріктілікпен айналысамын, ата-анамның мақтанышы боламын, өз елімнің тарихын жақсы меңгеремін, тек қана қазақша сөйлеуге тырысамын, қазақстандық туризмді дамытамын, жұмысқа жастарды тартамын, көптеген өнімді өз елімізде шығарамын, шыдамды боламын, үлкендерді сыйлаймын, жастардың Қазақстаннан шетелге ТМЖ кетуіне жол бермеймін, азаматтық борышымды адал өтеймін, болашақта жеке кәсіпкерлікпен айналысамын, коммуналдық қызмет бағасын төмендетемін, сайлауға қатысамын, Қазақстанның рәміздерін білемін, жұмыссыздықпен күресемін, мәдениетті боламын, кешегіге қарағанда жақсы боламын және т.б.) деген (20-кесте).

20-кесте. "Сіз Президент Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" Бағдарламалық мақаласында ұсынылған тақырыптар мен идеялардың қайсысын біздің қоғам үшін аса маңызды деп санайсыз? (% өрнектелген)

	Өзекті тақырыптар	%
1	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыру және тілді меңгеруін жақсарту арқылы қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру	30,4
2	Ұлттық мәдениетті, тарихты сақтау	20,2
3	Дұрыс, шамаға сай өмір сүру; орынсыз шашпай, мүмкіндікке сай өмір сүру	16,9
4	Білім культі туралы түсінік, табысқа тек жоғары білімді адамдар ғана жете алады	16
5	Өзгерістерге дайын болу, пайдалы тәжірибелер алу және өзгелерден үйрену	14,4
6	Қазақстандық қоғамның, жаңа технологиялар мен ұлттық идеялардың бірлесіп дамуы	13,1
7	Шағын Отанға деген сүйіспеншілікке баулу, демек, ауылға, қалаға, елді мекенге	7,3
8	Қазақстандық мәдениетті бүкіл әлемге таныту	7,2
9	Қазақ тілінің латынға біртіндеп ауысуы	6,7

Осы зерттеудің тағы бір мақсаты жастардың "Туған жер" бағдарламасымен қаншалықты таныс екендігін анықтау болды. Сауалнаманың: "Сіз "Туған жер" бағдарламасымен таныссыз ба немесе ол туралы естідіңіз бе?" сұрағына сауалнамаға қатысушылардың жартысына жуығы (48,6%) теріс жауап берген, демек бағдарлама туралы ешқашан естімеген. Тағы 41% ол туралы естіген. Сауалнамаға қатысқан жастардың тек 5,8% оқыған, көрген, мазмұнымен таныс (14-диаграмма).

14-диаграмма. "Сіз "Туған жер" Бағдарламасын білесіз бе немесе ол туралы естідіңіз бе?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



"Туған жер" бағдарламасымен таныс емес тұлғалардың осыншама көп болуы (соның ішінде оқып жатқан жастар да бар) елдің оқу орындарында аталған құжаттармен таныстыру бойынша жұмыстардың тиісінше атқарылмайтындығын білдіруі мүмкін, десек те, Қазақстанның білім алушы

жастарының басқаларға қарағанда осындай құжаттар мен бағдарламаларға қол жетімділіктері басым.

Корреляциялық талдау көрсеткендей, "Туған жер" бағдарламасымен таныс емес жастар Қарағанды, Ақмола, Қостанай облыстарының жастары, олардың жалпы көрсеткіші 64% (ал орташа мән 48,6%). Бұл бағдарламамен жақсы таныс аздаған жастар (жауаптың "Оқыдым, білемін және мазмұнымен жақсы таныспын") нұсқасын таңдағандар Павлодар және Алматы облыстарында (16,7% және 13,3%, сәйкесінше, ал орташа көрсеткіш 5,5%).

5.2.4 Қазақстан жастарының жастар жобасына қатысуы

Саяси мінез-құлықтың бір түрі жастар бағдарламасына қатысу болып табылады. Мемлекеттік жастар саясаты бірқатар жастарға арналған бағдарламалар арқылы да жүзеге асырылады. Осы зерттеу төңірегінде Қазақстан жастарының «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен ауылға!», «Жастар кадрлық резерві», «Жасыл Ел», бизнесті қолдау мен дамытуға арналған бірыңғай «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларымен қаншалықты таныс екендігі анықталды. **"Сіз қандай жастар жобасы туралы естідіңіз, білесіз немесе қатыстыңыз?"** сұрағы бойынша жастар арасында ең танымал бағдарлама "Жасыл ел" жастар еңбек отряды" болды, оны білетіндер, қатысатындар 8,3% құрады. Екінші орында бұл көрсеткіш бойынша "Жайдарман КТК" ойындары (4,1%), үшінші орында – "Жастар кадрлық резерві" (2,5%), төртінші - "Ұлттық Дельфий ойындары" (1,6), бесінші – "Өңір аралық бизнес-машықтанулар" (1,4%) (21-кесте).

21-кесте. "Сіз қандай жастар жобалары туралы естідіңіз, білесіз немесе қатыстыңыз?" (жауаптың "Білемін, қатыстым" нұсқасын таңдағандар, % өрнектелген)

	Жастар жобасы	%
1	"Жасыл ел" жастар еңбек отряды	8,3
2	"Жайдарман КТК" ойындары	4,1
3	Жастар кадрлық резерві	2,5
4	Ұлттық Дельфий ойындары	1,6
5	Өңір аралық бизнес-машықтанулар	1,4

Респонденттердің көпшілігі «Иә, естуім бар» жауабын таңдады: «Жастар кадрлық резерві» (79,4%), «Жастар тәжірибесі» (78,9%), «Бизнестің жол картасы 2020» (75,5%), «Дипломмен ауылға!» (70,7%), «Жасыл Ел» (68,9%). Бірақ респонденттердің аталған бағдарламаларға қатысушы болып саналу деңгейінің төмен екендігін атап айту керек. Осы көрсеткіш бойынша бірінші орында «Жасыл Ел» (4,3%), содан соң «Жастар тәжірибесі» (4,1%) бағдарламасы, «Жастар кадрлық резерві» (2,6%), «Бизнестің жол картасы 2020» (1,5%), «Дипломмен ауылға!» (1,4%) жобалары.

Жастарға арналған бағдарламалар мен жобаларды білу және оған қатысу бойынша өңірлік талдау жасап көрейік. Қазақстанның барлық өңірлерін ақпараттану деңгейлеріне қарай төрт топқа бөлдік. Бірінші топқа бес

бағдарлама бойынша «Жақсы білемін» жауабын таңдаған респонденттердің орташа саны 30% асатын өңірлер енгізілді. Бұл Қызылорда (35,1%), Шығыс Қазақстан (33,6%), Жамбыл (32,1%) және Алматы (31,2%) облыстары.

Екінші топта көрсеткіші 20% артық, бірақ 30% кем өңірлер топтасты. Бұл Батыс Қазақстан (28,8%), Атырау (25,5%), Қарағанды (24,4%), Павлодар (24,0%), Ақтөбе (22,2%), Оңтүстік Қазақстан (20,6%) облыстары және Алматы қаласы (20,2%). Үшінші топқа көрсеткіштері 20% төмен, бірақ 10% артық аймақтар жинақталды, олар: Қостанай (10,6%) және Солтүстік Қазақстан облыстары (10,3%). Тізімді аутсайдерлер тұйықтап тұр, олардың орташа көрсеткіштері 10% (22-кесте).

22-кесте. "Сіз қандай жастар жобалары туралы естідіңіз, білесіз немесе қатыстыңыз?" (жауаптың "Білемін, қатыстым" нұсқасын таңдағандар, % өрнектелген, ұлттық жіктелімде)

	<i>Жастар жобасы</i>	<i>Қазақтар</i>	<i>Орыстар</i>	<i>Басқа ұлт өкілдері</i>
1	"Жасыл ел"	10,5	3,2	2,2
2	"Жайдарман" ойындары	5,1	2,0	0,9
3	Жастар кадрлық резерві	3,1	0,6	1,8
4	Ұлттық Дельфий ойындары	1,7	1,4	1,3
5	Өңір аралық бизнес-машықтанулар	1,5	0,6	1,8

«Жасыл Ел» бағдарламасын өңірлерді қамтуы бойынша бірінші орынға қоюға болады. Оған 14 облыстан қатысқан респонденттер бар (Атырау және Маңғыстау облыстарын санамағанда), бағдарламаға қатысу деңгейі өте жоғары. Батыс Қазақстанда «Жасыл Ел» бағдарламасына қатысқандар үлесі респонденттер арасында 18,5% құрады, ал Ақтөбе облысында – 13,9%.

"Жастар тәжірибесі" бағдарламасына да 14 өңірдің респонденттері қатысқан, Қостанай және Маңғыстау облыстарын санамағанда. Дегенмен, Ақмола облысы мен Солтүстік Қазақстан облысында бұл бағдарламаға әрбір оныншы респондент (10,8%) қатысқан болса, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш бір пайыздан төмен (0,6% және 0,9% сәйкесінше). Шын мәнісіне келер болсақ, аталған бағыттар жастар саясаты тұрғысынан алғанда ең алдымен шешімін табуы тиіс салалар болып табылады, бұл жастардың пікірі. Жастар жобасының сұранысқа ие бағыттарының бестігі төменде көрсетілген (23-кесте).

23-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, қандай жобалардың жастар үшін қазіргі таңда республикалық деңгейде қолға алынуы қажет?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Жастар жобаларының бағыттары	%
1	Жұмысқа тұруға жәрдемдесетін Жобалар	54,8
2	Құқық бұзушылықпен, суицидпен, ішімдікпен, темекі шегумен және нашақорлықпен күресу Жобалары	28,0
3	Өмірде қиын жағдайға ұшыраған жастардың еңбектік және әлеуметтік бейімделуіне бағытталған Жобалар	25,7
4	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес Жобалары	23,8
5	Дарынды жастарды қолдау Жобалары	23,1

Аталғандардан басқа, сауалнамаға қатысқан жастар жастарға қажетті жобалардың бағыты ретінде мыналарды атады: банктік пайыздарды кеміту жобалары мен несие беруді қарапайым ету, жас отбасыларға қолдау көрсету, халықаралық мобильділік, шетелде оқуға көмектесу, тегін білім алу жобалары, жастардың баспанамен қамтылуы, ауылды дамыту.

Жалпы жастардың жастар саясаты бойынша жүзеге асырылатын бағдарламалар мен жобаларды білу деңгейінің айтарлықтай жоғары еместігін байқаймыз, оларға қатысу көрсеткіші де төмен. Өзекті бағыттар: жастарды жұмысқа орналастыру, жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, девиантты мінез-құлық, діни экстремизм.


5.2.5 Жастардың БАҚ саяси көзқарасты қалыптастырудағы рөлі туралы пікірлері

Саяси құндылықтар адамның ықпалымен қалыптасады, бірқатар әсер етуші факторлар да бар – отбасындағы тәрбиенің әсері, ең жақын көршілес, әсер ету жүйесі арқылы білім беру және тәрбиелеу. Саяси әлеуметтенудің негізгі агенттерінің бірі, әсіресе, жастар үшін, бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады, оның әсері мен қазіргі қоғамдағы алатын жан-жақты орны, ауқымды сипаты дәстүрлі БАҚ (телеарна, радио, газеттер), сондай-ақ қазіргі заманғы (Ғаламтор-ресурстары, әлеуметтік желілер) құралдар атқаратын рөл ерекше.

Ел жастарының бұқаралық ақпарат құралдарының саяси құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі туралы пікірлерін анықтау мақсатында осы зерттеу төңірегінде мынадай сұрақ қойылды: **"Сіз бұқаралық ақпарат құралдарынан алатын ақпараттар Сіздің саяси мүдделеріңіздің, көзқарастарыңыздың қалыптасуына әсер етті ме?"** Қызықтысы, пікір жауаптардың ұсынылған нұсқаларына тең бөлінді. Мәселен, "Үлкен әсер етті" нұсқасын 20,1% таңдады, қарама-қарсы мағынасы бар жауапты - "Ешқандай әсер етпеді" 21,8% таңдады. Бұл БАҚ заманауи қазақстандық жастардың саяси құндылықтарын қалыптастырудағы рөліне бір беткей баға беруге болмайтындықты білдіреді. Жастардың көпшілігі (28,9%) БАҚ алынған ақпараттардың саяси көзқарастарына және құндылықтарының қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен жоқ деп жауап берген. Сауалнамаға қатысқандардың

тағы төрттен бірі (25%) БАҚ өзінің саяси құндылықтарының қалыптасуына әсер етеді деп ешқашан ойламаған (15-диаграммалар).

15-диаграмма. "Сіз бұқаралық ақпарат құралдарынан алатын ақпараттар Сіздің саяси мүдделеріңіздің, көзқарастарыңыздың қалыптасуына әсер етті ме?" (% өрнектелген)



Респонденттердің ұлты орыстарының көрсеткіштерінің аздаған басымдығы анықталды, олардың ойы бойынша БАҚ саяси көзқарастар мен құндылықтардың қалыптасуына әсері өте аз - 27,2%, ал қазақтар арасында - 20,2%, басқа ұлт өкілдері арасында – 23,8%. Тиісінше, орыстар арасында БАҚ алған ақпарат саяси құндылығының қалыптасуына ықпал етті деушілер ең аз (12,6%), ал қазақтар арасында 22%, өзге ұлт өкілдерінің арасында – 19,7% (24-кесте).

24-кесте. "Сіз бұқаралық ақпарат құралдарынан алатын ақпараттар Сіздің саяси мүдделеріңіздің, көзқарастарыңыздың қалыптасуына әсер етті ме?" (% өрнектелген, ұлттық жіктелімде)

	Әсер ету дәрежесі	Қазақтар	Орыстар	Басқа ұлт өкілдері
1	Үлкен әсер етті	22,0	12,6	19,7
2	Аздаған әсер етті	29,7	32,1	18,8
3	Ешқандай әсер еткен жоқ	20,2	27,2	23,8
4	Бұл туралы ешқашан ойланған емеспін	24,0	24,9	31,8
5	Жауап бере алмаймын	3,8	2,9	5,8

Жалпы, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (жауаптардың "Үлкен әсер етті" және "Аздаған әсер етті" нұсқалары бойынша көрсеткіш 49%) өздерінің саяси құндылықтарының қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының әсер еткендігін мойындайды. Ал ұлттар арасында

айырмашылық бар, түпкілікті емес халықтың саясат туралы ақпаратқа қызығушылығы төмен.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Қазақстан жастарының көпшілігінің өздері өмір сүріп жатқан қоғамды әділ деп санайды. Өздері өмір сүріп жатқан қоғамды әділ деп бағалайтын оптимистік көзқарас жастардың неғұрлым кіші тобына, түпкілікті халыққа, экономикалық тұрғыда табысты Атырау және Ақмола облысы тұрғындарына тән.

2. Заманауи Қазақстан жастарының көпшілігінің ел патриоттары екендігін, өз елінде тұратындығын мақтан тұтатындығын көреміз. Бұл көбінесе түпкілікті ұлтқа тән қасиет, олар Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстарында тұрады.

3. Ел жастарының басым бөлігі болашаққа нық сеніммен қарайды. Сонымен қатар бұл жастардың өз мемлекетіне сенім білдіретіндігін және бойларындағы патриотизмнің қалыптасқандығын білдіреді. Болашағының жарқын болатынына сенетіндер - қазақтар.

4. Жастардың басым бөлігі мемлекет қоғам өміріне белсенді қатысуға міндетті деп санайды. Жас қазақстандықтардың көпшілігінің пікірінше даму барысында Қазақстан өзіндік жолмен жүруі керек деп санайды. Сонымен қатар, жастар Қазақстанға кейбір елдің тәжірибесі тиімді болар еді деген пікірде, бұл орайда ұлттық және мәдени жақындық та маңызды (орыстар Ресейді таңдайды), діни ынтымақтастық та маңызды (қазақтар жақын шығыс елдерін таңдайды).

5. Қазақстан жастары мемлекеттік рәміздерді – елтаңба, ту, әнұранды жақсы біледі. Сонымен қатар, мемлекеттік рәміздер қатарына жастар заңнаманы, ұлттық валютаны, Бәйтерек монументін, дәстүрлі қазақ мәдениеті элементтерін жатқызады.

6. Тек әрбір бесінші қазақстандық сайлауға қатысып отырады, отандық жастардың тағы үштен бір бөлігі уақыт болса сайлауға қатысуға тырысады. Жастардың сайлауға қатысу көрсеткіштерінің төмендігіне қарамастан саяси өмірге араласудың осы түрі жастар арасында ең танымал болып отыр.

7. Іс жүзінде сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі Президент Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру?" Бағдарламалық мақаласы туралы білмейді, тек 8,7% естідік, оқыдық және мазмұнымен жақсы таныспыз деп жауап берген.

8. Жастардың саясат туралы мәлімет алатын ақпарат көздері арасында (бағдарламалық мақалалардың мазмұны туралы) телеарналар үздік болды, Ғаламтор желісінің де маңыздылығы артып отыр, оны жастар бір-бірімен араласу үшін ғана емес, саясат туралы ақпарат алу үшін пайдаланады.

9. Неғұрлым өзекті мәселелер "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" Бағдарламалық мақаласында қарастырылған басымдықтар елдің дамуына қосатын үлесінің қандай болуы мүмкін деген сұраққа алынған жауаптардан

Қазақстанға жағымды дамушылық ықпал ету үшін не жасай алатындықтарын анықтады.

10. Қазақстанның жастары арасындағы ең танымал жастар жобасының үштігіне мыналар жатады: "Жасыл ел" жастар еңбек отряды", "Жайдарман ойындары" және "Жастар кадрлық резерві", алайда, қатысу дәрежесі 9% ғана.

11. Қазақстан жастарын бүгінгі таңда толғандырып отырған ең өзекті мәселе және мемлекет тарапынан қолдауды қажет ететін салалар (жастар жобасы түрінде): жастарды жұмысқа орналастыру, жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, девиантты мінез-құлық, діни экстремизм.

12. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан астамы бұқаралық ақпарат құралдарының саяси құндылықтардың қалыптасуына ықпал ететіндігін айтты. Ұлттар арасында біршама айырмашылық бар (орыстар арасында БАҚ саяси құндылықтарды қалыптастыруына берілген баға ең төмен), түпкілікті болып табылмайтын ұлттың саясат туралы ақпараттарға қызығушылығының төмендігіне байланысты (қазақтарға қарағанда).

Болжам:

Қазақстан жастарының елде болып жатқан саяси оқиғаларға қызығушылықтарының төмендігін ескеретін болсақ, болашақта осындай саяси өмірге араласуға қызығушылықтың төмен деңгейі сақталады.

Жастардың саяси өмірге араласуының ең танымал түрі сайлау болып қалады (дегенмен, сайлауға да қатысу деңгейі барынша төмен!), ал сайлауға қатысатындардың көпшілігі білім алушы жастар.

Жастардың жастар жобасына қызығушылықтары бұрынғыша төмен, жастар арасындағы ақпараттық-насихаттық жұмыстар белсенді емес (әсіресе, өңірлерде).

Ұсыныстар:

Қазақстан жастарының жастар жобасына қатысу деңгейінің төмендігіне байланысты түрлі деңгейдегі оқу орындарында жастар жобасын жүзеге асыруға қатысты жарнамалық-насихаттық шаралар атқаруды ұсынамыз. Жастар жобалары бойынша түсіндіру жұмыстарын кеңейту үшін жастардың қолы жетімді (және ең бастысы оларға қызықты!) БАҚ арқылы атқарылатын жұмыстарды қолға алу қажет (атап айтқанда, әлеуметтік желілер): салауатты, белсенді (оның ішінде саяси тұрғыда белсенді) жастардың образын насихаттау қажет.

VI БӨЛІМ. ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ДІНИ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

6.1 Жастардың темекі шегуге қатысты көзқарастары


Мәселе.

Осы зерттеудің мақсаттарының бірі жастардың діндарлық деңгейін, діннің мінез-құлыққа әсерін анықтау болды. Діндарлық қасиеті индивидтің немесе топтың тұлғалық қасиеті ретінде дінге қатысты негізгі көзқарасты білдіреді, олар өздерін дінге сенушілермен немесе дінге сенбейтіндермен үйлестіру амалдарын таңдай алады: діни сана және діни мінез-құлық, бұл діни құндылықтар ретінде бағаланады. Есептің осы параграфында дінге адамның діни сананы қалыптастыратын күш ретінде қалыптасқан пікірлері қарастырылған.

Нәтижелер.

Әлеуметтік сауалнама барысында Қазақстан жастарының дінге қатысты пікірлерін анықтау үшін мынадай сұрақ қойылды: **"Сіз өзіңізді дінге сенетін адаммын деп санайсыз ба?"**. Нәтижелер көрсеткендей, жас қазақстандықтардың дінге қатысты басым пікірлері дінге сену мен діни өмірге қатысудың төмен екендігін аңғартты – 43% артығы осы сұраққа "Мен дінге сенемін, бірақ діни өмірге қатыспаймын" деп жауап берген (16-диаграмма).

16-диаграмма. "Сіз өзіңізді дінге сенетін адаммын деп санайсыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнамаға қатысқандардың 30,8% дінге сенетіндер, бірақ сирек, тек мерекелерде ғана, шіркеулерге/мешіттерге барады, діни нормаларды сақтаулары да сирек. Әрбір оныншы жас азамат (10%) өзін дінге сенетін

адаммын деп атады, ол діни қауымдастықтар өміріне араласады, діни нормаларды сақтайды.

Сауалнамаға қатысушылардың 5,3% дінге сенбейтіндіктерін, бірақ дінге сенушілерді құрметтейтіндіктерін айтты, ал 3,9% дінге сенбеймін, бірақ кейде шіркеуге/мешітке барамын, діни нормаларды сақтаймын деген, тағы 3,6% діни нормаларды сақтайды, 1,4% өзін атеист деп санайды.

Корреляциялық талдау көрсеткендей, аздаған басымдықпен діндарлар арасында (жауаптың "Мен дінге сенемін, діни қауымдастықтар өміріне араласамын және діни нормаларды сақтаймын" нұсқасын таңдағандар) әйелдермен салыстырғанда ерлер қатары басым (12,1% және 7,9%).

Діндарлыққа білім деңгейінің әсер етуі де қызық. Егер белсенді дінге сенушілердің білім деңгейлеріне назар аударатын болсақ, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жастар арасында (аспирантура, магистратура, докторантура) олар 20% (демек, әрбір бесінші адам!), ал орта білім бойынша көрсеткіш 9,4%. Білімі жоқ жастар арасында дінге сенушілер мүлде жоқ. Жастардың білім деңгейін талдай келе біз қарама-қарсы жағдайды байқаймыз, олар өздерін дінге сенбейтіндер қатарына жатқызады (жауаптың төрт нұсқасы бойынша - "Мен діндар емеспін, бірақ кейде мешітке/шіркеуге барамын, діни нормаларды сақтаймын", "Мен діндар емеспін, бірақ діндарларды сыйлаймын", "Менің дінге қатысты көзқарасым бейтарап", "Мен дінге қарсымын, атеистпін" бірге алғанда) – ең жоғары көрсеткіш (29,8%) білімі жоқ жастар арасында анықталды, ал орташа мән 15,6%.

Білімі жоқ жастар арасында дінге сенушілік көрсеткіштерінің төмендігін бұл санаттың көптеген жағдайда ақша табуды ойлайтындықтарына, өмірлік қиыншылықтарды шешумен қолдарының тимеуіне байланыстыруға болады (мұндай адамдардың табыс деңгейі төмен деген тұжырым жасауға болады). Дінге қатысты мәселе оларды толғандырмайды, себебі, білімі жоқтар өмірдің мәнісі және рухани мәселелерден арылу тұрғысындағы рефлексиядан алыс, діни әдебиеттермен таныс емес.

Ұлттық жіктелім бойынша жасалған корреляциялық талдау көрсеткендей, қазақ жастары барынша діндар келеді (11,7% белсенді діндарлар), содан кейін басқа ұлт өкілдерінің жастары (қазақ және орыс ұлтынан басқалар) - (9% діндарлар діни қауымдастықтар өміріне араласады). Орыстар арасында өзін дінге сенетін адам ретінде атағандар және діни қауымдастықтардың өміріне араласатындықтарын айтқандар 3,7% құрайды.

Қазақтармен салыстырғанда орыстардың дінге сенушіліктерінің төмендігі өздерінің дінге сенбейтіндіктерін атағандарды біріктіретін төрт жауап нұсқасы арқылы анықталған көрсеткішпен дәлелденеді ("Мен діндар емеспін, бірақ кейде шіркеуге барамын, діни нормаларды сақтаймын", "Мен діндар емеспін, бірақ дінге сенушілерді сыйлаймын", "Менің дінге қатысты көзқарасым бейтарап" және "Мен дінге қарсымын, атеистпін"). Орыстар арасында бұл жиынтық көрсеткіш ең жоғары – 20,6, қазақтар арасында 13,2%, басқа этностарда – 10,8% (25-кесте).

25-кесте. "Сіз өзіңізді дінге сенгіш адаммын деп санайсыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, ұлттық жіктелімде)

	<i>Дінге қатысты көзқарас түрі</i>	<i>Қазақтар</i>	<i>Орыстар</i>	<i>Басқа ұлт өкілдері</i>
1	Мен дінге сыйынатын адаммын, діни ұйым ісіне қатысамын, діни нормаларды ұстанамын	11,7	3,7	9
2	Мен дінге сыйынамын, бірақ сирек, мерекелерде ғана шіркеуге/мешітке барамын, діни нормаларды сирек ұстанамын	32,1	23,2	34,1
3	Мен дінге сыйынамын, діни ұйым істеріне араласпаймын	40,9	49,9	44,4
4	Мен дінге сыйынбаймын, бірақ кейде шіркеуге/мешітке барамын, діни нормаларды ұстанамын	3,7	4,6	1,3
5	Мен дінге сыйынбаймын, бірақ сыйынушыларды сыйлаймын	5,3	6,9	2,7
6	Менің дінге көзқарасым бейтарап	3,3	6,6	4
7	Мен дінге қарсымын, атеистпін	0,9	2,6	2,7

Өте қызықты жайт, жас респонденттердің арасында өздерін діндар емес деп санайтындарының (жауаптың төрт нұсқасын таңдағандардың: ("Мен діндар емеспін, бірақ кейде шіркеуге барамын, діни нормаларды сақтаймын", "Мен діндар емеспін, бірақ дінге сенушілерді сыйлаймын", "Менің дінге қатысты көзқарасым бейтарап" және "Мен дінге қарсымын, атеистпін") әлеуметтік-демографиялық блок бойынша өзінің дінге қатысты көзқарасы туралы сұраққа жауап бере отырып өздерін исламға, не христиандыққа жатқыза алды.

Мұсылмандар арасында ұсынылған төрт нұсқаны таңдағандардың саны 11%, христиандар арасында 14,1%, ешқандай дінге сенбейтіндер арасында 64,9% (26-кесте).

26-кесте. "Сіз өзіңізді дінге сенгіш адаммын деп санайсыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, конфессиялық тиістілік жіктелімде)

	<i>Дінге қатысты көзқарас түрі</i>	<i>Ислам</i>	<i>Христиандық</i>	<i>Мен ешқай дінді ұстанбаймын</i>
1	Мен дінге сыйынатын адаммын, діни ұйым ісіне қатысамын, діни нормаларды ұстанамын	11,3	5,3	1
2	Мен дінге сыйынамын, бірақ сирек, мерекелерде ғана шіркеуге/мешітке барамын, діни нормаларды сирек ұстанамын	33,8	24,7	10,3
3	Мен дінге сыйынамын, діни ұйым істеріне араласпаймын	41,9	54,1	20,6

4	Мен дінге сыйынбаймын, бірақ кейде шіркеуге/мешітке барамын, діни нормаларды ұстанамын	3,5	4,4	3,1
5	Мен дінге сыйынбаймын, бірақ сыйынушыларды сыйлаймын	4,6	4,4	20,6
6	Менің дінге көзқарасым бейтарап	2,1	3,5	33
7	Мен дінге қарсымын, атеистпін	0,8	1,8	8,2

Мұның жастардың өзін қандай санатқа жатқызатындығына, қандай да бір діни конфессиялар қатарында болуына, қазақстандық жастардың көбіне автоматты түрде дінді таңдайтындығына байланысты болуы мүмкін, өзін қандай да бір дін арқылы дәстүрді және салтты сақтаушы деп тануына, дінді ұлттық және отбасылық дәстүрдің бір белгісі деп түсінуіне байланысты болуы ықтимал.

Егер белсенді діндарлар санын қарастыратын болсақ (жауаптың бірінші нұсқасын таңдағандар - "Мен діндармын, діни қауымдастықтың өміріне қатысамын және діни нормаларды сақтаймын"), Қазақстанның облыстары бойынша біз осындай жастардың басым көпшілігінің Қызылорда облысында екендігін көреміз (24,7%, ал орташа көрсеткіш 9%). Белсенді дінге сенушілердің үлесі 10% асатын өңірлер: Алматы қаласы (11,4%), Шығыс Қазақстан облысы (11,4%), Павлодар облысы (11,5%), Астана қаласы % және Қарағанды облысы (14,8%). Өздерін белсенді дінге сенуші деп санайтын жастардың ең аз бөлігі Солтүстік Қазақстан облысында (0%, яғни, іріктеуге енбеген) және Батыс Қазақстан облысында (11,4%).

Осылайша, біз қазақстандық жастардың діндарлық деңгейінің жоғары еместігін анықтадық. Жастардың дінге көзқарастарының басым үлгісі өздерін діндарлармен сәйкестендіру болып табылады, бірақ қауымдастықтың өміріне араласу белсенділіктері төмен. Белсенді діндарлардың және барлық діни нормаларды сақтайтындардың, діни қауымдастықтардың өміріне үнемі ат салысатындардың орташа көрсеткіші 10% аспайды. Дінді жастар негізінен этникалық салт-дәстүрлердің бір бөлігі ретінде қарастырады, бұл ретте өзін белгілі діни конфессияларға жатқызуы діни сенімнің болмауына және дінге қарсылығының туындауына ұласады.

6.2 Заманауи Қазақстан жастарының діни мінез-құлықтарының ерекшеліктері

Мәселе.


Діни мінез-құлық дегеніміз күнделікті діни дағдылар кешені, адамды немесе адамдардың тобын жұмыс жасау, бос уақытын өткізу, басқа адамдармен қарым-қатынас барысында белгілі ережелер аясында ұстайды. Әдетте, діни мінез-құлықты талдауда мынадай көрсеткіштер қамтылады: ғибадатханаларға бару, діни жораларды орындау белсенділігі, діндарлар үшін діни мерекелердің маңыздылығы.

Нәтижелер.

6.2.1 Ғибадат орындары мен қасиетті жерлерге бару тәжірибесі

Қазақстан жастырман өткізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері орташа есеппен алғанда жастардың көпшілігінің өзінің діни конфессиясының ғибадат орындарына жылына бір рет баратындығын көрсетті, мұндай жауапты таңдағандар 23%. Іс жүзінде әрбір бесінші жас азамат/азаматша (19,7%) мешітке немесе шіркеуге жарты жылдықта бірнеше рет барады, 13,8% - айына бірнеше рет барады. Жастардың 13,6% ғибадат үйлеріне аптасына бір рет барады, 9,3% - жылына бір реттен сирек. Сауалнама қатысушыларының 17,7% мүлдем бармайды (17-диаграмма).

17-диаграмма. "Сіз діни орындарға және басқа да киелі жерлерге (мешіт, шіркеу, синагога) қаншалықты жиі барасыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жоғарыдан байқағанымыздай, жастардың 14,2% өздерін діндар емеспіз деп санайды, ал жастардың 18% ғибадат үйлеріне мүлде бармайды, осы орайда мешітке немесе шіркеуге бару тәжірибесі дінге сенушілердің белгілі бөлігі үшін діндарлықтың міндетті атрибуты болып табылмайды деген тұжырым жасауға болады.

Өздерін "Мен діндармын, діни қауымдастық өміріне араласамын және діни нормаларды сақтаймын" санатына жатқызғандар санының орташа есеппен 10% құрайтындығын, ал өз конфессиясының ғибадат орындарына апта сайын жастардың 13% баратындығын ескеретін болсақ, апта сайын ғибадат орындарына барғанымен өздерін белсенді діндар деп санамайтындықтарын көреміз.

Респонденттердің жауаптары арасында "Жылына бір рет" жауабының басым болуы (23%) мұндай жағдайдың отбасылық рәсімдерге байланысты болуы мүмкін (туыстарының, достарының немесе жақындарының үйлену тойлары, баланың өмірге келуі және т.б.). Мұндай жағдайларда ғибадат орындарына барудың қаншалықты саналы екендігін бағалау қиын, себебі, көпшілік үшін бұл тек дәстүрге жасалатын құрмет болып саналады.

Конфессиялық тиістілік бойынша жасалған талдау ешқандай дінге сенбейтін жастардың белгілі бөлігі үшін ғибадат орындарына апта сайын (9,3%) және айына бірнеше рет (9,3%) бару үйреншікті жағдай екендігін көрсетті.

Жалпы, сыйыну үйіне жиі бару христиан дініне сенушілерге қарағанда мұсылмандарға тән (31,4% - "Аптасына бір рет" және "Айына бірнеше рет" жауаптары бойынша мұсылмандар арасында және 11,5% христиандар арасында). Айта кететіні, жауаптың аталған нұсқалары бойынша ешбір дінге сенбеушілер арасындағы көрсеткіш 18,6% (27-кесте).

27-кесте. "Сіз діни орындарға және басқа да киелі жерлерге (мешіт, шіркеу, синагога) қаншалықты жиі барасыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, конфессиялық тиістілік жіктелімінде)

	<i>Діни және қасиетті жерлерге бару қарқыны</i>	<i>Ислам</i>	<i>Христиандық</i>	<i>Мен ешқай дінді ұстанбаймын</i>
1	Аптасына бір рет	15,1	7,6	9,3
2	Айына бірнеше рет	16,3	3,8	9,3
3	Жарты жылда бірнеше рет	20,1	23,2	3,1
4	Жылына бір рет	22,6	30,6	8,2
5	Жылына бір реттен сирек	9	12,1	6,2
6	Діни және киелі орындарға бармаймын	14,2	19,1	63,9

Айтарлықтай айырмашылықтар ғибадат орындарына бару бойынша респонденттердің жынысы бойынша байқалды. Осылайша, ғибадат орындарына тұрақты түрде (аптасына бір рет) баратындар арасында ерлердің әйелдерге қарағанда көп екендігі анықталды (18% және 9,2%).


Сонымен, біз ғибадат орындары мен қасиетті орындарға заманауи Қазақстан жастарының дағдылы түрде бару тәжірибесінің орташа бағаға ие екендігін анықтадық. Жастардың 13% астамы апта сайын барады. Егер оларға ғибадат орындарына айына бір рет баратындарды қоссақ (шамамен 26%, яғни, жастардың барлығының төрттен бір бөлігі) діни мінез-құлықтың нақты көрінісі анықталады. Жастардың дәл осы топтамасы үшін ғибадат орындарына бару неғұрлым саналы түрде жүзеге асырылатын тәжірибе деп саналады.

6.2.2 Діни жоралардың орындалу қарқыны мен діни мерекелерге қатысты көзқарас

Тағы бір классикалық айнымалы ретінде діни жораларды орындау, оған деген қызығушылық, оларды орындау қарқыны алынады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша: **"Сіз діни жоралғыларды қанишалықты жиі орындайсыз (мысалы, сыйыну және т.б.)?"** сұрағына жастардың 70% жалпы діни рәсім жасайтындықтарын айтқан. Бұл көрсеткіш келесі жауаптардың нәтижелерінің қосындысы болып табылады: "Үнемі", "Кейде" және "Өте сирек". Алда тұрған жауап "Кейде" - 32,9%, одан әрі- "Өте сирек" - 27,2% және "Тұрақты" - 9,6%. Сауалнамаға қатысқандардың 28% діни жораларды ешқашан орындамайды (18-диаграмма).

18-диаграмма. "Сіз діни рәсімдерді қанишалықты жиі жасайсыз (мысалы, намаз оқу, сыйыну)?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Алынған мәліметтер осы жағдай бойынша діндар жастардың белсенділігінің төмендігін көрсетеді (естеріңізге сала кетейік, ол 10%). Негізінен діни жоралығыны орындаушылардың осы 10% ғана екендігін (немесе одан да аз) болжауға болады.


Ең белсенді діни жораларды орындау мұсылмандар арасында (45,8% - жауаптардың "Үнемі" және "Кейде" нұсқалары бойынша қосындысы), христиандар арасында бұл көрсеткіш 34,1%. Бір қызығы, бұл жиынтық көрсеткіш ешбір дінге сенбейтін (өздерінің айтуынша) жастар арасында да біршама - 16,5% (28-кесте).

28-кесте. "Сіз діни рәсімдерді қанишалықты жиі жасайсыз (мысалы, намаз оқу, сыйыну)?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, конфессиялық тиістілік жіктелімінде)

	<i>Діни жораларды орындау қарқыны</i>	<i>Ислам</i>	<i>Христиандық</i>	<i>Мен ешқай дінді ұстанбаймын</i>
1	Үнемі	10,5	6,8	2,1
2	Кейде	35,3	27,4	14,4
3	Өте сирек	28,3	27,9	11,3
4	Ешқашан жасамаймын	23,9	36,5	67

Жас ерекшеліктері бойынша жасалған корреляциялық талдау есейген сайын діни рәсім атқарудың жиілейтіндігін көрсетті. Өз діні бойынша рәсім жасайтындар ("Үнемі", "Кейде" және "Өте сирек" нұсқалары бойынша) 14-18 жас аралығы бойынша 59,3%, орта топта – 70,1%, ересек топта 75%. Тиісінше, жас артқан сайын ешқашан діни рәсім жасамайтындар саны кемиді (38,7%, 26,4% және 23,9%, сәйкесінше) (19-диаграмма).

19-диаграмма. "Сіз діни рәсімдерді қанишалықты жиі жасайсыз (мысалы, намаз оқу, сыйыну)?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, жас ерекшелігі жіктелімінде)



Сауалнаманың: **"Сіздің отбасыңызда діни мерекелер аталып өтіле ме (мысалы, Ораза Байрам, Пасха және т.б.)?"** сұрағына жастардың басым көпшілігі (92,7%) нақты жауап берді - "Иә, үнемі" және "Тек ең маңыздылары" деп жауап берген. Оның үстіне, отбасында сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (47,8%) діни мерекелерді үнемі атап өтетіндіктерін көрсетті.

Осы зерттеу бойынша діндар жастардың санының (белгілі дәрежеде) 83,7% құрайтындығын ескеретін болсақ, біріншіден, кей отбасыларда діни мерекелер дәстүрдің бір бөлігі болып табылады, екіншіден, жастардың дінге сенбеуіне қарамастан отбасының басқа мүшелерінің (ата-аналарының) өздерін діндар деп санайтындықтарына байланысты діни рәсімдер жасайды деген ұйғарым жасауға болады. Сауалнама қатысушыларының 5,5% ешқашан діни мекені атап өтпейтіндіктерін айтқан.

Бір қызығы, ешбір дінге сенбейтін жастар жағдайында респонденттердің діни мерекелерді атап өтетіндерінің ("Иә, үнемі" және "Тек ең маңыздыларын ғана" нұсқалары бойынша) қатары 62% құрайтындығы.

Жалпы ғибадат орындарына бару жағдайындағыдай, жас қазақстандықтардың басым көпшілігі діни рәсімдер жасайды. Қажетті діни рәсімдерді атқару қарқыны ең алдымен адамның дінге қатысты көзқарасына байланысты (діндар деп өзін санауына байланысты), конфессиялық тиістілігіне және жас ерекшелігіне байланысты.


Өткен жылмен салыстырғанда жас қазақстандықтардың іс жүзінде діни әдет-ғұрыптарды сақтау және діни рәсімдерді атқару көрсеткіші өзгерген жоқ.

6.2.3 Қазақстан жастарының діннің рухани-адамгершілік тәрбиеге әсері туралы пікірлері

Қазақстандық жастардың басым көпшілігі жастардың рухани және адамгершілік тәрбиесіне діннің ықпалы зор деп көрсетті: *"Сіз қалай ойлайсыз, Аллаға сыйыну, діни орындарға, мешітке/шіркеуге бару қазақстандық жастардың рухани тәрбиесіне ықпал ете ме?"* сұрағына сауалнамаға қатысқан жастардың 70% нақты жауап берді.

Оның ішінде дін мен Құдайға сыйыну міндетті түрде өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көмектеседі деп санайтындар үлесі 40,4% (жастар арасындағы қылмыс, маскүнемдік, нашақорлық және т. б. алдын алады деп ойлайды), тағы 29,8% белгілі жағдайда ықпал етеді деген пікірде. Сауалнамаға қатысқан жастардың әрбір бесіншісі (21,8%) дін рухани-адамгершілік тәрбиеге әсер ете алмайды деп санайды, оған басқа әлеуметтік институттардың - отбасының, білім мен мемлекеттің ықпал етуі керек деген ойда (20-диаграмма).

20-диаграмма. "Сіз қалай ойлайсыз, Аллаға сыйыну, діни орындарға, мешітке/шіркеуге бару қазақстандық жастардың рухани тәрбиесіне ықпал ете ме?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Көбінесе басқаларға қарағанда діннің жастар тәрбиесіне әсерін мұсылмандар жоғары бағалайды (45,5% жауаптың "Иә, міндетті түрде көмектеседі" нұсқасын таңдаған), христиандар арасында бұл көрсеткіш 25,6%, ешқандай дінді ұстанбағандар арасында – 10,3%. Жастардың тәрбиесіне діннің емес, басқа әлеуметтік институттардың ықпал етуі керек дегендер арасында дінге сенбейтіндер көп (ешбір дінді ұстанбағандар) – 39,2%, одан кейін христиандар (30%), мұсылмандар арасында бұл көрсеткіш - 19% (29-кесте).

29-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, Аллаға сыйыну, діни орындарға, мешітке/шіркеуге бару қазақстандық жастардың рухани тәрбиесіне ықпал ете ме?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, конфессиялық тиістілік жіктелімінде)

	Жастар тәрбиесіне діннің ықпалы туралы пікір	Ислам	Христиандық	Мен ешқай дінді ұстанбаймын
1	Иә, міндетті түрде жәрдемдеседі	45,5	25,6	10,3
2	Белгілі жағдайларда (жастар арасындағы қылмыс, ішімдікке салыну, нашақорлық және т.б.) көмектеседі	28,8	35,3	25,8
3	Жоқ, жастардың рухани тәрбиесіне отбасының, білім алатын ортасының және мемлекеттің жауапты болуы керек	19	30,0	39,2

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жастардың қазіргі Қазақстандағы діндарлығы айтарлықтай емес. Жастардың дінге көзқарастарының басым үлгісі өздерін діндарлармен сәйкестендіру болып табылады, бірақ қауымдастықтың өміріне араласу белсенділіктері төмен. Белсенді діндарлардың және барлық діни нормаларды сақтайтындардың, діни қауымдастықтардың өміріне үнемі қатысатындардың орташа көрсеткіші 10% аспайды. Дінді жастар негізінен этникалық салт-дәстүрлердің бір бөлігі ретінде қарастырады, бұл ретте өзін белгілі діни конфессияларға жатқызуы діни сенімнің болмауына және дінге қарсылығының туындауына ұласады.

2. Ғибадат орындары мен қасиетті жерлерге заманауи Қазақстан жастарының күнделікті бару дағдысы орташа бағаға ие. Шамамен 26%, яғни, барлық жастардың төрттен бір бөлігі ғибадат үйіне апта сайын барады немесе айына бірнеше рет барады (шамамен 13%). Жастардың дәл осы топтамасы үшін ғибадат орындарына бару неғұрлым саналы түрде жүзеге асырылатын тәжірибе деп саналады.

3. Жалпы ғибадат орындарына бару жағдайындағыдай, жас қазақстандықтардың басым көпшілігі діни рәсімдер жасайды. Қажетті діни рәсімдерді атқару қарқыны ең алдымен адамның дінге қатысты көзқарасына байланысты (діндар деп өзін санауына байланысты), конфессиялық тиістілігіне және жас ерекшелігіне байланысты. Діни рәсімдерді атқару жиілігі ислам дінін ұстанған ер адамдар арасында басым, ересек жастардың діни рәсім атқарудағы көрсеткіштері жоғары.

4. Діни мерекелерді жастардың басым көпшілігі ұлттық дәстүрдің міндетті бөлігі ретінде атап өтеді, кейді отбасылық дәстүр деп те танылады.

5. Жалпы алғанда, жас қазақстандықтардың көпшілігі (шамамен 70%) діннің рухани-адамгершілік тәрбиеге ықпалын мойындайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бір бөлігі діннің қылмыстың өршуі, маскүнемдік және нашакорлық сияқты мәселелерді шешуге көмектесетіндігін айтты. Әрбір бесінші адам дінді жастар тәрбиесіне араластыруға қарсылығын білдірді, тәрбие мәселесі бойынша шешуші рөл әлеуметтік институттарға - отбасына, білім беру орындары және мемлекетке тиесілі деген пікірде.

Болжам:

Болжам бойынша, жастардың қазіргі таңдағы діншілдік деңгейі сақталады, өйткені, Қазақстанда исламның кеңінен қанат жаюына, мұсылмандық ғибадат үйлері мен нысандар санының артуына қарамастан және діни қауымдастықтардың белсенділігіне қарамастан бұрынғыдай жастарды әлеуметтендіруге бұқаралық мәдениеттің зайырлы құндылықтары әсер ететін болады, оны жастарға БАҚ және зайырлы білім беру институттары жеткізеді.

Ұсыныстар:

Қазақстан жастарын деструктивті діни ағымдарға тарту жағдайының өршуіне байланысты оларды осындай ағымға тарту жолдарын анықтау жұмыстарын атқаруды ұсынамыз. Бұл ретте, басқа діни ағымдарға тартылған тұлғалардың өмірбаянымен танысу керек, жастардың радикалдануының факторларын және дәстүрлі емес діни ілім тарату арналарын анықтау қажет.

VII БӨЛІМ. ЖАСТАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ЖӘНЕ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мәселе.

Заманауи Қазақстан жастарының құндылық ұстанымдарын зерттеу бойынша жүргізілген әлеуметтік сауалнама төңірегінде жастардың салауатты өмір салтына қатысты көзқарастарын анықтау қажет еді.

СӨС қоршаған ортаның зиянды әсерлерінен қорғайды, кәрілікке дейін адамгершіліктің сақталуына мүмкіндік береді, психикалық және физикалық денсаулықты жақсартып, өмір сүру сапасын арттырады, жастардың әлеуметтік белсенділігін үдетеді.

Салауатты өмір салтының құрамдасының бірі жағымсыз әдет пен девиантты мінез-құлықтан арылу болып табылады. Осы бөлім төңірегінде қарастырылатын СӨС төрт құрамдасы: жастардың дұрыс тамақтану тәртібін сақтауы, жастардың спортпен айналысуы, жастардың шылым шегуге қатысты көзқарастары және өзінің немесе айтуы бойынша жақындарының физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырауы бойынша тәжірибелері.

Нәтижелер.

7.1 Жастардың дұрыс тамақтану тәртібін сақтауы


Дұрыс тамақтану тәртібі денсаулықты сақтаудың ажырамас шарты және салауатты өмір салтының маңызды құрамдас бөлігі.

Атқарылған әлеуметтік зерттеу нәтижесіне сай қазақстандық жастардың әрбір бесіншісі (21,8%) дұрыс тамақтану тәртібін сақтайды. 2016 жылы бұл көрсеткіш 69,7% болған, яғни, соңғы жылы төмендеді.

Шамамен үштен бір бөлігі (33,6%, 2016 жылғы 40,6% көрсеткішіне қарағанда) дұрыс тамақтану талаптарын сақтаймын, бірақ мүмкін бола бермейді деген. Әрбір төртінші жас респонденттің (24,9%) айтуынша дұрыс тамақтануы сирек болады. Жастардың 19,3% тамақтану тәртібін ешқашан бақыламайды.

Айта кету керек, 2016 жылы ешқашан тамақтану тәртібін бақыламайтын жастар 10,9% болған, демек, соңғы жылы олардың саны 8% артты.

21-диаграмма. "Сіз дұрыс тамақтану тәртібін сақтайсыз ба?" (% өрнектелген)



Тамақтануының дұрыстығын бақылайтын қыздар саны ер азаматтарға қарағанда аздап басым (59,1% қыздар арасында және 51,9% ерлер арасында, жауаптың "Иә" және "Үнемі мүмкін бола бермейді" нұсқаларының қосындысы бойынша). Тиісінше, ешқашан қадағаламайтындар саны ерлер арасында әйелдерге қарағанда басым (23,4% және 15,1%) (30-кесте).

30-кесте. "Сіз дұрыс тамақтану тәртібін сақтайсыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, жыныстық жіктелімде)

	Тамақтану тәртібін сақтау	Ерлер	Әйелдер
1	Иә	19,9	23,8
2	Көбіне сақтаймын, бірақ кейде мүмкін болмай қалады	31,9	35,3
3	Сирек	24,3	25,6
4	Жоқ, ешқашан тамақтану тәртібін бақылаған емеспін	23,4	15,1

Корреляциялық талдау көрсеткендей, жасы ұлғаюына байланысты тамақтанудың дұрыстығын бақылайтындар саны артады. 14-18 жастағылар арасында көрсеткіш жауаптың "Иә" және "Көбінесе, бірақ кейде мүмкін емес" нұсқалары бойынша 52,3% құрайды, ал 18-23 жастағылар арасында көрсеткіш 55,8% тең. Ересек топтағы жастарда көрсеткіш 57%.

Сонымен қатар, салауатты өмір салтына қатысты ұстанымға респонденттердің отбасылық жағдайы да әсер етеді. Сонымен, некедегі жастар арасында өзінің дұрыс тамақтануына көңіл бөлетіндер саны бастары бос және ажырасқандарға қарағанда артық.


Негізінен ауыл жастарына қарағанда қала тұрғындары дұрыс тамақтануға көп көңіл бөледі (ауыл жастарының 22,7% тамақтану тәртібін ешқашан қадағаламайды, ал қалалықтар арасында бұл көрсеткіш 16,6%).

Жалпы, біз Қазақстан жастарының дұрыс тамақтануға көзқарастарының дұрыстығын анықтадық. Алайда, сұралғандардың басым бөлігі дұрыс тамақтануға мүмкіндігінше көңіл бөлетіндіктерін, бірақ кейде бұның мүмкін еместігін айтты. Ал бұл сауалнамаға қатысқандардың әрбір бесіншісінің өзінің тамақтану тәртібіне салауатты өмір салтының маңызды құрамдасы ретінде тиісінше көңіл бөлмейтіндігін білдіреді.

7.2 Жастардың спорттық секцияларға бару қарқыны

Дұрыс тамақтанудан өзге салауатты өмір салты спортпен жүйелі айналысуды да қамтиды. Деректер бойынша осы әлеуметтік зерттеу нәтижесі сауалнамаға қатысқандардың 63,2% спорт залына, стадионға немесе бассейнге баратындығын көрсетті. Оның 18% спортпен айына бір рет айналысса, 16,3% екі және одан да көп рет, 14% "Айына үш-төрт рет" және "Жылына бір реттен сирек" деген жауапты көрсеткен. Үштен бірі (34,1%) мүлдем бармайды (22-диаграмма).

22-диаграмма. "Спорт залына, стадионға, бассейнге және т.б. жерлерге қаншалықты жиі барсыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Корреляциялық талдау көрсеткендей, спортпен неғұрлым белсенді шұғылданатындар кіші топ өкілдері (14 жастан 18 жасқа дейінгі топ) – "Екі және одан да көп рет" жауабын 24,5% таңдады. Орта жас тобында көрсеткіш 16,5%, ересек топта – 11,8%. Осылайша, респонденттердің жасы артқан сайын спортпен айналысу белсенділігінің төмендейтіндігі анықталды. Тиісінше, жас есейген сайын спорттық мекемелерге бармайтындар қатары артады. Мұны жасы 18 асқандардың жұмыс басты болуымен түсіндіруге болады, уақыттары оқуға, жұмысқа немесе отбасылық істерге кетеді.

Әлеуметтік сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жас ерлер қыздарға қарағанда спорт залдарына екі есе жиі барады (57,4% және 40%, "Екі және одан да көп рет", "Үш-төрт рет" және "Бір рет" нұсқалары бойынша).

7.3 Жастардың темекі шегуге қатысты көзқарастары


Қазақстан жастарының темекіге қатысты көзқарастарын анықтауға құндылық бағдарларын зерттеудің екі аспектісі бастама болады.

Біріншіден, шылым шегу денсаулық үшін өте зиянды әдеттің бірі, одан бас тарту салауатты өмір салтының басым екендігін білдіреді.

Екіншіден, темекі шегу классикалық түрдегі девиантты мінез-құлық болып табылады. Жастардың темекі тартуға қатысты көзқарастарына жасалған зерттеу осы әдеттің мәнісін анықтады – жастар ортасында бұл қалыпты жағдай ма, әлде, кемшілік пе.

Сауалнаманың: *"Айтыңызшы, Сіз темекі шегесіз бе?"* сұрағына жастардың 84,2 % қарсы жауап берді, 15,1% темекі шегетінін айтты (23-диаграмма).

23-диаграмма. *"Айтыңызшы, Сіз темекі шегесіз бе?"* (% өрнектелген)



Темекі шегетіндер арасында 76,9% тұрақты түрде темекі шегеді, күнде тартатындары 15,8%, айына бірнеше рет тартатындар 4,3% және кемінде айына бір рет тартатындар 2,3%.

Корреляциялық талдау жыныстық жіктелім бойынша шылым шегетін ерлер санының әйелдерден бес есе артық екендігін көрсетті: 24,9% ерлер және 5,2% әйелдер. Ерлер сияқты, темекі тартатын әйелдер арасында көпшілігі үнемі, күн сайын тартатындықтарын айтты (78,9% ерлер мен 67,3% әйелдер) (31-кесте).

31-кесте. "Егер Сіз шылым шегетін болсаңыз, онда жиілігі қандай?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, жыныстық жіктелімде)

	Шылым шегу жиілігі	Ерлер	Әйелдер
1	Үнемі, күн сайын	78,9	67,3
2	Аптасына бірнеше рет	15,5	17,3
3	Айына бірнеше рет	4	5,8
4	Айына бір реттен сирек	1,2	7,7

Жас ерекшелік бойынша жасалған талдау көрсеткендей, кіші жас тобында темекі шегетіндер саны 6%, орта топта – 15%, ересек топта – 20%. Егер респонденттердің шынайылығына назар аудармайтын болсақ (темекі шегетін жастардың белгілі бөлігінің бұл сауалға шын жауап бермеген болуы мүмкін, өйткені, темекі шегу қоғамдық санада әлі де жағымсыз қылық деп танылады), Қазақстан жастарының әрбір бесіншісі темекі тартады деуге болады.

Респонденттің жасы артқан сайын темекі тарту жиілігі де артады – мәселен, 14-18 жастағылар арасында үнемі тартатындар 51,7% болса, 19-23 жас аралығында – 72,4%, ересектерде 82,2% (32-кесте).

32-кесте. "Егер Сіз шылым шегетін болсаңыз, онда жиілігі қандай?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген, жас ерекшелігі жіктелімінде)

	Шылым шегу жиілігі	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
1	Үнемі, күн сайын	51,7	74,2	82,2
2	Аптасына бірнеше рет	37,9	15,7	12,4
3	Айына бірнеше рет	6,9	6,7	2,7
4	Айына бір реттен сирек	0,0	3,4	2,2

Осылайша, біз темекі шегудің жастардың белгілі ауқымын қамтитынын көрдік, бірақ, алынған мәліметтерге сәйкес бұл 20% аспайды. Жас ер адамдар әйелдерге қарағанда темекіні бес есе жиі тартады, бұл жанама түрде әйел адамдардың темекі шегуінің бұрынғыдай девиация ретінде қабылданатындығын білдіреді.

7.4 Жастардың физикалық зорлық-зомбылықты кездестіруі


Жастар арасында зорлықтың болуы девиантты мінез-құлықтың бір түрі болып келеді. Қазақстан жастарының осындай жағдайға кездесу жиілігін анықтау мақсатында осы зерттеу аясында жастарға екі сұрақ қойылды, біріншісі - осындай жағдайға кездесу жиілігін анықтауға бағытталды, екіншісі - физикалық зорлық-зомбылық көрсетуші субъектілерді анықтауға арналды.

"Соңғы үш ай ішінде Сіз өзіңізге, құрдастарыңызға, сыныптастарыңызға және достарыңызға қатысты жасалған физикалық зорлықтың куәсі болдыңыз ба?" сұрағына жауап бергендер арасында 82,7% соңғы үш ай ішінде өзіне, құрдастарына, сыныптастарына және достарына

қатысты жасалған физикалық зорлықтың куәсі болмаған. Айта кету керек, өткен 2016 жылы бұл көрсеткіш 76,4% болған, яғни, 6% артты.

Сауалнама барысында 2017 жылы 14,4% осындай жағдайға куә болдық деген, 13,1% - кейде, тағы 1,3% - жиі деп жауап берген. Осылайша, деректер соңғы үш ай ішінде 26 тұлғаның физикалық зорлық-зомбылыққа куә болғандығын білдіреді (24-диаграмма).

24-диаграмма. "Өзіңіздің замандастарыңызға, құрдастарыңызға, достарыңызға қатысты соңғы үш ай ішінде физикалық немесе басқа түрдегі мәжбүрлік әрекетіне қаншалықты жиі куә болдыңыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнамадағы: **"Сіздің құрдастарыңызға қатысты зорлық-зомбылықты кім көрсетті?"** сұрағына алынған жауаптар бойынша көбінесе физикалық зорлық-зомбылық жасаған субъектілердің замандастар екендігі анықталды – 55,9%, жастардың осынша шамасы жауаптың дәл осы нұсқасын таңдаған. Екінші орында жиілігі бойынша сыныптастар (22,4%), үшінші орында – ата-аналар (11%), төртінші – ұстаздар (4,8), бесінші – бейтаныс адамдар (1,4%), алтыншы – ересектер (1,0%) (33-кесте).

33-кесте. "Сіздің құрдастарыңызға қатысты зорлық-зомбылықты кім көрсетті?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Физикалық зорлық-зомбылық көрсеткен тұлғалар	%
1	Құрдасы	55,9
2	Сыныптасы	22,4
3	Ата-анасы	11
4	Оқытушы	4,8
5	Бейтаныс адамдар	1,4
6	Ересектер	1
7	Полиция органдары	0,3

Осылайша, жастар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері жастардың физикалық зорлық-зомбылық көру жиілігінің әрбір жетінші тұлғаға қатысты екендігін көріп отырмыз.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Қазақстан жастарының дұрыс тамақтану мәселесіне қатысты көзқарастары оң. Алайда, сұралғандардың басым бөлігі дұрыс тамақтануға мүмкіндігінше көңіл бөлетіндіктерін, бірақ кейде бұның мүмкін еместігін айтты. Ал бұл сауалнамаға қатысқандардың әрбір бесіншісінің өзінің тамақтану тәртібіне салауатты өмір салтының маңызды құрамдасы ретінде тиісінше көңіл бөлмейтіндігін білдіреді.

2. Жастардың көпшілігі спорт залдарына, стадионға немесе бассейнге барады. Жастардың 16% астамы спортпен үнемі шұғылданады (аптасына 2 рет немесе одан да көп), тағы 14% спорттық мекемелерге 3-4 рет барады. Қалған 70% спорт залдарына бармайды немесе уақыттары болғанда ғана барады.

3. Темекі шегу жастардың белгілі ауқымын қамтиды, бірақ, алынған мәліметтерге сәйкес бұл 20% аспайды. Жас ер адамдар әйелдерге қарағанда темекіні бес есе жиі тартады, бұл жанама түрде әйел адамдардың темекі шегуінің бұрынғыдай девиация ретінде қабылданатындығын білдіреді. Темекі тартатын жастардың арасында шамамен үштен екісі үнемі, күнде тартады, жасы ұлғаюына байланысты темекі шегудің қарқыны артады.

4. Жастардың басым көпшілігі өзіне немесе өзінің маңындағыларға қатысты физикалық зорлық-зомбылықты барынша сирек кездестірген. Физикалық зорлық-зомбылық көру немесе сондай жағдайларға кездесу мәселесі әрбір жетінші адамға қатысты. Көбінесе физикалық зорлық-зомбылық жастарға қатысты жасалады - құрдастарының тарапынан және сыныптастарының тарапынан, бұл физикалық зорлық-зомбылық жасаушының девиантты мінез-құлықты жастар қатарына жататындығын білдіреді. Орта есеппен әрбір оныншы жас жігіт ата-аналар тарапынан болатын, ал әрбір жиырмамыншы тұлға – мұғалімдер тарапынан болатын физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Болжам:

БАҚ арқылы жарияланатын дұрыс тамақтануды насихаттау, спортпен айналысудың маңыздылығын арттыру шараларын, түрлі деңгейдегі оқу орындарында атқарылып жатқан салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын назарға ала келе, өз денсаулығына қатысты саналы жауапкершіліктің жастар бойында қалыптасуын олардың спорттық секцияларға бару белсенділігін арттыру арқылы қамтамасыз етуге болады деген тұжырымға келеміз.

Сонымен бірге, жастарға БАҚ арқылы жеткізіліп жатқан жаһандық батыстық құндылықтар жастардың санасына күн сайын сіңе береді, сол арқылы тамақтану дәстүрі (атап айтқанда, фаст-фуд), қызығушылықтың

зиянды әдеттерге оянуы (шылым шегу, спирттік ішімдіктерді асыра пайдалану), зорлық-зомбылықтың үстемдігі қалыптасады.

Ұсыныстар:

Спортпен шұғылданғысы келетін, бірақ мүмкіндігі жоқ жастардың үлесінің басымдығын ескере келе, жастардың әр түрлі санаттары үшін бағасы бойынша қол жетімді және қолайлы спорт алаңдарын ұйымдастыру ұсынылады.

Балаларға арналған спорт алаңдарының жабдықталуына, балалар жаттықтырушыларының біліктілігіне, балаларға арналған спорт секцияларының жұмысына, оған қол жетімділікке назар аудару керек.

Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттайтын арнайы әлеуметтік бейнеүзіктер дайындау, оларды телевизиялық арналар мен әлеуметтік желілерде тарату ұсынылады. Аталған әлеуметтік бейнеүзіктердің мазмұнына спортпен шұғылданатын және салауатты өмір салтын ұстанатын табысты тұлғаларды үлгі, мысал ретінде енгізу керек.

VIII БӨЛІМ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мәселе.

Жастардың құндылықтарын зерттеуде жастардың мәдениет саласындағы құндылықтары мен ұстанымдарын анықтауға айтарлықтай көңіл бөлінеді. Мәдениет саласындағы құндылықтарға жастардың ақпарат алу үшін таңдайтын арналары, мәдени-бұқаралық іс-шараларға бару жиілігі, көркем әдебиет және оның жанрларын оқуға қызығушылық, қалайтын музыка стильдері, жастардың Ғаламторға көзқарастары жатады.

Нәтижелер.

8.1 Заманауи жастар ақпарат алатын негізгі көздер

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі жастардың барынша сенім білдіретін ақпарат көздерін анықтау болып табылады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша: *"Соңғы апта ішінде аталғандардың қайсысын Сіз оқыдыңыз, көрдіңіз немесе тыңдадыңыз?"* сұрағы бойынша жастар үшін ақпарат алатын негізгі көз - әлеуметтік желі болып анықталды, сауалнамаға ақатысқан жастардың 84,6% соңғы апта ішінде қажетті ақпарат алу үшін желіні пайдаланғандығын айтты. Екінші орында телеарналардың жаңалық топтамалары (62,7%), үшінші орында – жаңалық сайттары (56,9%). Радио арналарындағы жаңалық топтамаларын соңғы аптада сауалнамаға қатысқан жастардың 34,6% тыңдаған, жастардың осынша бөлігі газеттер мен журналдарды оқыған (34,4%) және 31,3% кітапты пайдаланған, соның ішінде электронды және онлайн нұсқалары да бар, 27,4% ақпаратты электронды газет немесе журналдан алған (34-кесте).

34-кесте. "Соңғы апта ішінде аталғандардың қайсысын Сіз оқыдыңыз, көрдіңіз немесе тыңдадыңыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	<i>Ақпарат алу көзі</i>	<i>%</i>
1	Әлеуметтік желілер	84,6
2	Телеарналардың жаңалық топтамалары	62,7
3	Жаңалық сайттары	56,9
4	Радиолардың жаңалық топтамалары	34,6
5	Баспа газеттер мен журналдар	34,4
6	Кітаптар, онлайн және электронды түрлерін қоса алғанда	31,3
7	Электрондық газеттер немесе журналдар	27,4

Корреляциялық талдау көрсеткендей, аталған ақпарат көздерінің маңыздылығы сауалнама қатысушыларының жасы есейген сайын артады. Ерекшеленгені тек әлеуметтік желілер ғана, оның негізгі пайдаланушылары орта жастағы топ өкілдері (19-23 жас аралығындағылар), ересек топта, 24-29

жас аралығындағыларда ақпараттың осы көзінің көрсеткіші төмендеген (дегенмен үздіктігін сақтаған) (35-кесте).

35-кесте. "Соңғы апта ішінде аталғандардың қайсысын Сіз оқыдыңыз, көрдіңіз немесе тыңдадыңыз?" сұрағына алынған жауаптар (осы ақпарат көзін пайдаланушылар саны % өрнектелген, жас ерекшелігі жіктелімінде)

	<i>Ақпарат алу көзі</i>	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
1	Әлеуметтік желілер	84,6	87,7	82,6
2	Телеарналардың жаңалық топтамалары	49,8	62,4	69,7
3	Жаңалық сайттары	46,3	57,8	61,8
4	Радиолардың жаңалық топтамалары	24,5	36	39,1
5	Баспа газеттер мен журналдар	29,6	31,4	38,9
6	Кітаптар, онлайн және электронды түрлерін қоса алғанда	29,8	30,6	32,5
7	Электрондық газеттер немесе журналдар	23,3	25,2	31,1

Осылайша, біз телеарнаның Қазақстан жастары үшін ақпарат алатын негізгі көз ретінде маңыздылығын сақтағандығын көреміз, алайда, әлеуметтік желі сияқты ақпарат көзі жастар арасында телеарналық шығарылымдардан басым түсіп отыр және жастардың барлық санаттары бойынша үздік болып танылды.

8.2 Қазақстандық жастардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға бару қарқыны

Осы әлеуметтік сауалнама төңірегінде респонденттер: **"Сіз төменде аталған орындарға қаншалықты жиі барасыз?"** сұрағына жауап берді, ұсынылған тізімнен өздері баратын жерлерді таңдап, бару жиілігін көрсету ұсынылды.

Қазақстандық жастар жиі баратын үздік орындардың бестігіне мәдени-ағарту орындары (жауаптар саны бойынша үздігі "Ешқашан барған емеспін" нұсқасы бойынша) кіреді: компьютерлік клуб (оған сауалнама қатысушыларының 59,5% бармаған), түнгі би клубы (52,6%), көрмелер (49,8%), хайуанаттар бағы (46,6%), мұражайлар (44,1%).

Компьютерлік клубтарға бармау бойынша көрсеткіштің осыншама үлкен болуын түсіндіру оңай - іс жүзінде әрбір отбасында жоқ дегенде бір компьютер немесе басқа Ғаламторға қосылған құрал бар. Ал жастардың көрмелер мен мұражайларға бармауы бойынша көрсеткіштердің жоғарыдағыдай болуы алаң тудырады, мұндай жастар бос уақыттарын әлеуметтік желілерде немесе теледидар алдында өткізеді.

Жастар жиі баратын мәдени орындардың үздік бестігі (жинақтық көрсеткіш жауаптың "Шамамен айына 1 рет", "Шамамен аптасына 1 рет" және

"Аптасына 1 реттен артық" нұсқалары бойынша): сұлулық салоны (43,3%), бар, дәмхана, мейрамхана (42,4%), спорт залы (36,9%), кинотеатр (34,8%) және шіркеу, мешіт (30,4%) (36-кесте).

36-кесте. "Сіз төменде аталған орындарға қанишалықты жиі барасыз?" сұрағына алынған жауаптар (жиынтық көрсеткіш жауаптың "Шамамен айына 1 рет", "Шамамен аптасына 1 рет" және "Аптасына 1 реттен артық" нұсқалары бойынша)

	<i>Мәдени бос уақытты өткізу орны</i>	<i>%</i>
1	Сұлулық салоны	43,3
2	Бар/Дәмхана/Мейманхана	42,4
3	Спорт залдары	36,9
4	Кинотеатр	34,8
5	Шіркеу/Мешіт	30,4
6	Ойын-сауық орталықтары	18
7	Түнгі би клубы	14,7
8	Кітапхана	13
9	Театр, концерт	12,9
10	Компьютерлік клуб	9,8
11	Көрмелер	5,3
12	Мұражайлар	4,9
13	Хайуанаттар бағы	3,8

Деректер көрсеткендей, қалалық жастар ауылдық жастарға қарағанда мәдени бос уақытын өткізу үшін төмендегі орындарға жиі таңдау жасайды: спорт залдары (43,2% және 28,8%), компьютерлік клубтар (12,6% және 6,3%), кинотеатрлар (41,2% және 26,6%), ойын-сауық орталықтары (21,3% және 13,8%). Ауыл тұрғындары қала тұрғындарына қарағанда кітапханаға жиі барады (13,7% - ауылдықтар және 12,4% - қалалықтар), мұражайлар (5,6% және 4,4%, тиісінше).

Жалпы алғанда, жастардың бару жиілігі бойынша ойын-сауық сипаттағы орындар тізім басында тұр, онда жастар көбінесе достарымен бірге уақыт өткізеді. Сұлулық салонына жиі бару өзіне күтімнің тұрақты түрде жасалуының қажеттілігімен түсіндіріледі. Неғұрлым интеллектуалды түрде уақыт өткізу амалдары (кітапхана, көрмелер, мұражай, театр) жастар арасында танымал емес және жастар дем алатын, достарымен кездесе алатын орындардан кейін қалып отыр.


8.3 Жастардың көркем әдебиетті оқуға көзқарастары және музыкалық талғамдары

Көркем әдебиет оқу жастардың бос уақытын тиімді әрі мәдени тұрғыда өткізуінің бір жолы болып табылады. Жастардың кітап оқуға көзқарасын анықтау мақсатында қойылған сұрақ: *"Қазіргі уақытта Сіз қандай да бір көркем әдебиетті оқып жатырсыз ба?"*.

Айта кету керек, бұл жағдайда нақты көркем әдебиет оқу жағдайы алынды, мұнда оқу немесе жұмыс барысында оқитын материалдар кірмейді.

Алынған деректерге сәйкес, жастардың тек төрттен бірі ғана (24,3%) қазіргі уақытта кітап оқумен айналысады. Жастардың 75% қызықпайды (25-диаграмма).

25-диаграмма. "Қазіргі уақытта Сіз қандай да бір көркем әдебиетті оқып жатырсыз ба?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Деректер көрсеткендей, көркем әдебиет оқушылардың саны респонденттердің жасы есейген сайын бірте-бірте төмендейді. Мысалы, жас санаты бойынша 14-18 аралығында оқырман саны 33,1% болса, орта жас тобында (19-23 жас) 29,9%, 24-29 жас аралығындағыларда көрсеткіш 24,1%.

Корреляциялық талдау көрсеткендей, көбінесе көркем әдебиетті қыздар ерлерге қарағанда жиі оқиды (31,4% және 24,7%), негізінен қалалық жастарға қарағанда кітап оқумен ауылдық жастар (30,9% және 24,3%) айналысады, некеде емес жастар жиі кітап оқиды (30,8%, ал орташа мәні 20,5%).

Жастар арасында кітап оқитындардың сандық көрсеткішімен қатар жастар таңдайтын жанрға да сапалық талдау жасалды (сауалнаманың: **"Қандай жанрдағы кітаптарды таңдайсыз?"** сұрағы қойылды). Қазақстан жастарының арасында таңдалуы бойынша көркем әдебиет жанрларының үздік бестігіне кіретіндер: махаббат туралы романдар (17,0%), оқиғалар (15,8%), тарихи әдебиет (14,9%), фантастика және фэнтези (13,5%), детективтер (12,2%) (37-кесте).

37-кесте. "Қандай жанрдағы кітаптарды таңдайсыз?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	<i>Көркем әдебиет жанрлары</i>	<i>%</i>
1	Махаббат романдары	17
2	Шым-шытырық оқиғалар	15,8
3	Тарихи әдебиет	14,9
4	Фантастика мен фэнтези	13,5
5	Детективтер	12,2
6	Поэзия	11,4
7	Шет елдік классика	11,3
8	Заманауи көркем проза	8,7
9	Орыс авторларының классикасы	8,4
10	Отандық классика	8,3
11	Публицистика	3,9

Тұтастай алғанда, біз кітап оқудың қазіргі қазақстандық жастар өмірінде бар екендігін көріп отырмыз, бірақ қазіргі ұрпақтың ата-аналарының жастығымен салыстырғандағы айырмашылығы - кітап оқудың біздің заманымызда көркем әдебиетке қызығушылық түрінде емес, жаңалықтарды, Ғаламтор-ресурстарын, ойын-сауық тақырыптарына жасалатын үндеулерді жылдам және жеңіл қабылдауды қамтамасыз ететін, қысқа және ыңғайлы форматта ұсынылатын ақпарат арқылы туындайтындығында болып отыр.

Жастардың мәдени саладағы құндылықтарын талдау барысында жаңа буын өкілдерінің музыкалық талғамын да зерттеу керек. Жастардың музыкалық талғамдарына талдау жасау маңызды, себебі, зерттеушілерге жастардың құндылыққа қатысты бағдарлары мен ұстанымдарын білуге мүмкіндік береді - батыстық үлгілер, шығыс музыкасы, отандық музыкалық өнімдер және т.б.

Келесі сұраққа алынған көрсеткіштер бойынша: *"Сіз негізінен қандай музыканы қалайсыз?"* сауалының үздік үштігіне Қазақстан жастары мынадай музыкалық жанрларды енгізді: қазіргі заманғы батыс музыкасы (америкалық, британдық, француз және т. б.) – 29,2%, қазіргі заманғы қазақстандық поп-музыка – 26,1% және қазіргі заманғы ресейлік поп-музыка – 15,4%.

Айта кету керек, өткен 2016 жылы заманауи батыс музыкасын тыңдаушылар 37% болған, қазіргі заманғы қазақстан музыкасы – 21,8%, қазіргі заманғы ресей музыкасы - 17,7% болды. Бәлкім, бұл батыс және ресей музыкасын таңдаушылардың белгілі бөлігінің қазақстандық музыканы тыңдаушылар қатарына ауысуына байланысты шығар, бұл жастардың отандық музыкалық контентке қызығушылығының артуын білдіреді.

Біз батыс музыкасының қазіргі заманғы бұқаралық мәдениет сияқты жастар арасында жасалатын таңдау бойынша көшбасшы екенін көріп отырмыз. Шамасы, жас қазақстандықтардың тартатыны ондағы жеңілдіктің, ойын-сауық сипатының, ағылшын тілінің болуы мүмкін, ең бастысы – өмірдің сәнді, қазіргі заманғы, батыстық сипаты көрсетіледі.

Танымалдылығы бойынша жоғарыдағы көрсеткішті қазіргі заманғы отандық музыка "қуып жетті". Қазақстандық музыканың танымалдылығының артуы отандық "өнім" жарнамасының тиімділігіне байланысты, жастарды қазақ тілінде музыка тыңдауға тартады.

Қызықты айырмашылықтар музыкалық жанрлар бойынша ұлттық жіктелімде байқалады. Қазақ жастары арасында танымалдығы бойынша көш бастаған жанр қазіргі заманғы қазақстандық поп-музыка – оны жастардың үштен бірі таңдайды (33,2%). Танымалдылығы бойынша екінші орында қазақтар арасында қазіргі заманғы батыс музыкасы тұр (28,7%), үштікті тұйықтаушы жанр классикалық музыка (13,1%).

Респонденттердің ұлты орыстары арасында сұранысқа ие болғаны қазіргі заманғы ресейлік поп-музыка (35%), екінші орында – қазіргі заманғы батыс музыкасы (33,2%), үшінші орында – классикалық музыка (10%). Басқа ұлт өкілдерінің арасында (қазақ және орыс ұлтынан басқалар) ең танымал

болған жанрлар кему ретімен төменде көрсетілген (көрсеткіштерінің кему ретімен көрсетіліп отыр): қазіргі заманғы батыс музыкасы (америкалық, британдық, француз және т. б.) - 26%, ресейлік поп-музыка (23,8%), классикалық музыка (17,9%).

8.4 Ғаламтордың заманауи қазақстандық жастардың өмірлеріндегі рөлі

Қазақстан жастарының бос уақыттарын өткізуінің кеңінен тараған амалының бірі - уақытты Ғаламтор желісінде өткізу болып табылады. Мәдени бос уақытты өткізудің бұл түрі басқаларына қарағанда көп қызметті. Ғаламтор оқуда, жұмыста, қарым-қатынаста, демалыста, кез-келген тіршілік саласы бойынша ақпарат табуға қолданылады.


Осы зерттеу алдына қойылған міндеттің бірі жастардың Ғаламторды пайдалану жиілігін анықтау, оларда бар әлеуметтік желілердегі аккаунттары туралы мәліметтерді білу, жастар тарапынан Ғаламторға берілетін оң және теріс әсері туралы бағаны анықтау болатын.

Әлеуметтік сауалнама барысында **"Сіз Ғаламторды қанишалықты жиі қолданасыз (кез-келген түрде)?"** сұрағы бойынша қазақстандық жастардың басым көпшілігі (82,2%) Ғаламторды күнде пайдаланатындықтары анықталды.

2016 жылмен салыстырғанда жастардың Ғаламторды күнде пайдаланатындарының саны 8,9% артқан, мұның Ғаламтордың жастар өміріндегі рөлінің артуын білдіретіндігі сөзсіз.

Аптасына бірнеше рет Ғаламторды жастардың 11,1% пайдаланады, айына бірнеше рет - 2,5% пайдаланады (26-диаграмма).

26-диаграмма. "Сіз Ғаламторды қанишалықты жиі қолданасыз (кез-келген түрде)?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Қалалық жастар Ғаламторды ауылдық жастарға қарағанда жиі пайдаланады, қала тұрғындарының үлесі 84,5% құраса, ауылдықтар арасында 79,2%. Сонымен қатар, Ғаламторды мүлде пайдаланбайтын ауылдықтар саны қалалықтарға қарағанда басым (5,4% және 1,8%, сәйкесінше).

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жастар арасында (аспирантура, магистратура, докторантура) Ғаламторды күнде пайдаланатындар үлесі жоғары (90,9%), жалпы орта білімі бар жастарда бұл көрсеткіш (75,9%) және білімі жоқ жастар арасында (66,7%).

Зерттеу көрсеткендей, қазақстандық жастардың 95% әлеуметтік желілерде аккаунттар бар. Жастардың көпшілігі бірнеше әлеуметтік желілерде бар және өз аккаунттарын тіркеген.

Қазақстан жастары арасында ең танымал әлеуметтік желінің үштігіне кіретіндері: WhatsApp (79,8%), ВКонтакте (69%), Instagram (59,8%).

Әрі қарай көрсеткіштерінің кему реті бойынша мынадай әлеуметтік желілер көрсетіліп отыр: Facebook (30,2%), Мой мир в mail.ru (15,8%), Одноклассники (15,6%), Snapchat (7,5%), Twitter (6,8%). Аталғандардан басқа, Қазақстан жастары мынадай әлеуметтік желілерде аккаунттарының бар екендігін айтты: Kwai, Haycover, WeChat, Telegram, Skype, Zips, Viber, Gmail (аталу жиілігі бойынша әрбір 5- адамнан аспайды) (38-кесте).

30-кесте. "Сізге қандай әлеуметтік желіде аккаунт бар?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Әлеуметтік желілер	%
1	WhatsApp	79,8
2	ВКонтакте	69
3	Instagram	59,8
4	Facebook	30,2
5	Мой мир - mail.ru	15,8
6	Одноклассники	15,6
7	Snapchat	7,5
8	Twitter	6,8

Зерттеу барысында Ғаламтордың заманауи жастарға ықпалын анықтау, оң және теріс әсерлерін белгілеу ұсынылды, әсіресе әлеуметтік желілерге қатысты болды. Алынған деректерге сәйкес, жастардың тек 16% ғана әлеуметтік желі өздеріне оң ықпал етпейді деген.

Жастардың әлеуметтік желілерде араласуы салдарынан туындайтын жағымды нәтиже деп аталған жағдайлар: "Жақсы әсер етті, әрқашан менің кез-келген сипаттағы ақпаратқа жедел қол жеткізуге мүмкіндігім бар" - 57,1%, "Жақсы әсер етті, оқуда үлгерімім жақсарды, қажетті материалды үнемі тауып аламын" - 22,7%, "Жақсы әсер етті, виртуалды достар пайда болды, кейіннен шынайы өмірде де таныстық" - 20,6% (39-кесте).

39-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, әлеуметтік желілер Сіздің өмір салтыңызға ДҰРЫС ӘСЕР ете ме?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Әлеуметтік желілердің оң ықпалы	%
1	Жақсы әсер етті, кез-келген ақпаратты дереу тауып аламын	79,8
2	Оқу үлгіріміме жақсы әсер етті, қажетті материалды қашан да тауып аламын	69
3	Жақсы әсер етті, көптеген виртуалды достар пайда болып, кейін шынайы өмірде таныстық	59,8
4	Жақсы әсер етті, өз ойыңды айтатын мүмкіндік пайда болды	30,2
5	Жақсы әсер етті, қосымша қаржы жұмсамастан шет тілін өз бетімше үйрене аламын	15,8
6	Жақсы әсер етті, шетелде оқу/тәжірибе алу мүмкіндігі пайда болды	15,6

Біз жастардың әлеуметтік желілерде ең алдымен қажетті ақпаратты жылдам тауып алу мүмкіндігін, оқуға және қарым-қатынас жасау мүмкіндігін беретіндігін көреміз.

Әлеуметтік желілердің теріс ықпалдарына келер болсақ, сауалнамаға қатысқан қазақстандық жастардың 65% өздеріне әлеуметтік желілердің теріс ықпал ететіндігін айтты. Әлеуметтік желілердің жастардың өміріне тигізетін теріс ықпалы арасында мынадай жағдайлар бар: "Теріс әсер етті, жалпы денсаулығым нашарлап, көру қабілетім нашарлады, бүкірейе бастадым" - 15,8%, "Назарыма нашар әсер етті, есте сақтау қабілетім нашарлап кетті" - 7,0%, "Нашар әсер етті, оқудағы бағам төмендеді" - 6,2%, "Нашар әсер етті, сөйлеу және дикциям бұзылды, виртуалды әлем "сленгтерін" пайдалана бастадым" - 5,2% (40-кесте).

31-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, әлеуметтік желілер Сіздің өмір салтыңызға КЕРІ ӘСЕР ете ме?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Әлеуметтік желілердің теріс ықпалы	%
1	Денсаулығымға нұқсан келтірді, көру қабілетім нашарлады, бүкірейе бастадым	15,8
2	Назарыма нұқсан келтірді, есте сақтау қабілетім нашарлады	7
3	Оқуыма нұқсан келтірді, бағаларым нашарлап кетті	6,2
4	Сөйлеу мәнеріме нұқсан келтірді, виртуалды әлемнің "сленгтерін" пайдаланатын болдым	5,2
5	Ата-анаммен қарым-қатынасыма нұқсан келтірді	4,3
6	Сүйікті жігітіммен/қызыммен қарым-қатынасыма нұқсан келтірді	3,5
7	Өзіме беретін бағаға нұқсан келтірді	3,5

Жастардың әлеуметтік желілердің оң және теріс ықпалдарына берген бағаларын өзара салыстыра отырып, желінің оң ықпалының басымдығын анықтадық.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Телеарнаның Қазақстан жастары үшін ақпарат алатын негізгі көз ретінде маңыздылығы сақталған, алайда, әлеуметтік желі сияқты ақпарат көзі жастар арасында телеарналық шығарылымдардан басым түсіп отыр және жастардың барлық санаттары бойынша үздік болып танылды.

2. Жиілігі бойынша жастар баратын орындар арасында үздіктер ойын-сауық сипаттағы орындар болып отыр, интеллектуалдық түрде бос уақытты өткізу (кітапханаға, көрмелер, мұражай, театр) көрсеткіштері төмен, сондықтан жастар арасында танымал емес.

3. Кітап оқу қазіргі қазақстандық жастар өмірінде бар, бірақ қазіргі ұрпақтың ата-аналарының жастығымен салыстырғандағы айырмашылығы - кітап оқудың біздің заманымызда көркем әдебиетке қызығушылық түрінде емес, жаңалықтарды, Ғаламтор-ресурстарын, ойын-сауық тақырыптарына жасалатын үндеулерді жылдам және жеңіл қабылдауды қамтамасыз ететін, қысқа және ыңғайлы форматта ұсынылатын ақпарат арқылы туындайтындығында болып отыр.

4. Отандық жастардың музыкалық талғамдары бойынша үздік болғаны батыс музыкасы, қазіргі заманғы бұқаралық мәдениет. Музыкалық таңдау жасауда этникалық тиістілігі маңызды рөл атқарады. Мұндай маңыздылықты әр түрлі ұлт өкілдері болып табылатын жастардың ұлттық ерекшелігі бойынша музыкаға жасалатын таңдаумен түсіндіруге болады, бұл орайда жастардың күнделікті араласу тілдері, қарым-қатынас ортасы, өзін белгілі мәдениет топтамасына жатқызуы маңызды.

5. Ғаламтор қазақстандық жастардың барлық топтамаларының бос уақыттарын мәдени өткізуін қамтамасыз ететін әмбебап құрал. Ғаламторды мүлдем пайдаланбайтын жастар 4% аспайды. Жас қазақстандықтардың басым көпшілігі (82,2%) Ғаламторды күн сайын пайдаланады.

6. Жастардың көпшілігі бірнеше әлеуметтік желілерде бар және өз аккаунттарын тіркеген. Ең көп таралған әлеуметтік желілер WhatsApp, ВКонтакте және Instagram – барлық үш әлеуметтік желілер тіркелушілері бойынша 60%.

7. Жастардың басым көпшілігі әлеуметтік желінің өмір салтына әсеріне оң баға береді. Жастар әлеуметтік желілерде ең алдымен қажетті ақпаратты жылдам тауып алады, оқуға және қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады.

8. Жалпы алғанда, жастарға әлеуметтік желілердің теріс ықпалы туралы сөз қозғайтын болсақ, оның денсаулыққа, оқуға және қоршаған ортамен қарым-қатынасқа нұқсан келетіндігін айтуға болады. Оң бағалау басым - желі әсеріне оң баға беретін жастар үлесі, желінің әсеріне теріс баға бергендерден басым.

Болжам:

Жастардың Ғаламтор желісіне қызығушылықтарының басымдығын ескере келе, болашақта осы жағдайдың үдейтіндігін болжауға болады. Әсіресе, бұл Ғаламтор желісіндегі қарым - қатынас аясының кеңейуіне, Ғаламтор-ресурстарды оқуда, жұмыста және демалыс мақсатында пайдалануға қатысты.

Ұсыныстар:

Қазақстан жастары арасында ақпараттардың телеарналар мен Ғаламтор сияқты көздеріне артылатын сенім мен осындай ақпарат көздерінің танымалдылығын ескере отырып, оларды жастарға ықпал ету үшін пайдалану ұсынылады (ақпараттық, білімдік, тәрбиелік, насихаттық мақсаттарда).

Телеарналардың бағдарламалық топтамаларына жастарға арналған бағдарламаларды қосқан дұрыс, жастардың әр түрлі санаттарына, жасына, жынысына, этникалық және тілдік қажеттіліктеріне, білім деңгейлеріне сәйкестендірілуі тиіс.

Бос уақытты мәдени өткізудің интеллектуалдық үлгісінің насихатталуына көңіл бөлу керек, мысалы кітап оқу, осы орайда арнайы бағдарламалар әзірлеу, мұражайларға, көрмелерге және т. б. жерлерге жастардың баруы үшін қызығушылықтарын тудыратын шаралар атқару ұсынылады. Елдің жекелеген өңірлеріндегі жастар үшін отандық мәдени өнімдерді танымал ететін арнайы шаралар ұйымдастыру керек және оларды жастармен бірге өткізу қажет - әдебиет, музыка, кескіндеме және т. б.

ІХ БӨЛІМ. ЗАМАНАУИ ЖАСТАРДЫҢ ТӘРБИЕСІ

Мәселе.

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі респонденттердің жастар тәрбиесі туралы пікірлерін айқындау болып табылады, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне жауапты құрылымдарды анықтауды қоса алғанда. Жастардың ойы бойынша өскелең ұрпақ бойына қандай қасиеттерді сіңіру керектігін анықтау маңызды болды, жастар тәрбиесімен қандай әлеуметтік институттардың айналысуы керектігін анықтау қажет.

Нәтижелер.

9.1 Жастардың бойында тәрбиеленуі тиіс қасиеттер

"Жастардың бойында қандай қасиеттерді тәрбиелеу керек?" сұрағы бойынша қазіргі қазақстандық жастар бес негізгі қасиеттерді анықтады: жауапкершілік (51,8%), мейірімділік (34,9%), еңбекқорлық (32,3%), басқаларға сыйластық (27,1%) және адалдық (24,7%). Ұсынылған 16 қасиет арасынан жастар үшін ең маңызды болғандары: қиял (1,3%), діндарлық/дінге сыйынушылық (3,9%) және ақыл (4,8%) (41-кесте).

41-кесте. "Жастардың бойында қандай қасиеттерді тәрбиелеу керек?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	<i>Қасиет</i>	<i>%</i>
1	Жауапкершілік	51,8
2	Мейірімділік, жанашырлық	34,9
3	Еңбекқорлық	32,3
4	Өзгелерге деген сыйластық	27,1
5	Адалдық	24,7
6	Шыдамдылық	19,4
7	Ұқыптылық	16,9
8	Тәртіптілік	16,6
9	Патриотизм	16,6
10	Мақсатта ұмтылғыштық	9,7
11	Өзін өзі ұстау мәнері	9,3
12	Өзімшіл болмау	6,6
13	Тіл алғыштық	6,3
14	Ақылдылық	4,8
15	Діндарлық/сыйынушылық	3,9
16	Елестетушілік	1,3

Үздіктер бестігіне кірген қасиеттер (сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі таңдады) заманауи жастарға жетіспейтін қасиеттер деген тұжырым жасауға болады. Сауалнамаға қатысқан жастардың көбісінің тәрбиенің қажеттілігі туралы баса айтуына қарағанда, олардың бүгінгі таңдағы қажеттіліктерінің бастысы тәрбие деген тұжырымға келуге болады.

Ұлттық жіктелім бойынша жасалған корреляциялық талдауда әр түрлі ұлт өкілі болып табылатын жастардың бойында әр түрлі қасиеттердің тәрбиеленуі керектігін атағандары көрінеді. Мәселен, қазақ жастары басқа ұлт өкілдеріне қарағанда мынадай қасиеттердің қажеттілігін айтады: төзімділік пен патриотизм, ал орыс жастары-парасаттылық пен мақсаттылық, басқа ұлт өкілдері – мейірімділік, жанашырлық пен құрмет деп санайды. Айта кету керек, айырмашылықтар бар, дегенмен, елеулі емес.

9.2 Жастардың өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне жауапты құрылымдар туралы пікірлері

Сауалнаманың тағы бір маңызды сұрағы - *"Сіз қалай ойлайсыз, ең алдымен қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне кімнің жауапты болуы керек?"*. Басым көпшіліктің пікірі бойынша (79,3%), жастар тәрбиесімен отбасының айналысуы тиіс. Отбасы жастардың бойында барлық қасиеттерді қалыптастыруға міндетті. Респонденттер отбасымен қоса жастар тәрбиесінде мектептің (7,2%), жастардың дамуы мен қолдауына жауапты мемлекеттік органдардың (4,1%), адамның ортасының (достары мен замандастары) – 2,1%, қоғамдық ұйымдардың (1,5%) маңыздылығын атаған (42-кесте).

42-кесте. "Сіз қалай ойлайсыз, ең алдымен қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне кімнің жауапты болуы керек?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	<i>Қасиет</i>	<i>%</i>
1	Отбасы	79,3
2	Мектеп	7,2
3	Жастардың дамуына және қолдауына жауапты мемлекеттік органдар	4,1
4	Достары мен замандастары	2,1
5	Қоғамдық ұйымдар	1,5
6	Мешіт, шіркеу	1,4
7	Телеарналар мен БАҚ	1
8	Әскер	0,6
9	Еңбек ұжымы, сыныптастары мен группаластары	0,4
10	Театрлар, мұражайлар, көрмелер	0,3
11	Кітапханалар, оқу залдары	0,2

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Өскелең ұрпақ бойында қалыптасуы тиіс қасиеттердің үздік бестігі: жауапкершілік, мейірімділік, жанашырлық, еңбекқорлық, отанға деген махаббат, адамдарға құрмет және адалдық. Ең аз дәрежеде маңызды деп танылған қасиет: қиял, діндарлық /дінге сыйынушылық және ақыл.

2. Үздіктер бестігіне кірген қасиеттер (сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі таңдады) заманауи жастарға жетіспейтін қасиеттер. Сауалнамаға

қатысқан жастардың көбісінің тәрбиенің қажеттілігі туралы баса айтуына карағанда, олардың бүгінгі таңдағы қажеттіліктерінің бастысы тәрбие деген тұжырымға келуге болады.

3. Жастардың басым көпшілігі өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты субъект ретінде отбасы институтын атады, жастардың пікірінше отбасында адамға қажетті барлық қасиеттердің алғышарттары қалыптасады.

Болжам:

Жақын болашақта Қазақстанда отбасының жастарды тәрбиелеудегі ең басты әлеуметтік институт ретіндегі маңыздылығы сақталып қалады, өйткені, отбасы мен отбасылық құндылықтар халықтық құндылықтар арасындағы, соның ішінде жастардың құндылықтарының арасында ең үздік деп танылған.

Ұсыныстар:

Басқа (отбасынан өзге) әлеуметтік институттардың өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі рөлінің айтарлықтай еместігін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының (атап айтқанда, жастар арасында ең танымал түрі Ғаламтор мен телеарналардың) тәрбиелік әлеуеттерін тәрбиелік бағыттағы арнайы бағдарламалар арқылы және жастардың әр түрлі санаттарына бейімделген жұмыстар арқылы үдету ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қазақстандық қоғам өмірдің барлық салалары бойынша трансформациядан өтті. Қазақстан ментальды тұрғыдан алғанда бірнеше мәдени жазықтықтардың тоғысында тұр, солардың негізінді бүгінгі бірегей қазақстандық бірлік қалыптасады.

Қазақстанның жастары әлеуметтік өзгерістерге ең сезімтал топ болып келеді, жастар жаһандық мәдени импульстерді қабылдауға бейімдірек. Сонымен қатар, ортақ ерекшеліктеріне, өмірлік тәжірибелерінің және жеткілікті білімдерінің жоқтығына байланысты жастар көптеген құндылықтар мен ұстанымдар алдында әлсіз.

Мұндай жағдайда жастардың санасы тұрақсыздықпен, эклективтілікпен. Осының салдарынан құндылықтар мәселесіне ғылыми қызығушылық та артады, ал бұл қоғамдағы құндылықтар жүйесі атқаратын қызметтердің нормативтік-реттеуші сипатына негізделген.

Осы зерттеу төңірегінде қазіргі заманғы қазақстандық жастардың негізгі тыныс-тіршілік салаларындағы құндылықтар анықталды: отбасы, "басқа топтарға" қатысты төзімділік, саясат, дін, денсаулық және мәдени өмірі.

Тұтастай алғанда, біз Қазақстан жастары үшін ең басты құндылықтың ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан отбасы, денсаулық, достық екендігін көріп отырмыз, олар дәстүрлі құндылықтардың қазіргі заманғы қоғамда да басым екендігін білдіреді.

Отбасы

Жастардың мінсіз отбасы туралы пікірлерінің қалыптасуына дәстүрдің де ықпал ететіндігі сөзсіз. Заманауи қазақстандық жастардың санасында мінсіз отбасының патриархат сипатында болатындығы туралы пікірлері басым, алайда, жастардың эгалитарлық отбасын құрғысы келетіндері де жеткілікті.

Жастардың көпшілігі некенің ресми тіркелуінің міндетті болуын қолдайды, дегенмен зайырлы болып қалады, некенің діни рәсім арқылы қиылуына қарағанда заңдастырылуы маңызды деп санайды.

Жастар санасында отбасын құрып, некеге тұрудың басты себебі ретінде сүйікті адаммен бірге болу себебі ең табиғи және міндетті шарт ретінде қалыптасқан. Бұл ретте, әлеуметтік ("Барлығы отбасын құрады, осылай қалыптасқан") және әлеуметтік-биологиялық ("Балалы болу ниеті") себептер екінші, тіпті үшінші орынға шеттейді.

Алайда, айта кету керек, отбасылық құндылықтардың белгілі дағдарысы - толық отбасына құндылық ретінде басты назар аудару қазіргі жастардың толық емес отбасының болатындығын жақсы білетіндіктерін, сондықтан отбасының толық болмауынан сақтанатындығын білдіреді.

"Басқа топтарға" төзімділік

Қазақстан жастарының әлеуметтік қашықтықты дәстүрлі емес сексуалдық бағдардағыларға және иммигранттар мен шетелдік жұмысшылар тобына қатысты сезінетіндігін көреміз, ал ең азы - некенің ресми тіркеуінсіз бірге тұратындар мен басқа этникалық топ (ұлт).

Қазақстандық жастардың басым көпшілігі полиэтникалық қоғамда өмір сүргенді қалайды деген тұжырым жасаймыз, бұл басқа ұлттарға қатысты төзімділік деңгейінің барынша жоғары екендігін білдіреді.

Неке қию кезінде болашақ зайыбының/жарының ұлты маңызды деген пікірді жастардың жартысынан көбі ұстанған, бұл ел жастарының санасында эндогамдылыққа қатысты қалыптасқан ұстанымның бар екендігін көрсетеді, бұл жағдай көбінесе қазақ жастарына тән. Жалпы, Қазақстан жастары ұлтаралық некеге қатысты көзқарастарының позитивтілігімен сипатталады, бұл мәселе бойынша неғұрлым оң көзқарас орыс жастары арасында байқалады, ал қолдаушылар аз - қазақ жастары мен өзге ұлт жастары арасында.

Саясат

Қазақстан жастарының көпшілігі өздері өмір сүріп жатқан қоғамды әділ деп санайды. Заманауи Қазақстан жастарының көпшілігінің ел патриоттары екендігін, өз елінде тұратындығын мақтан тұтатындығын көреміз. Бұл көбінесе түпкілікті ұлт өкілдеріне тән.

Ел жастарының басым бөлігі болашаққа нық сеніммен қарайды. Сонымен қатар бұл жастардың өз мемлекетіне сенім білдіретіндігін және бойларындағы патриотизмнің қалыптасқандығын білдіреді.

Жастардың басым бөлігі мемлекет қоғам өміріне белсенді қатысуға міндетті деп санайды. Жас қазақстандықтардың көпшілігінің пікірінше даму барысында Қазақстан өзіндік жолмен жүруге міндетті. Сонымен қатар жастар Қазақстанға кейбір елдің тәжірибесі тиімді болар еді деген пікірде, бұл орайда ұлттық және мәдени жақындық та маңызды (орыстар Ресейді таңдайды), діни ынтымақтастық та маңызды (қазақтар жақын шығыс елдерін таңдайды).

Жастардың сайлауға қатысу көрсеткіштерінің төмендігіне қарамастан (тек әрбір бесінші қазақстандық сайлауға қатысып отырады) саяси белсенділіктің осы түрі ел жастары арасында ең кең тараған белсенділік түрі болып отыр.

Жастардың саясат туралы ақпарат алу көздері арасында (бағдарламалық мақалалардың мазмұны туралы) телеарналар үздік болды, Ғаламтор желісінің де маңыздылығы үдеп отыр, оны жастар бір-бірімен араласу үшін ғана емес, саясат туралы ақпарат алу үшін пайдаланады.

Қазақстанның жастары арасындағы ең танымал жастар жобасының үштігіне мыналар жатады: "Жасыл ел" жастар еңбек отряды", "Жайдарман ойындары" және "Жастар кадрлық резерві", алайда, қатысу дәрежесі 9% ғана.

Қазақстан жастарын бүгінгі таңда толғандырып отырған ең өзекті мәселе және мемлекет тарапынан қолдауды қажет ететін салалар (жастар

жобасы түрінде): жастарды жұмысқа орналастыру, жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, девиантты мінез-құлық, діни экстремизм.

Дін

Жастардың қазіргі Қазақстандағы діндарлығы айтарлықтай жоғары емес. Жастардың дінге көзқарастарының басым үлгісі өздерін діндарлармен сәйкестендіру болып табылады, бірақ қауымдастықтың өміріне араласу белсенділіктері төмен. Белсенді діндарлардың және барлық діни нормаларды сақтайтындардың, діни қауымдастықтардың өміріне үнемі ат салысатындардың орташа көрсеткіші 10% аспайды. Дінді жастар негізінен этникалық салт-дәстүрлердің бір бөлігі ретінде қарастырады, бұл ретте өзін белгілі діни конфессияларға жатқызуы діни сенімнің болмауына және дінге қарсылығының туындауына ұласады.

Ғибадатханаларға бару жағдайындағыдай (барлық жастардың төрттен бір бөлігі) ғибадат орындарына апта сайын барады, жас қазақстандықтардың көпшілігі діни рәсімдер жасайды. Қажетті діни рәсімдерді атқару қарқыны ең алдымен адамның дінге қатысты көзқарасына байланысты (діндар деп өзін санауына байланысты), конфессиялық тиістілігіне және жас ерекшелігіне байланысты. Діни рәсімдерді атқару жиілігі ислам дінін ұстанған ер адамдар арасында басым, ересек жастардың діни рәсім атқарудағы көрсеткіштері жоғары.

Жалпы алғанда, жас қазақстандықтардың көпшілігі (шамамен 70%) діннің рухани-адамгершілік тәрбиеге ықпалын мойындайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бір бөлігі діннің қылмыстың өршуі, маскүнемдік және нашарлық сияқты мәселелерді шешуге көмектесетіндігін айтады. Әрбір бесінші адам дінді жастар тәрбиесіне араластыруға қарсылығын білдірді, тәрбие мәселесі бойынша шешуші рөл әлеуметтік институттарға - отбасына, білім беру орындары және мемлекетке тиесілі деген пікірде.

Денсаулық

Заманауи Қазақстан жастарының салауатты өмір салтына қатысты көзқарастары, дұрыс тамақтану және спортпен айналысуға қатысты ойлары позитивті.

Жастардың басым көпшілігі өзіне немесе өзінің маңындағыларға қатысты физикалық зорлық-зомбылықты барынша сирек кездестірген. Физикалық зорлық-зомбылық көру немесе сондай жағдайларға кездесу мәселесі әрбір жетінші адамға қатысты. Көбінесе физикалық зорлық-зомбылық жастарға қатысты жасалады - құрдастарының тарапынан және сыныптастарының тарапынан, бұл физикалық зорлық-зомбылық жасаушының девиантты мінез-құлықты жастар қатарына жататындығын білдіреді. Орта есеппен әрбір оныншы жас жігіт ата-аналар тарапынан болатын, ал әрбір жиырмамыншы тұлға – мұғалімдер тарапынан болатын физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Жастардың жартысынан көбі спорт залдарына, стадионға немесе бассейнге барады. Спортпен тұрақты шұғылданатындары 30%, қалған 70% спорт залдарына мүлде бармайды немесе барады, бірақ тұрақты түрде емес.

Жас ер адамдар әйелдерге қарағанда темекіні бес есе жиі тартады, бұл жанама түрде әйел адамдардың темекі шегуінің бұрынғыдай девиация ретінде қабылданатындығын білдіреді. Темекі тартатын жастардың арасында шамамен үштен екісі үнемі, күнде тартады, жасы ұлғаюына байланысты темекі шегудің қарқыны артады.

Жастардың басым көпшілігі өзіне немесе өзінің маңындағыларға қатысты физикалық зорлық-зомбылықты барынша сирек кездестірген. Физикалық зорлық-зомбылық көру немесе сондай жағдайларға кездесу мәселесі әрбір жетінші адамға қатысты. Көбінесе физикалық зорлық-зомбылық жастарға қатысты жасалады - құрдастарының тарапынан және сыныптастарының тарапынан, бұл физикалық зорлық-зомбылық жасаушының девиантты мінез-құлықты жастар қатарына жататындығын білдіреді.

Мәдени өмірі

Телеарнаның Қазақстан жастары үшін ақпарат алатын негізгі көз ретінде маңыздылығы сақталған, алайда, әлеуметтік желі сияқты ақпарат көзі жастар арасында телеарналық шығарылымдардан басым түсіп отыр және жастардың барлық санаттары бойынша үздік болып танылды. Жиілігі бойынша жастар баратын орындар арасында үздіктер ойын-сауық сипаттағы орындар болып отыр, интеллектуалдық түрде бос уақытты өткізу (кітапханаға, көрмелер, мұражай, театр) көрсеткіштері төмен, сондықтан жастар арасында танымал емес.

Кітап оқу қазіргі қазақстандық жастар өмірінде бар, бірақ қазіргі ұрпақтың ата-аналарының жастығымен салыстырғандағы айырмашылығы - кітап оқудың біздің заманымызда көркем әдебиетке қызығушылық түрінде емес, жаңалықтарды, Ғаламтор-ресурстарын, ойын-сауық тақырыптарына жасалатын үндеулерді жылдам және жеңіл қабылдауды қамтамасыз ететін, қысқа және ыңғайлы форматта ұсынылатын ақпарат арқылы туындайтындығында болып отыр.

Отандық жастардың музыкалық талғамдары бойынша үздік болғаны батыс музыкасы, қазіргі заманғы бұқаралық мәдениет. Музыкалық таңдау жасауда этникалық тиістілігі маңызды рөл атқарады. Мұндай маңыздылықты әр түрлі ұлт өкілдері болып табылатын жастардың ұлттық ерекшелігі бойынша музыкаға жасалатын таңдаумен түсіндіруге болады, бұл орайда жастардың күнделікті араласу тілдері, қарым-қатынас ортасы, өзін белгілі мәдениет топтамасына жатқызуы маңызды.

Ғаламтор қазақстандық жастардың барлық топтамаларының бос уақыттарын мәдени өткізуін қамтамасыз ететін әмбебап құрал. Ғаламторды мүлдем пайдаланбайтын жастар 4% аспайды. Жас қазақстандықтардың басым көпшілігі (82,2%) Ғаламторды күн сайын пайдаланады.

Жастардың көпшілігі бірнеше әлеуметтік желілерде бар және өз аккаунттарын тіркеген. Ең көп таралған әлеуметтік желілер WhatsApp, ВКонтакте және Instagram – барлық үш әлеуметтік желілер тіркелушілері бойынша 60%. 7. Жастардың басым көпшілігі әлеуметтік желінің өмір салтына әсеріне оң баға береді. Жастар әлеуметтік желілерде ең алдымен қажетті ақпаратты жылдам тауып алады, оқуға және қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады.

Жалпы алғанда, жастарға әлеуметтік желілердің теріс ықпалы туралы сөз қозғайтын болсақ, оның денсаулыққа, оқуға және қоршаған ортамен қарым-қатынасқа нұқсан келетіндігін айтуға болады. Оң бағалау басым - желі әсеріне оң баға беретін жастар үлесі, желінің әсеріне теріс баға бергендерден басым. Жалпы алғанда, көрсеткіштер соңғы жылы (2016 жылғы деректермен салыстырғанда) Қазақстан жастарының құндылықтарының елеулі өзгерістерге ұшырамағандығын дәлелдеп отыр. Бұл жас қазақстандықтардың және жалпы қоғамның өмірінің тұрақтылығын білдіреді.

Жаһанданудың күн сайын үдеуін ескере келе **жастардың** құндылықтарының *құрамындағы* патриархаттық сипат, некенің эндогамдылығы, дұрыс тамақтанудың маңыздылығы, еңбектенудің маңыздылығы сияқты құндылықтардың төмендейтіндігін болжауға болады.

Сонымен қатар *бірқатар* көрсеткіштердің артуы да орын алатын болады, мәселен, Галамтор-ресурстарды оқуда пайдалану, жұмыс барысында және демалыс барысында пайдалану, отбасындағы эгалитарлық, отандық мәдениетке қызығушылық (атап айтқанда, отандық музыкаға), спорт залдарына бару және спортпен шұғылдану.

Жақын болашақта *өзгермейтін* жайт - ел жастарының саяси және діни салалардағы белсенділіктері.

Жалпы жақын болашақта жастардың құндылықтарының құрамында айтарлықтай өзгерістер орын алмайды.

Жастардың құндылықтың бағдарларын түзету мақсатында жасалатын **ұсыныс** - негізгі үш бағыт бойынша жұмыстар атқару:

1. жастармен атқарылатын *тәрбиелік жұмыстарды* оңтайландыру - оқу орындарында қажетті құндылықтарды насихаттау, жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне бағытталған шаралар атқару, жастардың Қазақстанның мәдени, спорттық, ғылыми элитасының өкілдерімен кездесуін ұйымдастырып, интербелсенді түрде өткізу қажет;

2. бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбиелік әлеуеттерін үдету, *БАҚ ақпараттық-насихаттық шараларын* дәстүрлі құндылықтарды танымал етуге, салауатты өмір салтын, еңбектің маңыздылығын, белсенді саяси әрекетті насихаттауға бағыттау, БАҚ жастар жобалары бойынша түсіндіру жұмыстары үшін барынша кеңінен пайдалану, БАҚ белсенді жастар образын (атап айтқанда, әлеуметтік желілерде) насихаттау үшін пайдалану;

3. *әлеуметтік зерттеулер жүргізу* - заманауи жастардың құндылықтар құрамының өзгеруін анықтауға, жастардың өмірлерінің деструктивті діни ағымдарға тартылуы, физикалық зорлық мәселелері және жастар арасындағы теңсіздік сияқты реттестірілуі күрделі салаларын зерттеуде сапалық әдістерді пайдалану.

Жастардың құндылықтарын зерттеудің өзектілігі келешекте де сақталатын болады, өйткені, заманауи жастардың құндылықтарының құрылымдарындағы өзгерістер тенденциясы қазақстандық қоғамның жалпылама трансформациялануының келешектегі бағыттарын меңзейтін болады.

ҚОСЫМШАЛАР

Жастармен жүргізілетін сауалнама сұрақнамасы

Құрметті респондент! Менің есімім _____ . Мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының интервьюерімін (Астана қаласынан). Сіздің қазақстандық жастардың құндылықтарын зерттеуге арналған әлеуметтік сауалнамаға қатысуыңызды өтінеміз. Сізге бірнеше сұрақ қойылады және жауап нұсқалары ұсынылады. Осы сұрақтар мен ұсынылған жауаптардың нұсқаларын толық тыңдап алыңыз да, Сізге қолайлы жауапты таңдаңыз. Егер ұсынылған жауап нұсқаларының ешқайсысы Сіздің ойыңызға сай келмейтін болса, өз жауабыңызды «басқа» бағанында көрсетіңіз.

Алынған ақпараттар жек жалпылама түрде қолданылатын болады.

Сіздің пікіріңіздің жасырын және құпия түрде сақталатындығына кепілдік беремін.

ӨМІРГЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ӨМІРЛІК БАСЫМДЫҚТАР

1. Жалпы айтар болсақ, Сіз өзіңізді...

1. Бақытты адаммын
 2. Бақытты адам шығармын
 3. Бақытсыз адам шығармын
 4. Бақытсыз адаммын деп санайсыз немесе
- (99) Жауап бере алмаймын

2. Сіз үшін өмірде ең басты құндылық не? (жауаптың НЕБӘРІ ҮШ НҰСҚАСЫН белгілеуге болады)

1. Сенім, дін
 2. Отбасы
 3. Кез-келген түрдегі ләззатты алу, ойын-сауық
 4. Билік
 5. Достық
 6. Жан дүниенің тыныштығы
 7. Денсаулық
 8. Білім
 9. Қызықты жұмыс, кәсіп
 10. Махаббат
 11. Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген өмір
 12. Қоғамдық мәртебе, танымалдылық
 13. Адамдарға жәрдемдесу
 14. Өзін өзі жетілдіру, сыйлау
 15. Лауазымдық мансап, қоғамдағы бедел
 16. Шығармашылық
- (99) Жауап бере алмаймын

3. Сіз өмірде кім болғыңыз келеді? (жауаптың НЕБӘРІ ЕКІ НҰСҚАСЫН белгілеуге болады)

1. Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адам
2. Жақсы жанұя басы
3. Кәсіби маман, жақсы жұмыскер
4. Лайықты азамат
5. Танымал тұлға
6. Адал, ұстанымы берік жан
7. Аса өнегелі адам
8. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

4. Сіз қалай ойлайсыз, адам өміріндегі еңбектің рөлі қандай? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Еңбек адамды тұлға ретінде дамытатын өмірлік қажеттілік
2. Еңбек материалдық қамтамасыздандырылу көзі ретінде қажет
3. Еңбектену үнемі жетістікке жеткізе бермейді, бастысы сәттілік, жақсы туыстар мен достық байланыстар

4. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

5. Сіздің пайымдауыңызша «Мінсіз отбасы» – бұл ең алдымен? (жауаптың НЕБӘРІ ҮШ НҰСҚАСЫН белгілеңіз)

1. Толық отбасы, демек, екі ата-ананың да болуы керек
2. Үлкендерге қатысты сыйластық орнаған отбасы
3. Ерлі-зайыптылар ресми тіркелген заңды некеде тұратын отбасы
4. Ері отбасының материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуіне, ал зайыбы үйдегі берекеге жауапты отбасы
5. Ерлі-зайыптылар бір-біріне адалдықты сақтаған отбасы
6. Ерлі-зайыптылар тең құқылы және бір-біріне тәуелсіз отбасы
7. Көп балалы отбасы
8. Бір немесе ең көбі екі бала бар отбасы
9. Өмір бойы бірге болуға ұмтылатын (отбасын сақтап қалуға тырысатын) отбасы
10. Аталар мен әжелер немерелерімен бірге тұратын отбасы
11. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

6. Сіздің ойыңызша отбасында кімнің «басшы» болуы керек? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Әкесі
2. Анасы
3. Әкесі мен анасының тең құқылы болуы керек
4. Отбасының барлық мүшелерінің, балаларды қоса алғанда, тең құқылы болулары керек

5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

7. Сіз қалай ойлайсыз, некені АХАЖ тіркеу міндетті ме немесе отбасын құруға ниетті жандар ресми тіркеусіз де өмір сүре ала ма? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Некені міндетті түрде АХАЖ тіркеу керек
2. Жоқ, некені тіркеу міндетті емес
3. Діни рәсім жасау жеткілікті (неке, никях, шіркеуде сақина салу және т.б.)
4. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

8. Сіз үшін неке қиюда басты себептің не болуы мүмкін? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Ата-анам мен туыстарымының кеңесі
2. Сүйікті адаммен бірге болуды қалау
3. Балалы болуды қалау
4. Жалғыздықтан қорқу, қартайғанда жалғыз қалудан қорқу
5. Қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу

- 6. Барлығы неке кидырады, осылай қалыптасқандықтан
 - 7. Басқа (жазыңыз) _____
- (99) Жауап бере алмаймын

9. Жар таңдау барысында Сіз үшін екінші адамның ұлты (қандай да бір этникалық топқа жатуы) маңызды ма? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

- 1. Иә
 - 2. Жоқ
 - 3. Басқа (жазыңыз) _____
- (99) Жауап бере алмаймын

10. Сіздің ойыңызша бала бойынша ең бастысы қандай қасиетті қалыптастыру керек? (жауаптың НЕБӘРІ ҮШ НҰСҚАСЫН белгілеңіз)

- 1. Тәуелсіздік, өзін-өзі билеушілік
 - 2. Еңбексүйгіштік
 - 3. Жауапкершілікті сезіне білу
 - 4. Отанға деген махаббат
 - 5. Өз этникалық тобының (ұлтының) салты мен дәстүрін құрметтеу
 - 6. Өзгелерге түсіністікпен қарау, шыдамдылық таныту
 - 7. Ұқыптылық (ақша мен заттарға ұқыпты болу)
 - 8. Батылдық, бір беттілік
 - 9. Діндарлық
 - 10. Адал ниеттілік
 - 11. Тіл алғыштық
 - 12. Басқа (жазыңыз) _____
- (99) Жауап бере алмаймын

11. Сіз ұлтаралық некелерге қалай қарайсыз? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

- 1. Дұрыс, ұлтаралық некелер Қазақстан халықтарын бірлікке жұмылдырады
 - 2. Дұрыс шығар, жар/жұбай таңдауда ұлт (белгілі этникалық топқа жатуы) маңызды емес
 - 3. Бейтарап, әркім жарды/зайыбын таңдауда ерікті
 - 4. Дұрыс емес шығар, ұлтаралық некелердің қиыншылықтары көп
 - 5. Дұрыс емес, ұлтаралық неке ажырасумен тынады
- (99) Жауап бере алмаймын

ҰЛТАРАЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІК

12. Біздің қоғамда әр түрлі адамдар көп. Төменде адамдардың әр түрлі топтамалары көрсетілген. Кіммен көрші БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛМЕЙТІНДІГІН көрсетіңіз (әрбір жолақ бойынша жауаптың бір нұсқасын белгілеңіз)

	Мүлде қарсымын	Қарсымын, кейбір жағдайларда ескеретін болсақ	Қарсы шығармын	Маған бәрібір	Жауап бере алмаймын
1) Басқа этникалық топ (ұлт) өкілдері	1	2	3	4	99
2) Иммигранттар мен шетелдік жұмыскерлер	1	2	3	4	99

3) Басқа дінге сенетін (діні өзге) адамдар	1	2	3	4	99
4) АХАЖ тіркелген заңды некесі жоқ, бірге тұратын адамдар	1	2	3	4	99
5) Сізге бейтаныс тілде сөйлейтін адамдар	1	2	3	4	99
6) Оралмандар	1	2	3	4	99
7) Сексуалдық бейімділігі дағдыға жат адамдар	1	2	3	4	99
8) Басқа	1	2	3	4	

13. Қайда тұрғыңыз келеді? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Әр түрлі этникалық топ (ұлт) өкілдері көп қалада
2. Негізінен менің этникалық тобымның (ұлтымның) өкілдері көп қалада
3. Әр түрлі этникалық топ (ұлт) өкілдері көп ауылда
4. Негізінен менің этникалық тобымның (ұлтымның) өкілдері көп ауылда
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

14. Сіз болашақта Қазақстан қандай болады деп елететесіз? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Полиэтникалық (көп ұлтты) мемлекет, халқы түгелдей мемлекеттік (қазақ) тіл мен орыс тілін меңгерген
2. Полиэтникалық (көп ұлтты) мемлекет, халқы түгелдей мемлекеттік (қазақ) тілді, орыс тілі мен шет тілін меңгерген
3. Полиэтникалық (көп ұлтты) мемлекет, халқы тек мемлекеттік (қазақ) тілде сөйлейді
4. Моноэтникалық ел, мемлекеттік (қазақ) тілді, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген бір нәсіл (түпкілікті ұлт) тұратын ел
5. Моноэтникалық ел, мемлекеттік (қазақ) тілді ғана меңгерген бір нәсіл (түпкілікті ұлт) тұратын ел
6. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУ

15. Сіз төмендегілердің қайсысын соңғы апта ішінде оқыдыңыз, қарадыңыз немесе тыңдадыңыз? (әр жолақ бойынша жауаптың бір нұсқасын белгілеңіз)

	Пайдаланды	Пайдаланған жоқпын	Жауап бере алмаймын
1) Газеттер/журналдар баспа үлгісінде	1	2	99
2) Газеттер/журналдар электронды үлгісінде	1	2	99
3) Жаңалық сайттары	1	2	99
4) Телеарналардың жаңалық топтамалары	1	2	99

5) Кітаптар, онлайн және электронды түрлерін қоса алғанда	1	2	99
6) Радиолардың жаңалық топтамалары	1	2	99
7) Әлеуметтік желілерден	1	2	99

16. Келесі орындарға қаншалықты жиі барасыз? (әр жолақ бойынша жауаптың бір нұсқасын белгілеңіз)

	Ешқашан	Көп болса 1-2 рет жылына	жылына 3- 6 рет	Айына 1 рет	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 реттен артық	Жауап бере алмаймын
1) Бар/Дәмхана/Мейманхана	1	2	3	4	5	6	99
2) Кітапхана	1	2	3	4	5	6	99
3) Көрмелер	1	2	3	4	5	6	99
4) Зообақ	1	2	3	4	5	6	99
5) Ойын-сауық орталықтары	1	2	3	4	5	6	99
6) Кинотеатр	1	2	3	4	5	6	99
7) Компьютерлік клуб	1	2	3	4	5	6	99
8) Мұражай	1	2	3	4	5	6	99
9) Түнгі би клубы	1	2	3	4	5	6	99
10) Сұлулық салоны	1	2	3	4	5	6	99
11) Спор залдары	1	2	3	4	5	6	99
12) Театр, концерт	1	2	3	4	5	6	99
13) Шіркеу/Мешіт	1	2	3	4	5	6	99

17. Сіз қазір қандай да бір көркем әдебиетті оқып жатырсыз ба? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Иә
2. Жоқ

(99) Жауап бере алмаймын

18. Сіз Ғаламторды қаншалықты жиі пайдаланасыз (кез-келген тасымалдауыш арқылы)? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Мүлде пайдаланбаймын
2. Күн сайын
3. Аптасына бірнеше рет
4. Айына бірнеше рет

(99) Жауап бере алмаймын

19. Сізде қандай әлеуметтік желіде аккаунт бар? (бірнеше жауап)

1. ВКонтакте
2. Facebook
3. Instagram
4. Snapchat
5. WhatsApp
6. Мой мир - mail.ru
7. Одноклассники
8. Twitter
9. Әлеуметтік желілерде аккаунтым жоқ

20. Сіз қалай ойлайсыз, әлеуметтік желілер Сіздің өмір салтыңызға КЕРІ ӘСЕР ете ме? (жауаптың НЕБӘРІ ҮШ НҰСҚАСЫН белгілеңіз)

1. Денсаулығымға нұқсан келтірді, көру қабілетім нашарлады, бүкірейе бастадым
 2. Оқуыма нұқсан келтірді, бағаларым нашарлап кетті
 3. Назарыма нұқсан келтірді, есте сақтау қабілетім нашарлады
 4. Сөйлеу мәнеріме нұқсан келтірді, виртуалды әлемнің "сленгтерін" пайдаланатын болдым
 5. Ата-анаммен қарым-қатынасыма нұқсан келтірді
 6. Сүйікті жігітіммен/қызыммен қарым-қатынасыма нұқсан келтірді
 7. Өзіме беретін бағаға нұқсан келтірді
 8. Басқа (жазыңыз) _____
 9. Маған кері әсер етпейді, нұқсан келтірмейді
- (99) Жауап бере алмаймын

20. Сіз қалай ойлайсыз, әлеуметтік желілер Сіздің өмір салтыңызға ДҰРЫС ӘСЕР ете ме? (жауаптың НЕБӘРІ ҮШ НҰСҚАСЫН белгілеңіз)

1. Оқу үлгіріміме жақсы әсер етті, қажетті материалды қашан да тауып аламын
 2. Жақсы әсер етті, кез-келген ақпаратты дереу тауып аламын
 3. Жақсы әсер етті, көптеген виртуалды достар пайда болып, кейін шынайы өмірде таныстық
 4. Жақсы әсер етті, өз ойыңды айтатын мүмкіндік пайда болды
 5. Жақсы әсер етті, шетелде оқу/тәжірибе алу мүмкіндігі пайда болды
 6. Жақсы әсер етті, қосымша қаржы жұмсамастан шет тілін өз бетімше үйрене аламын
 7. Басқа (жазыңыз) _____
 8. Маған оң әсер етпейді
- (99) Жауап бере алмаймын

22. Сіз негізінен қандай музыканы тыңдағанды қалайсыз? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Классикалық музыка
 2. Заманауи батыс музыкасын (америкалық, британдық, француздық және т.б.)
 3. Заманауи ресейлік поп-музыка
 4. Заманауи қазақстандық поп-музыка
 5. Ұлттық музыка
 6. Басқа (жазыңыз) _____
 7. Мен музыка тыңдамаймын
- (99) Жауап бере алмаймын

САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ТІЛДІК АХУАЛ

23. Сіз қалай ойлайсыз, Сіз өмір сүріп жатқан қоғам әділ ме? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Иә, мен әділ қоғамда өмір сүріп жатырмын
 2. Келісетін шығармын
 3. Қарсы шығармын
 4. Жоқ, мен өмір сүріп жатқан қоғам әділ емес
- (99) Жауап бере алмаймын

24. Қазақстандық қоғам үшін ең маңыздысы не? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Мемлекеттің қоғамға қатысты маңызының зор болуы керек
2. Мемлекеттің қоғам өміріне араласпауы керек

3. Маған бәрібір, өз мүддем мен шаруам бар
(99) Жауап бере алмаймын

25. Төмендегілердің қайсысының Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне жататындығын көрсетіңіз? (біренеше жауап таңдауға болады)

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Мемлекеттік ту
3. Мемлекеттік елтаңба
4. Мемлекеттік әнұран
5. Қазақстан Республикасының Заңнамалары
6. Қазақстандық валюта - теңге
7. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі
8. Астана қаласындағы Бәйтерек
9. Шаңырақтың белгісі
10. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

26. Сіз қалай ойлайсыз, даму барысында Қазақстан қай мемлекетті үлгі етуі керек? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Орталық-Азия елдері (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан)
2. Жақын Шығыс елдері (Араб Әмірліктері, Сауд Аравиясы және т.б.)
3. Ресей
4. Қытай
5. Батыс Еуропа елдері (Ұлыбритания, Франция, Нидерланды, Скандинавия және т.б.)
6. Америка Құрама Штаттары
7. Шығыс елдері мен Азияның Оңтүстік-Шығыс елдері (Жапония, Малайзия, Оңтүстік корей және т.б.)
8. Ешкімге де қарау керек емес, Қазақстанның өз жолы бар
9. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

27. Қазақстанда тұратыңызды қаншалықты мақтан тұтасыз? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Мен үнемі Қазақстанда тұрмаймын
2. Керемет мақтан етемін
3. Мақтан ететін шығармын
4. Маған бәрібір, айырмашылығы жоқ
5. Мақтан тұта қоймаймын
6. Мүлде мақтан етпеймін

(99) Жауап бере алмаймын

28. Сіз сайлауға қатыстыңыз ба? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Үнемі қатысамын, сайлаулардың ешқайсысын жібермеймін
2. Уақыт болса сайлауға қатысуға тырысамын
3. Өте сирек, сәті түсіп жатса қатысамын
4. Ешқашан сайлауға қатысқан емеспін, жасым әлі кәмелетке толмаған
5. Жоқ, қатыспаймын, бұл маған қызықты емес
6. Жоқ, бұл менің өміріме қандай да бір жақсы өзгеріс әкеледі деп ойламаймын
7. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

29. Сіз болашаққа қандай сезіммен қарайсыз? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Үмітпен және оптимизммен
2. Бір қалыпты, айтарлықтай өзгерістерді байқамаймын
3. Алаңдаушылықпен және сенімсіздікпен
4. Қорқынышпен және ашынумен
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

30. Сіз Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее – модернизация общественного сознания») Бағдарламалық мақаласымен танысыз ба??

